Егеменді Қазақстандағы жаңғырту процестерін жүргізудің бастапқы кезеңі елдегі және қоғамдағы өмір сүріп тұрған саяси дәстүрлер, мәдениет, тәжірибе, тоталитарлық мемлекеттің мемлекеттік, саяси институттары негізінде дамыды. Қазақстандағы саяси жаңғырту және барлық жаңғырту кешенін жүргізудің алғашқы кезеңінің еркселіктері мен айрықша белгілерін бағалай келе, социалистік құрылыстан қалған қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайға назар аудармай кетуге болмайды.

Кеңестік жүйе халықтың мүдделері мен қажеттіліктерінің табиғи дамуына емес, азаматтарды ұжымдық ерік-жігер мен ортақ мақсаттарға бағындыруға негізделді. Бұл жүйенің өзгеріп жатқан жағдайларға бейімделуі мен дамуының эволюциялық мүмкіндіктерін айтарлықтай тежеді. Әлеуметтік жүйенің дамуының субъектілері азаматтардың мүдделері мен қажеттіліктері емес, биліктің тоталитарлық инсти-туттары болды. Қазақстандағы саяси жаңғыртудың қазіргі заманғы типінің қалыптасуы мен жүргізіле бастауына кедергі жасаған тоталитарлық жүйеден қалған әміршіл экономика, басқару мен шешімдер қабылдаудың мемлекеттік, саяси институттары болды. Қазақстандағы жақын арадағы саяси жаңғыртуды бастауға бөгет жасаған осы объективті кедергілер мен негізгі жағымсыз сәттерді бөліп көрсете отырып, мыналарды атап айтқан жөн:

– Біріншіден, қажетті нарықтық экономика жүйесінің, жеке кәсіпкерліктің, жеке меншіктің болмауы, бәрінен бұрын нарық, бәсекелестік, еркін ұсыныс, сұраныс пен бағаның құрылуы жағдайларында халықта экономикалық белсенділік танытатын тәжірибенің болмауы. Жеке меншік, нарықтық экономика, құқық-тық мемлекет және қазіргі заманғы қоғамның тағы да басқа құндылықтары өзгеріс реформаларын іске асырудың ажырамас шарттары болып табылады. Өйткені қазіргі заманғы қоғамның нақ осы құндылықтары мен басымдықтары мемлекет пен қоғамның дамуына енгізіліп жатқан жаңа бағдарларға оңтайлы бейімделуді қамтамасыз ете алады.

– Екіншіден, азаматтық қоғам, еркін экономикалық, саяси қызмет шеңберінде халықтың әлеуметтік, мәдени даму деңгейінің, өмір, мінез-құлық дағдыларының, белсенділігінің жеткіліксіздігі. Дәстүрлі қоғамдарда өзгеріс реформаларын жүргізу, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени дамудың белгілі бір деңгейін де талап ететіндігін атап көрсету қажет. Белгілі болғанындай, кеңестік дәуірдегі адамдардың ділі батыстық құндылықтарды мүлдем қабылалмаумен айқындалған болатын. Өйткені батыстық құндылықтар жат және зиянды деп түсінілді. Айтпақшы, аталмыш ділге байланысты айтқанда, қазіргі кезеңде де кеңестік қоғамның құндылықтары ішара сақталып отырғандығын тілге тиек еткен жөн.

– Үшіншіден, Қазақстанның егемендігінің тиісті өмір шындығына сәйкес келетін мемлекеттік басқару-дың қажетті, жаңа саяси, мемлекеттік институттарының болмауы да едәуір жағымсыз әсерін тигізді. Бұл жаңа мемлекет пен қауымдастық шеңберінде азаматтардың өзін-өзі ұқсастыруы мәселесіне де теріс ықпалын тигізді. Белгілі болғанындай, кеңестік азаматтар қоғамдық өмірге КСРО-ның тоталитарлық жүйесінің дәстүрлі институттары арқылы, атап айтқанда коммунистік партия – мемлекет арқылы қатысып отырды. Кеңес Одағының күйреуімен бірге әлеуметтік жүйені ұйымдастырудың аталмыш құрылымы да келмеске кеткендігі түсінікті. Нәтижесінде бұл, зерттеудің алдыңғы тарауында егжей-тегжейлі зерттелген, ұқсастыру дағдарысын туындатты. Ол, өз кезегінде дау-жанжал мен әлеуметтік шиеленіс жағдайының туындауына себепші болды. Экономикалық жүйенің, әлеуметтік жүйенің ұйымдастырылуының енгізілген жаңа бағыттары бұрынғы әлеуметтік-мәдени басымдықтардың күйреуіне алып келді. Әлеуметтік өзара қарым-қатынастардың қалыптасқан жүйесі мен жаңа нарықтық институттардың арасындағы қарама-қайшылық тоталитарлық жүйенің дағдарысын одан әрі ушықтырып жіберді. Кеңес үкіметі туындаған күрделі проблемаларға дер кезінде тиісті деңгейде құлақ аса білмеді және аталмыш процестерге бақылау жасай алмады. Жағдай барған сайын шиеленісе түсті. Сонымен бірмезгілде дағдарыстық жағдай ойда болмаған нәтижені тудырды. Көптеген адамдар ұсынылған жаңа құндылықтар жүйесіне қарағанда, бұрыннан өмір сүріп келген кеңестік қоғам мен мемлекеттің құндылықтар жүйесі мен басым-дықтары неғұрлым тиімді деп шешті. Жалпыға ортақ масаттанудың жай-күйі, сөйгіп өткен күнге қайта оралушылықпен ауысты. Бұл жағдай дәстүрлі қоғам мен қазіргі заманғы қоғамның арасындағы әлеуметтік-мәдени қарама-қайшылықтарды

жену жөніндегі жаңғырту теориясының қағидаларын растап берді.

Белгілі қазақстандық ғалым Ә.М. Жүнісов өзінің «Власть и оппозиция: историко-теоретические аспекты» атты еңбегінде посткеңестік кеңестік елдеріндегі экономикалық, саяси және әлеуметтік процестердің өтпелі сипаты бар екендігін, олардың нәтижелері тұрақсыздықпен, белгісіздікпен ерекшеленетіндігін атап көрсетті. Өзінің еңбегінде ол «бізге өзіміздің неден кетіп бара жатқандығымыз, неден бас тартуымыз керек екендігі азды-көпті белгілі. Жалпыадамзаттық құндылықтар шегінде біздің жылжуымыздың ортақ мақсатын белгілеп көрсетуге болады. Осы мақсатқа жету нақты жолдарын таңдау қиындық тудырады. Дәл осы тұста пікірлердің ерекшеліктері байқалады, түрлі мүдделер, саяси көзқарастар мен бағыттар қақтығысады»¹. Ары қарай, Ә.М. Жүнісов көптеген батыстық зерттеушілер құндылықтардың өзінің (демократия, еркіндік, адам құқығы, конституционализм және т.б.) батыстық өркениетке қарағанда қазіргі заманғы өркениеттерде түрлі түсініктемесі бар деп есептейтіндігін атап көрсетеді. Егер олай болса, мұнда сапалық емес, «сандық» айырмашылық бар. Әңгіме әрбір халық осы құндылықтарды қалай пайдалану керектігін меңгеруді және үйренуді ұйғарған кезең мен тәжірибе жөнінде болуы тиіс екендігі ақиқат.

Егемендіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстан үкіметінің, билігінің бірінші кезектегі міндеттерін және құндылықтық өзгерістер мен факторлар тұрғысынан жаңғырту стратегиясының қалыптасуын бөліп көрсете отырып, мынандай аспектілерді атап айтуға болады. Жалпы алғанда, бүкіл әлеуметтік-саяси, экономикалық, идеологиялық, ақпараттық саясатты түбегейлі өзгертуді ойдағыдай іске асыру жолында көптеген факторларды есепке алып, қамтамасыз ету қажет болды. Қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді сақтау, реформалау субъектісін легитимациялау, материалдық және рухани жағынан жақсартуға мүмкіндік беру оң нәтижелерге негіз бола алған болар еді.

Біріншіден, егемендіктің алғашқы жылдарындағы саяси реформалардың барысы мен мазмұнын айқындау және қалыптастыру процесіндегі барынша өткір және күрделі мәселе халықтың өмірі мен әл-ауқатын әлеуметтік-экономикалық қамтамасыз ету мәселесі болды. Кеңестік экономикалық жүйенің бұзылуына алып келген қоғамның саяси жағдайы мен экономикалық жағдайының арасындағы тепе-теңдіктің үйлесімсіздігі, жұмыссыздық, инфляция сияқты объективті себептер көптеген егеменді мемлекеттердің, соның ішінде Қазақстанның да жаңа мемлекеті мен экономикасын бұзуы мүмкін. Өйткені, зерттеудің алдыңғы тарауынан белгілі болғанындай, қоғамның шиеленісті жағдайын экономикалық әл-ауқатты жақсарту арқылы женуге болады.

Жаңғырту, экономикалық көзқарас тұрғысынан алғанда, оның орындалуы мен тиімділігінің қаупін бастан кешіреді. Саяси жаңғыртудың табыстылығы мен нәтижелілігі көп дәрежеде экономикалық салада көрініс береді. Сондай-ақ, керісінше, экономикалық жағдайдың шиеленісуі жағдайында көптеген адамдар қамтамасыз етілуге кепілдік беретін, теңгермешіліктің бұрынғы әлеуметтік жүйесіне қайтып оралуды дұрыс деп ойлайды.

Қазақстандағы құндылық өлшеміндегі саяси жаңғыртудың экономикалық аспектісін қарастыра келгенде, нарықтық экономиканың механизмдерін енгізу оның құндылықтарын қатар меңгерумен бірге жүруі тиіс екендігі белгілі болып отыр. Жаңғыртудың субъектісі нарықты, онымен қарама-қатынас жасаудың мәдениетін жалпыға бірдей жағымды қабылдатуды қамтамасыз етуі тиіс. Адал бәсекелестік, жеке бастаманың көрініс беруі, серіктесті сыйлау – нарықтық экономиканың осы және басқа да басымдықтары қоғамды демократияландыруға мүмкіндік жасайды. Өйткені, аталмыш құндылықтар өзінің және басқа да индивидтердің құқықтары мен бостандықтарын мойындау мен құрметтеуді дамытады, конструктивті диалог ұйымдастыруға және т.б. мүмкіндік жасайды.

Екіншіден, саяси жаңғыртуды қалыптастырумен және іске асырумен қатар шешім қабылдаудың күрделі мәселелерінің бірі реформалардың, саяси-экономикалық өзгерістердің әлеуметтік аспектісі болып табылады. Бүкіл қоғамдағы, соның ішінде дәстүрлі қоғамдағы кез келген түбегейлі өзгеріс әлеуметтік қатынастардың жүйесі мен дәстүрлеріндегі үлкен өзгерістерге алып келетіндігі белгілі. Бәрінен бұрын бұл қоғамдағы, экономикадағы нарықтық қатынастардың пайда болуы мен дамуына алып келетін өзгерістерге қатысты. Айқын әлеуметтік жіктелу көбіне дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға өтудің элементі мен айрықша белгісіне айналады. Құндылықтық көзқарас тұрғысынан алғанда, Қазақстанның басшылығы мен билігі үшін жаңғыртудың жүргізілуі қалыпты құбылыс екендігін, ол әлеуметтік жүйені рационализациялау мен демократияландыруға мүмкіндік беретіндігін қоғамға ұғындыру аса маңызды болды. Егеменді саясаттың алғашқы жылдарынан бастап-ақ билік пен мемлекеттік органдардың экономикалық реформалардың жағымсыз формаларының көрініс беруін болдырмауға ұмтылуы кездейсоқ емес. Кедейшілік-пен,

¹ Джунусов А.М. *Власть и оппозиция: историко-теоретические аспекты.* – Алматы, 1997. – 210 с.

жұмыссыздықпен күрес мемлекеттің әлеуметтік саясатының басты нысандарының біріне айналды. Әлеуметтік проблемалар жаңғырту процесін сәтсіздікке ұшырататын шынайы және объективті негіз болып табылады.

Үшіншіден, егемендіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстандағы өмір деңгейлерінің, экономикалық деңгейдің, өндірістің көлемінің, тұтынудың құлдырауы елдегі биліктің легитимдігі мен жариялылығының қаупін арттырды. Экономикалық, әлеуметтік көрсеткіштердің төмендеуі билікке деген сенімнің де дәрежесіне ықпал етуі мүмкін еді. Сондықтан да құндылық өлшеміндегі жаңғыртудың міндеттерінің бірі елдегі басқару мен биліктің легитимділігі саясаты болды. Сайлаудың демократиялық рәсімдерінің, соның ішінде тікелей халықтық референдумның енгізілуі қоғамның билікке деген, Қазақстандағы президенттік институтқа деген сенімін ұстап қалуға мүмкіндік берді. Халықтың жаңғырту процесін қолдауы жаңғырту-дың субъектілері, реформаларды жүргізудің құралдары ретіндегі жаңа биліктік құрылымдардың легитимациясы үшін негіз жасап берді ². Сонымен бірге, билік институттарының, мемлекеттік басқару институттарының алдына нарық, егемендік жағдайында, жаңғырту процесінің талаптарына сәйкес шапшаң трансформациялаудың күрделі міндеттері қойылды.

Төртіншіден, жаңғырту саясатының жүргізілуі Одақтың бүкіл кеңістігінде ұлтаралық қатынастардың шиеленісуінің жоғарғы қаупі жағдайында жүрді. Көршілес елдер мен одақтас республикалардың саяси жаңғыртуының жағымсыз тәжірибесі ұлтаралық қатынастар саласына көңіл қоймау реформалаудың табысты жүруін тым күрделендіруі мүмкін екендігін көрсетіп берді. Дегенмен, саяси жаңғыртуды Қазақстан қоғамының көпұлттылығын есепке ала отырып қалыптастыру мен іске асыру жағдайды шиеле-ністірмеуге және осы негіздегі дау-жанжалдарды болдырмауға мүмкіндік бергендігі ақиқат. Бұл тұрғыдан алғанда Қазақстан көршілес республикалардың қатысуынан сәтті құтылды. Ұлттық шиеленістерге белше-сінен батқан жекелеген посткеңестік мемлекеттер енді тиімді жаңғыра алмайды, ал бұл басталған жанар-тулардың күйреуіне алып келуі мүмкін. Біздің республикамыздағы ұлттық және діни әлем ұлт саясатын жүйелі жүргізумен қамтамасыз етілген, бұның өзі ұлтқа және конфессияға жатудан тәуелсіз заң алдында барлығының тең екендігін нығайта түседі. Олардың барлығына өздерінің мүдделері мен қажеттіліктерін іске асыру үшін бірдей жағдайлар ұсынылады. Соның ішінде, өздерінің ұлттық және діни құндылықтарына толыққанды және ашық түрде сақтау мен дамытуға мүмкіндіктер берілген.

Белгілі ғалым Чжан Вон Чанның топшылағанындай, бар теориялық және фактілік материалдарды саяси талдаудың негізінде елдегі реформаларды іске асырудың барысының, өзгерістердің, дамудың, трансформация мен жаңғыртулардың теориясының эволюциясы қоғамдық жүйені түбегейлі реформалау-дың екі негізгі құрамдас бөлігін есепке алуды талап етеді: жалпы тарихи дамудың және қазақстандық саяси дәстүрлердің үдерісі. Осыған байланысты, реформаторлардың алдында тұрған маңызды міндеттер-дің бірі әлеуметтік-мәдени негіздермен, соның ішінде халықтың ділімен байланысты бағдарламалар мен болмыстың арасындағы тығыз байланыстың механизмін жасау болып табылады. Бұл, көбіне, Қазақстан үшін маңызды мынандай факторды есепке алудан көрініс беруі тиіс, соның бірі ұлттық-мемлекеттік басымдықтар мен мүдделерді және т.б. зерттеу негізінде іске асырылатын жаңғыртудың кең әлеуметтік және саяси базасын іздестіруде мемлекеттік патернализм мен демократияның құндылықтық платформа-сының өзара әрекетін оңтайландырудың мемлекеттік бастамасы елеулі ролі атқарады ³. Ғалым Қазақстан-дағы трансформациялық процестердің мәні мынаған келіп тіреледі деп есептейді, біріншіден, егер де оны 80-жылдардың басы мен 90-жылдардың аяғына тән жалпы өзгерістердің кешенінде алып қарайтын болсақ, бұл бұрын тарихта теңдесі болмаған посткоммунистік режимді трансформациялау болып санала-ды; екіншіден, мұндағы жаңғырту пайда болуы жағынан алғанда технологиялық және экономикалық дамудың әр түрлі кезеңдеріне жататын міндеттерді бір мезгілде шеше отырып, қуып жетуші сипатта болып отыр; үшіншіден, реформаторлық процесс мемлекеттегі тарихи, әлеуметтік-мәдени, діни қатынас-тардың тым әркелкілігі жағдайында орын алып отыр ⁴.

Біздің пікіріміз бойынша, саяси жаңғыртуды ортаның дәстүрлі құндылықтары мен ұлттық топтардың арасындағы төзімділікті ескере отырып жүргізу еліміздің мемлекеттік саясатын тиімді

² Морозов А.А. *Казахстан за годы независимости. Под общ. ред. Султанова Б.К. Научно-популярное издание.* – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2005. – 236 с.

³ Чжан Вон Чан. *Трансформация политической системы обществ переходного типа: мировой опыт и Казахстан. Автореф. Канд. Полит. наук.* – Алматы, 1998. – 29 с. – С. 8.

⁴ Бұл да сонда. – С. 17.

түрде ерекшеленді-реді. Сонымен қатар, Қазақстан халқының Ассамблеясы институтының қызмет етуі де жаңғырту процесінде жағымды роль атқарады. Әр түрлі ұлт өкілдеріне мемлекет Басшысының патронажындағы құрылымдарға тең қатысуға мүмкіндік беріледі. Ассамблеяның сессияларында жаңғыртудың жалпы стратегиясын жасауға, оның жекелеген кезеңдерін жүргізуге қатысу үшін барлығы бірдей мүмкіндік алады. Аталмыш саяси құрылымның қызмет етуінің тәжірибесі посттоталитарлық мемлекеттердің саяси өтпелі кезеңін зерттеу ауқымында өте пайдалы.

Біздің еліміздегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімді сақтауда саяси көшбасшымызға айрықша роль тиесілі. Президент Н.Ә. Назарбаев және оның көшбасшылық сапалары қазақстандық қоғамның бөлшектенуіне әкеп соғатын ұлттық бытыраңқылықтың орын алуына жол бермеді. Сонымен бірге, әр түрлі ұлттық және конфессиялық топ өкілдерінің арасындағы өзара тең қатынастарды сақтау посткеңестік қоғамда реформалаудың қолайлы жағдайларда жүруіне мүмкіндік берді.

Қандай ұлтқа жататындығынан және қандай дінді тұтынатындығынан тәуелсіз, халық Президент-тің саяси тұлғасынан келісімді сақтау мен мемлекеттің ұтымды ұлттық саясатын қамтамасыз етудің кепілін көреді. Президент сайлауы процесінде әр түрлі ұлттық топтар президентке барынша қолдау көрсетті. Бұл жағдай мемлекет көшбасшысының легитимділігінің маңызды факторларының біріне айналды. Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқының бірлігі мен алуан түрлілігінің бейнесі болып табылады.

Жаңғырту проблемасының теориялық аспектілерін егжей-тегжейлі қарастырудан жаңғыртудың табыс-тылығын қамтамасыз етудің маңызды факторларының бірі ұтымды реформалау болып табылатындығын айқындауға болады. Дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға өту процесінде жергілікті сипаттағы ерекшеліктерді ескеру қажет. Әмбебап құндылықтар дәстүрлі құндылықтармен үйлесім табуы тиіс. Дәстүрлі бағыт-бағдарларды елемеу, оларды күштеп жою реформацияның бүкіл процесіне қауіп төндіруі мүмкін. Керісінше, реформалау саясатын ұтымды дәстүрлі құндылықтарға сүйене отырып қалыптастыру мен оларды есепке алу қазақстандық қоғамды жаңғыртудың табысты болуын қамтамасыз етеді.

Бесіншіден, Қазақстандағы саяси жаңғыртуды жүргізудің ерекшелігі оның алғышарттарының, дербес қалыптасу қағидаларының және белгілі бір жолдарының, мемлекеттік саясаттың мазмұнының, функция-ларының, мемлекеттік органдардың жауапкершілігінің, азаматтық қоғамның ролінің, саяси институттарының, қатысушыларының, ҰЕҰ-дың болмауы болып табылады. Посткеңестік Қазақстан қоғамында жаңғыртудың мазмұнының, бағыттарының қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде саяси плюрализм, сөз бостандығы, құқықтық мемлекет, демократиялық мәдениет сияқты жаңғыртудың қажетті факторлары болмады.

Сөйтіп, жаңғыртуды жүргізудің алғашқы кезеңдеріндегі күрделі проблемалардың бірі жаңғыртудың стратегиясын жасау, оның мақсаттары мен міндеттерін айқындау, субъектілерін белгілеу міндеті болды.

Қазақстанда және басқа да посткеңестік республикаларда қазіргі заманғы қоғамның жаңа әмбебап құндылықтарын енгізуді өте асығыстықпен жүргізу әр түрлі себептерге байланысты дұрыс болмаған болар еді. Осындай маңызды себептердің бірі материалдық игіліктерді бөлу дағдарысының басталу мүмкіндігі бола алады. Дәстүрлі посткеңестік мемлекеттердің қазіргі заманғы мемлекеттер стандартына өту реформалары оны халық қолдағанда ғана және жалпыға бірдей тұрақты экономикалық жағдайда ғана тиімді болатындығын есте ұстау қажет. Өйткені жаңғырту процесі әншейін, қарапайым нәрсе емес. Әлеуметтік жүйенің экономикалық саласын реформалау халықтың айқын жіктелісіне, жұмыссыздыққа, инфляцияның және тағы да басқа өтпелі қоғамның жағымсыз элементтерінің пайда болуына алып келеді. Қазақстандық ғалым И.Тасмағамбетовтың өз еңбектерінің бірінде мынандай пікірді айтуы кездейсоқ емес: «Қазақстанда саяси дамудың барлық үш жалпыжүйелік қасиеттері көрініс беруде... саяси институт-тар функционалдық жіктелу мен мамандандырылу үдерісін байқатуда, ұлттық бірігу процесі жүріп жатыр, әлеуметтік мобилизация (жұмылдыру) күшеюде, Қазақстанның саяси жүйесінің посткоммунистік трансформациялануының басты бағыты оның жоғары өрлеп саяси дамуы болып табылады»⁵.

Қазақстандағы президенттік республика дәстүрлі посткеңестік қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік-мәдени, құқықтық және басқа да салаларындағы болмысқа (шындыққа) сәйкес қалыптасқан болатын. Мысалы, соңғы кездері белгілі бір нақтылыққа ие бола бастаған толыққанда

⁵ Тасмағамбетов И.Н. Социальная политика и политическая трансформация. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1997. – 250 с.

көппартиялық жүйенің болмауы. Посткеңестік Қазақстан қоғамында мұндай факторлардың болуын ешкім де теріске шығара алмайды. Бұлар белгілі бір дәрежеде Қазақстандағы жаңғырту процесінің ерекшелігінің объективті әлеуметтік-мәдени негізін қамтамасыз етті.

Өзіміздің тұжырымдамалық талдауларымызға сүйене отырып, егеменді Қазақстандағы алғашқы кезең-дердегі саяси жаңғырту 2005 жылға шейін жалғасқандығын пайымдауға болады. Жаңғырту процесінің кезеңдерге бөлінуінің ұсынылған нұсқаларын қорытындылай келе, тұтас алғанда, Қазақстандағы саяси жаңғыртудың алғашқы кезеңінің жүзеге асуы мен қалыптасуының екі негізгі уақытша шеңберін бөліп көрсетуге болады. Бірінші кезең 1991 жылдан бастап 1995 жылғы Конституция қабылданғанға дейін созылады. Екінші кезең 1995 жылғы Конституция қабылданған кезеңнен бастау алып қазіргі күнге дейін жалғасып келе жатыр. Егер де жаңғыртудың кезеңдерге бөлінуінің бар нұсқаларын қорытындылайтын болсақ, сондай-ақ біздің еліміздің саяси дамуын шартты түрде бөліп көрсетер болсақ, онда өзгеріс процес-терінің аталмыш кезеңдерін бөліп көрсету дұрыс деп ойлаймыз ⁶.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялаған уақыттан бастап еліміздің қазіргі әрекет етіп тұрған Конституциясы бүкілхалықтық референдумда қабылданғанға дейін өзіндік жеке мемлекеттілігіміздің қалыптасуы орын алды. Аталмыш уақыт аралығында қабылданған барлық негізгі саяси құжаттар, заңдар өзіндік мемлекеттік құрылымды жасауға бағытталды. Осы кезеңде егеменді Қазақстанды қалыптастыру, оны мемлекеттілігін дамыту, басқарудың бұрынғы жүйесінен толықтай бас тарту саясаты іске асырылды. Сонымен қатар, бірінші кезеңде негізгі экономикалық, саяси, мәдени, құқықтық және басқа да өзгеріс реформалары жүргізілді. Жаңғыртуды іске асырудың бірінші кезеңінде өзіндік ерекшеліктерді ескере отырып, өзгерістердің әлемдік тәжірибесін пайдалану көрініс тапты. Осыған байланысты қазақстандық зерттеуші Ж.Х. Жүнісова былай деп әділ атап көрсетеді: «Жалпы мойындалуы бойынша демократияға өту бірдей әлеуметтік таптарды, саяси нәтижелер мен шешу әдістерін қамтитын, жалпы әлемдік бірыңғай процесс болып табылмайды. Керісінше, әлеуметтік шиеленістер мен саяси саланың алуан түрлілігі демократиямен үйлеседі, яғни демократияға барудың көптеген жолдары болуы мүмкін» ⁷. Сөйтіп, өзгеріс процес-терінің бірінші кезеңінде Қазақстанда жаңғыртуды одан ары қарай жүргізу үшін негізгі база қалыптасты.

1995 жылғы Конституцияның қабылдануы, оған 1998 жылы өзгерістер енгізілуі, тиімді көппартиялы-лықтың қалыптасуы, соның ішінде оппозициялық орталықтардың ықпалы, Президенттің Қазақстан халқына жолдаулары сыртқы саяси факторлар және тағы да басқалары Қазақстан Республикасындағы саяси жаңғырту процесінің екінші кезеңінің мәндік сипаттамаларын көрсетеді.

Мәселен, өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларының бірінде Н.Ә. Назарбаев мемлекет Басшысы ретінде өзі үшін мемлекеттілікті дамытудың әсіресе алғашқы кезеңінде авторитаризм ұстаны-мын күшейтуге ешбір негіз жоқ екендігін қатаң мәлімдеді. Бұл, оның пікірі бойынша, басқарудың дұрыс формасы емес, сондықтан Қазақстан қоғамы демократиялық, құқықтық және тәуелсіз мемлекет құру жолымен жүруі тиіс: «Шынымды айтсам, биліктің ең жоғарғы шыңындағы, барынша күшті билікті ұстаған адам ретінде, жеке мен үшін, өзінің билігін шектейтін демократияландыруға барудың ешқандай да сыртқы себептері жоқ. Мәселе Қазақстандағы кез келген авторитаризмнің ешқайда апармайтын жол екендігіне менің шын сенетіндігімде. Тек еркін демократиялық қоғам ғана шалғай келешектегі біздің тұрақтылығымыз бен бақытты өміріміздің кепілі бола алады. Тек осы ой ғана мен алға, демократия мен адам құқығы жағына қарай жетелейді. Менің халқым осы бір үрейлі әрі қанды жүзжылдықта еркіндіктің қатты азабын тартты. Мен осы халықтың бір ұрпағымын және мен оқиғаға толы осы ғасырдың соңында маған түскен таңдауға лайықты болуға тиіспін» ⁸.

Егер бірінші кезеңде дамудың жаңа құндылықтық бағдарларының қалыптасуы орын алса, келесі, екінші кезеңде олардың тиімді жүзеге асуының нәтижелерін байқаймыз. Бірінші кезеңдегі нарықтық экономика құрудың, тұрақтылық пен тәртіпті сақтаудың, ұлтаралық келісімді қамтамасыз етудің қол жеткен жетістіктері, реформалаудың жүйелі, эволюциялық, уақтылы жүру сипаты қазақстандық

⁶ Конституция РК. Конституции 16 стран мира: Сб. конституций стран-членов СНГ, Балтии и ряда др. Государств мира // Сост. Баишев Ж., Шакиров К. – Алматы: Жеті жарғы. 1995. – С. 103-136.

⁷ Джунусова Ж.Х. Республика Казахстан: Президент. Институты демократии: монография. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996. – 208 с. – С. 70.

⁸ Назарбаев Н.А. О положении в стране и основных направлениях внутренней и внешней политики: демократизация общества, экономическая и политическая реформа в новом столетии. Послание Президента РК народу Казахстана // Казахстанская правда. – 1 октября 1998 г.

қоғамды демократияландыру мен жаңартудың факторларын қалыптастыру мен одан әрі дамыту үшін берік негізге айналды.

Саяси жаңғыртудың қазіргі кезеңінде Қазақстан Республикасында қазіргі заманғы демократиялық қоғамның негізгі элементтерінің эволюциялық қалыптасуын іске асыруға жәрдемдескен принциптерден бас тартуға болмайды. Қол жеткізген оң нәтижелер саяси жаңғыртудың эволюциялық жолынан бас тарту-дың себебі бола алмайды. Демократияландыру факторларының одан әрі дамытылуы, жаңа элементтердің енгізілуі саяси шындықпен, өз уақтылы жүргізумен, көкейтестілікпен және т.б. байланысты болуы тиіс. Осылармен қатар, бүгінде еліміз кезекті саяси өзгерістердің алдында тұрғандығын да атап көрсеткіміз келеді. Сондай-ақ, қоғамды одан әрі демократияландыру үшін жасалып жатқан реформаларды тиімді іске асыру барысында біз Қазақстандағы саяси жаңғыртудың келесі кезеңіне де өтуіміз әбден мүмкін.

2005 жылғы 18 ақпандағы жыл сайынға халыққа Жолдауында сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев біздің еліміздегі эволюциялық дамудың әлеуметтік-саяси, экономика-лық және басқа да табыстарын атап көрсетті, сондай-ақ ел болашағына қатысты өзінің болжамдарымен бөлісе отырып, қол жеткен жетістіктермен тоқталып қалмауға шақырды. Мемлекет Басшысы өзінің Жолдауында атап көрсеткеніндей, «біз саяси өмірді либералдандыруды (ымыраландыруда) маңызды нәтижелерге қол жеткіздік. Сондықтан былай деп айтсақ жеткілікті: Қазақстанда демократиялық инсти-туттардың дамуы жүйелі түрде жүріп жатыр; еркін демократиялық сайлаулар тұрақты түрде өткізіліп тұрады; қарсы әсер мен ірку негізінде (на основе сдержек и противовесов) биліктің тармақтарын бөлу принципі іске асырылуда; қазақстанда саяси плюрализм (сан алуандылық) мен көппартиялылық бар: кез келген қазақстандық кез келген қоғамдық және саяси бірлестіктерге еркін кіре алады»⁹.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың пікірі бойынша, саяси жаңғырту процесі, ең алдымен биліктің заң шығарушы тармағының саяси беделін күшейтуді талап етеді. Ол Орталық сайлау комитетін, Конститу-циялық кеңесті және Есеп коимтетін қалыптастыру барысындағы парламенттің Сенаты мен Мәжілісі-нің ролін көтеруге шақырды. ҚР-ының Президенті Н.Ә. Назарбаев «парламенттік көпшіліктің негізінде үкіметті қалыптастырудың механизмдері және бейінді (профильді) комитеттердегі әлеуметтік-экономика-лық блогтың министрлігіне үміткерлерді талқылау жөніндегі мәселе егжей-тегжейлі және мұқият зерттеу-ді талап етеді» деп атап көрсетті¹⁰. Сөйтіп осы Жолдауда саяси реформалардың Жалпыұлттық бағдарла-масына ауысатын, саяси жаңғырту мен демократияны дамыту туралы жүйелі, көп векторлы жұмыс жөнінде айтылды. Оны үйлестіру Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы демократияланды-ру мен азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі Ұлттық Комиссияға жүктелді.

2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауында Президент Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік биліктің барлық органдары назарда ұстауы қажет жана басым бағыттарды белгіледі.

Біріншісі, бұл **өндіруші сектор**. Мемлекет Басшысы «мұнай-газ саласындағы басты бағыт – мемлекет-тің халықаралық мұнай және энергетика нарығына ықпалды әрі жауапты қатысушы ретіндегі ұстанымын күшейту деп есептейді. Бұдан басқа, мемлекет басшысы «Самрұқ» холдингі мен өңірлік әлеуметтік кәсіп-керлік корпорациялар тау-кен металлургия салаларын тиімді дамыту мен олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөнінде нақты шаралар қабылдауы тиіс» деп есептейді¹¹. Осылайша, қазір мемлекеттік билік органдары энергетикалық саланың стратегиялық маңызды буындарында мемлекеттің ықпалын күшейтуі қажет болады, соның ішінде, Қашаған, Құмкөл мұнай кен орындарын, Богатырь көмір разрезін т.б. игеру-дегі Қазақстанның үлесін көбейтуі қажет.

Сондай-ақ, мемлекет басшысы Үкіметке, Министрлікке, Ведомостволарға өмір сүріп тұрған тау-кен компанияларындағы мемлекеттік пакет акцияларын нақты басқаруды бастауды, сондай-ақ сирек кезде-сетін жер асты қазбаларын қоса алғанда, қара және түсті металдарды шығаратын, зерттелген кен орында-рындары қойнауын пайдалану құқығын өздеріне алуды тапсырды.

Екіншісі, бұл экономиканың негізгі секторларын озық инфрақұрылымдармен қамтамасыз ету. Ел Президенті «үкімет электроэнергетиканы, тасымалдау жүйесін дамыту жөнінде шаралар қабылдауы

⁹ Назарбаев Н.А. *Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации. Посла-ние Президента РК Н.Назарбаева народу Казахстана // Казахстанская правда, Астана. – 18 февраля 2005.*

¹⁰ Бұл да сонда. – С. 3.

¹¹ Назарбаев Н.А. *Послание народу Казахстана «Рост благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики» // Каз. Правда. – 2008. – 7 февраля.*

қажет. Сонымен қатар, экономиканы және халықты электр энергиясымен қамтамасыз ету саласындағы бірінші кезектегі міндеттер – Балқаш ЖЭС-ін, Екібастұз ГРЭС-2 үшінші энергоблогын, Мойнақ ГЭС-і және басқаларын салу құрылысы болып табылады. 2009 жылы «Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі» жобасы бойынша қуат тасымалдаудың екінші желісі мен «Солтүстік Қазақстан-Ақтөбе облысы» қуат тасымалдау желісінің құрылысын аяқтау қажет. Республиканың оңтүстік өңірлерінің газға сұранысын тұрақты қамтамасыз ету үшін «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбыры мәселесі мүмкіндіктерін зерттеп, бастау қажет. Ақтау қаласында атом электр станциясын салу бойынша нақты ұсыныстар енгізу қажет» деп есептейді ¹².

Президент Н.Ә. Назарбаев «біз Қазақстандағы ең ірі көлік жобасы – трансқұрлықтық дәліз «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» жобасын іс жүзіне асыруды қолға алуымыз қажет, ол оңтүстік облыстар мен Қызылорда және Ақтөбе арқылы өтіп, Ресейге шығады, жұмыс орындары құрылады, өңірлердің экономикасы жанданады. Сонымен бірге, бюджетке салмақ түсуін азайту мақсатында, тұтастай алғанда, концессиялық негіздегі, алдағы уақытта ақылы ету арқылы Астана-Бұрабай, Астана-Қарағанды, Алматы-Қапшағай, Алматы-Қорғас автокөлік жолдарын, сондай-ақ Үлкен Алматы айналма жолын салу мен қайта жаңғырту басталады» деп өз уақытында айқандап берген болатын. Аталмыш бағытты жүзеге асыруға сәй-кес өкілдік және атқарушы билік әрекет етіп тұрған заңдар мен нормативтік базаны жетілдіруі қажет ¹³.

Үшіншісі, бұл «**30 корпоративті көшбасшы**» бағдарламасы. Президент Н.Ә. Назарбаев «оның жүзеге асырылуы экономиканың шикізаттық емес саласын іс жүзінде дамытуға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда «серпінді» аталудан үміткер 100-ден астам жоба пайда болды. Ақтөбе облысындағы үшінші Жаңажол газ өңдеу зауыты, кен байыту комбинаттары мен мыс қорыту зауыттарын салу, Павлодар облысындағы алюминий зауыты және хлор мен каустикалық сода өндірісі зауытының құрылыстарын одан әрі жалғастыру, Қарағанды облысында сортты прокат өндірісі мен металлургиялық кремний өндірісін ұйымдастыру секілді экономикамыз үшін айрықша маңызды жобалар және басқа да көптеген жобалар іске асырылып жатыр. Таяудағы уақытта Атырау қаласында алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенінің, келесі жылы – Қарашығанақ кен орнының базасында газ өңдеу зауытының, Қостанай облысында жаңа алюминий зауытының құрылысы басталады. Біз Астана қаласында шина жасау кешенін құру, Астана мен Алматы қалаларында логистикалық орталықтарды дамыту, поликристалл кремний өндірісін құру жөніндегі жобаларды іске асыруды жалғастырамыз» деп есептейді ¹⁴. Осы жобалардың бәрі өнеркәсіптің, индустрия құрылысының және қазақстандық экономиканың өзге де салаларының дамуына, елеулі ықпал ететіндігі шүбәсіз, сондай-ақ мемлекеттік билік органдары мен бизнес-құрылым-дардың өзара тиімді әрекет етуіне мүмкіндік береді. Біздің көзқарасымыз бойынша, мемлекеттік билік органдары Жапонияның, Сингапурдың және әлемдік қауымдастықтың басқа да елдерінің технологиялық жаңалықтарын енгізуді қолға алуға даярлануы қажет. «Серпінді» жобаларды жүзеге асырудың дәл осы көрсеткіштері бойынша, бірінші кезекте бейінді министрліктердің, «Қазына» қоры мен өзге де холдинг-тердің, сондай-ақ барлық деңгейдегі әкімдіктердің жұмысы бағаланатын болады. Н.Ә. Назарбаев «шағын несиелендіру ұйымдарының жұмысын қолдау керек, соның ішінде мемлекеттің есебінен..., шағын несие-лендірудің қол жетімділігін арттыру бойынша шаралар ойластыру қажет екендігін, көптеген қазақстан-дықтар үшін жаңа жұмыс орындарын құру керектігін» атап көрсетеді ¹⁵. Осыған байланысты, мемлекеттің одан әрі дамуының бағыттарының бірі шағын және орта бизнеске әкімшілік жүктемені азайтудың қажеттілігімен байланысты. Олар: санын қысқарту және тексеру жүйесін жөнге келтіру. Мемлекет басшысы шағын және орта бизнес саласында лицензиялау, сертификаттау және аккредитациялау бойынша рұқсат беру жүйесін одан әрі жеңілдету міндетін қояды.

Сонымен қатар, Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев әлеуметтік сала, білім саласы және ауыл шаруашылығы сияқты салаларға да көңіл бөлді. Мемлекет басшысы жаңа үш жылдық бюджет (2009-2011 жылдарға арналған) 2007 жылмен салыстырғанда зейнетақыны 2012 жылы 2,5 есе, соның ішінде келесі жылы – 25%-ға, 2010 жылы – 25%-ға, 2011 жылы – 30%-ға

¹² Назарбаев Н.А. Послание народу Казахстана «Рост благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики» // Каз. Правда. – 2008. – 7 февраля.

¹³ Бұл да сонда. – С. 2.

¹⁴ Бұл да сонда.

¹⁵ Назарбаев Н.А. Послание народу Казахстана «Рост благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики» // Каз. Правда. – 2008. – 7 февраля.

көбейтуді қамта-масыз етуі тиіс екендігін көрсетеді. 2011 жылы негізгі зейнетақылық төлемдер күнкөріс деңгейінен 50%-ға өсуі тиіс. Ол мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен арнайы мемлекеттік жәрдемақылардың көлемін 2009 жылдан бастап орта есеппен алғанда жыл сайын 9%-ға, бала бір жасқа келгенге дейінгі бала күтімі жөніндегі ай сайынғы жәрдемақыны 2010-2011 жылы 2007 жылғымен салыстырғанда орташа есеппен алғанда 2,5 есе көбейту қажет деп есептейді. 2010 жылдан бастап төрт және одан да көп бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақының көлемін 2007 жылғыға қатысты алғанда 4 есе көбейеді. Сонымен қатар, бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы кезең-кезеңімен көбейіп отыратын болады. 2009 жылы – 25%-ға, 2010 жылы – 25%-ға, 2011 жылы – 30%-ға, 2012 жылға қарай 2007 жылмен салыс-тырғанда екі есе көтерілетін болады ¹⁶.

Сөйтіп, «өткен 5 жыл ішінде Қазақстан аграрлық сектордың дамуында елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2002 жылдан бастап 2 есе дерлік өсті. Бұл аграрлық секторды мемлекеттің орасан қолдауының нәтижесінде мүмкін болған еді. Сіздер біз табысты жүзеге асырған ауылды қолдаудың үш жылдық бағдарламасын жақсы білесіздер. Бағдарлама ел ішін дамытуға қуатты серпін берді. Соңғы жылдары қазіргі заманғы технологияларды қолданудың арқасында дәнді-дақылдарды жинау күрт көбейді. 2004 жылдан бастап егінді міндетті сақтандыруды енгізу фермерлерге құрғақшылық жылдарының өзінде кепілді кіріс алуына мүмкіндік туғызды. Қабылданған шаралар ауыл шаруашылығындағы тауар айналымының төрт есеге жуық жалпы өсіміне оң ықпал етсе, ол 4 миллиард АҚШ долла-ры мөлшерінен асып түсті» ¹⁷. Сондықтан, біздің еліміздің қоғамдық-саяси дамуының аталмыш кезеңіндегі ауылдарымыз бен селоларымыздың өмір сапасын көтеру мәселесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басымдық бағыты болып қала беретін болады. Қазіргі заманғы мемлекеттің қоғамдық-саяси дамудың неғұрлым жоғары деңгейіне ұмтылуы – бұл уақыт талабы.

Саяси реформалардың көпшілігі, ақыр соңында бүкіл саяси жүйені де, сондай-ақ, тұтас алғанда, мемлекеттің әрекеттілігін нығайта отырып, экономикалық құрылымдардың либералдануы мен рационалдану-ын қамтамасыз ете отырып, негізгі еркіндіктерді сақтау барысында әлеуметтік тәртіппен саяси тәртіпті қорғай отырып, заңның билігі мен көлденең есеп берушілігін жетілдіре отырып, сыбайлас жемқорлықты ауыздықтай отырып мемлекеттік басқаруды да тікелей сапалық тұрғыдан жақсартады. Басқа өзгерістер де саяси партиялар мен олардың қоғамдық топтармен байланысын күшейту жолымен, партиялық жүйенің бөлшектенуін азайту жолымен, заң шығарушы органдар мен жергілікті биліктің дербестігін нығайту және сонымен бір мезгілде оларды халықтың бақылауда ұстауы, азаматтық қоғамды жақсарту жолымен демократияның өкілдік функциясын тиімді жүзеге асыруға жағдай жасайды. Шетелдік зерттеуші Л.Даймондтың пікірі бойынша, жаңа демократиялардың, посткеңестік елдерді демократияландыру проблемаларының көпшілігі нығайту түріндегі институционалдық реформаларды қажетсінеді [8].

Қазақстандағы саяси жаңғыртудың алғашқы кезеңінің жүзеге асырылуы мен қалыптасу ерекшелікте-рін және жағдайларын зерттей келе, мемлекеттік органдардың, саяси көшбасшылардың, қатысушылар мен ғылыми ортаның өздері көтерген, барынша маңызды мәселелерді құндылықтық көзқарас тұрғысынан атап көрсету қажет.

1) Алғашқы кезеңдердегі негізгі құндылықтық жетістіктердің бірі қоғамдық-саяси реттеудің, басқару мен шешімдер қабылдаудың негізгі мәселелері бойынша билік пен қоғамның жақындасуы болып табыла-ды. Халықтың талап-тілегі мен мүдделері үкімет билігінің негізіне айналуы тиіс екендігін атап көрсету маңызды болып саналады, бұл мезгіл-мезгілімен болып отыратын, ашық сайлаулардан көрініс табады. Қазақстандық саясаттанушы Р.Б. Әбсаттаров барлық деңгейлердегі әкімдерді халық сайлауы қажет деп есептейді. Бұл жағдайда электорат пен әкімдердің арасындағы байланыс күшейе түседі, өйткені, сайлан-ған әкім өзінің сайлау алды бағдарламасын орындай отырып, үлкен жауапкершілікті арқалайды [9]. Демократиялық саяси институттардың халықпен қарым-қатынаста болуын енгізудің маңызды нәтижелері сайлау институттары арқылы биліктің легитимділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды. Барлық деңгейлердегі әкімдерді сайлауды қалау немесе қаламау жөніндегі, жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды реформалау жөніндегі пікір-талас қазіргі уақытта Қазақстанның қоғамдық және саяси өміріндегі талқылауға түсіп жатқан тақырыптардың бірі болып табылады. Сонымен бірге, мемлекеттік басқарудың бүкіл жүйесін табысты түрде демократияландыруды біз Қазақстан қоғамының ұлттық топта-суын қамтамасыз етудің формасы ретінде қарастырамыз. Орталықсыздандыру мен жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуын қоса

¹⁶ *Республиканская общественно-политическая газета «Наш мир».* – 2008. – 7 февраля.

¹⁷ *Комсомольская правда* – 2008. – 7 февраля.

алғанда, мемлекеттік басқарудың бүкіл жүйесін демократияландырудың демократиялық мемлекеттің ұлттық саясаты үшін үлкен маңызы бар, ол отандастық пен азаматтардың өз мемлекетіне және саяси жүйесіне деген ұқсастығының жоғары деңгейі негізіндегі этносаралық қауымдас-тық ретінде ұлттың қалыптасуына бағытталған.

Біздің көзқарасымыз бойынша, топтасудың (консолидация) мәні, элиталық деңгейдегі болсын, сондай-ақ бұқаралық деңгейдегі болсын – негізгі саяси акторлар өз елдері үшін демократиялық режимді басқа баламадан артық деп санайтын кең және терең легитимділікке жетуге келіп тіреледі. Демократиялық транзиттік мемлекеттерді зерттеп жүрген шетелдік зерттеушілер Х.Линц пен А.Степан мұндай легитимді-лік демократия идеясына абстрактілі түрде берілгендікке келіп тірелмеуі тиіс; ол, сондай-ақ халықтың көпшілігін белгілі бір елдің конституциялық жүйесінің айрықша ережелері мен тәртібімен жүруіне байла-нысты нормативтік және мінез-құлықтық жолмен жүретіндер деп бөлуді де өзіне қосып алғаны жөн екендігін атап көрсетеді. Демократиялық шараларды дәл осылайша шүбәсіз қабылдаудың арқасында топтасудың шешуші элементі қалыптасады, нақты айтқанда: тек нәтижелерге ғана қатысты емес, сондай-ақ саяси бәсекелестіктің ережелері мен әдістеріне де қатысты алғандағы демократияға тән белгісіздіктің төмендеуі. Топтасу тереңдеген сайын саяси акторлардың да өрісі барған сайын кеңейе түседі. Олар өздерінің бәсекелестерінен демократиялық мінез-құлықты және демократияға деген адалдықты күтеді, демократиялық құрылымдардың жолын «инструментальдық» тұрғыдан ұстанушылар біртіндеп «принципиальдық» ұстанушылармен ауысады, саяси бәсекелестердің арасында сенім мен ынтымақтастық артады және жалпы алғанда, халықтың соған сәйкес әлеуметтенуі (мақсатты күш жұмсаудың да, сондай-ақ азаматтық қоғам саясатындағы демократиялық тәжірибенің де нәтижесі болып табылатын) орын алады. Топтасудың атап көрсетілген құрамдас бөліктерінің ықпалымен саяси мәдениетте де алға басу орын алады, бұл ғалымдардың аталмыш теориялық-әдіснамалық көзқарастарымен келіспеу қиын. Қазақстан Республикасы үшін біздің еліміздің азаматтарының бойында демократиялық саяси жүйенің айрықша ережелері мен конституциялық тәртібінің жолын ұстанатын мінез-құлықты қалыптастыру өзекті болып табылады.

2) Саяси жаңғыртудың алғашқы кезеңінің екінші маңызды құндылықтық демократиялық жетістігі мемлекеттегі саяси жүйе, басқарудың формасы мәселелерін ашық талқылау болып табылады. Өзінің жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бүгінгі күннің басты мәселесі Қазақстандағы басқарудың формасы болып табылатындығын атап көрсеткен болатын. Республиканың «ары қарайғы саяси өмір сүруінің» нұсқаларын оппозицияны қоса алғанда, барлық саяси партиялар талқылайтын болады. «Егер де оппозицияның пікірлері ел мүдделерін көздейтін болса, онда олардың пікірін сыйлау керек» деп нақты атап көрсетті Президент өзінің халыққа Жолдауында. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың пікірі бойынша, келешектегі саяси өзгерістер қазіргі өмір сүріп тұрған Конституцияның шеңберінен толық орын алады. «Конституция – бұл қоғамның тұрақтылығы», – деп мәлімдеді Президент, – «Ойланбай істелген өзгерістер елдің берекесін кетіреді». Басқарудың формасын таңдау Қазақстан халқының разылығымен байланысты, соған тәуелді болады. Басқарудың қандай формасы барынша тиімді: президенттік республика ма әлде көп санды партиялардың билігі ме, оны қазақстандық-тардың өзі шешетін болады.

3) Саяси жаңғыртудың алғашқы кезеңінің тағы бір маңызды құндылықтық нәтижесі саяси белсенділіктің артуы, селолардың, Қазақстанның шағын қалаларының жергілікті проблемаларын шешудегі өңірлердің, өңірлік биліктердің дербестігінің артуы болып табылады. Өңірлердің халқы бүкіл Қазақстан бойынша саяси жаңғыртудың маңызды қатысушысы мен субъектісіне айналды. Астана, орталық билік шеңберінде саяси мәселелерді шешудің бұрынғы тәжірибесі елдің бүкіл халқының, соның ішінде өңірлердің халқының мүдделері мен пікірлеріне назар аударумен ауыстырылды. Қазақстандағы билікті орталықсыздандыру қажеттілігінің пісіп-жетілгендігі туралы көптеген қоғамдық және саяси қайраткерлер, сарапшылар, са-ясаттанушылар, жекелеген саяси партиялардың көшбасшылары және т.б мәлімдеуде. Сонымен бірге, біздің көзқарасымыз бойынша, мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру қара бастың қамына айналмауы тиіс. Орталықсыздандыру демократиялық және тиімді басқарудың институционалдық алғышарттарының бірі болып саналады, ол осы мақсатқа қызмет еткен жағдайда ғана оны ақтап алуға болады. Қазақстан Республикасындағы демократиялық реформалар барысында орталықсыздандырудың дәрежесі туралы, яғни орын алып жатқан жағдайларға байланысты орталықсыздандырудың оңтайлы деңгейі мен үйлесімді нұсқасын таңдау жөнінде мәселе қойылады. Бұл тұрғыдан алғанда, ғалымдар, орталықсыздандыру демократияландырумен тең емес деп есептейді. Бұл екі процесс, әдетте қатар жүргенімен, кейде орталық-сыздандыру демократияландырудың қарқынын баяулатып, антидемократиялық

ұстанымдарды сақтауы немесе күшейтуі де мүмкін. Сондықтан Қазақстан қоғамын қазіргі кездегі реформалаудың басты бағытта-рының бірі жаңа жағдайларда мемлекеттік биліктің барлық тармақтары мен деңгейлерінің нәтижелі және конструктивті өзара әрекет етуін қамтамасыз ету мақсатында барлық деңгейлердегі мемлекеттік басқару-дың механизмдерін жетілдіру және өзгерту болып отыр.

Сөйтіп, біздің жоғары саяси басшылыққа тиісті бағасын берген жөн, өйткені мемлекеттілікті қалып-тастырудың алғашқы кезеңінде қоғамда қиындық тудырған әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа да реформалар барынша тез және табанды түрде, саяси тұрақтылық пен этносаралық келісім жағдайла-рында жүргізілді. Қазақстандық аналитик (сарапшы) С.Акимбековтың әділ атап көрсеткеніндей, бұл үшін саяси ерік-жігер аз қажет болған жоқ, біз бәріміз қандай мемлекеттен шығып едік... Бірақ, «естен танды-рып емдеу» («шоковая терапия») жағдайындағы нарықтық реформаларсыз, тіпті орасан зор табиғи байлықтар бола тұрса да, табысқа жету мүмкін емес. Сондықтан қандай да болмасын реформалардың табыстылығы мұнайдың немесе алтынның санымен байланысты емес. Бұл жерде ең бастысы – қоғамдық сананың өзгеруі. Кеңестік дәуір кезіндегі ұжымдық жауапкершіліктің орнына жеке дара жетістік идеоло-гиясы пайда болуы тиіс, тек сонда ғана бүкіл елдің дамуының маңызды құралы ретінде қоғамның күш-қуатын пайдалануға болады. Егемендік жылдары біздің қазақстандық мемлекеттіліктің орын алғандығын көрсетіп бергендігі сөзсіз.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты мынаны атап көрсеткен жөн. Қазақстанда жаңғырту реформала-рын жүзеге асырудың нақты тәжірибесі бар екендігін көреміз. Біздің елімізде дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға өту басқаларына қарағанда, неғұрлым сәтті әрі тиімді түрде іске асты. Алайда, қазіргі кездің саяси тағылымдары мен басқа мемлекеттердің жаңғыртылу тәжірибесі жаңғыртудың әрдайым табысты бола бермейтіндігін көрсетіп отыр. Бірқатар объективті және субъективті факторларға және іске асырудың алғышарттары мен әдістеріне байланысты жаңғырту ұтымды сипатқа ие бола бермейді. Бұны теріске шығару дұрыс болмаған болар еді.

Сондықтан, Қазақстан Республикасындағы саяси жаңғырту реформаларының одан әрі жүргізілуі аталмыш жағымсыз нәтижелерді есепке алуды қарастырғаны жөн. Жағдайдың одан әрі өрбуі күні бұрын болжанып, жүйелі түрде және кезең-кезеңімен жүруі тиіс. Біз еліміздегі жаңғырту өте ашық жүргізілді және аяқталуға жақын деп айтудан аулақпыз. Бұлай айту жөнсіз болған болар еді, өйткені әлеуметтік жүйе объективті шындықтың тұрақты түрде өзгеріліп жатқан жағдайларына бейімделуі тиіс. Бір күні құрылған және өзгеріссіз сақталған құрылым өтпелі қоғам жағдайында мүлдем мүмкін емес. Бұл қоғам мен мемлекеттегі кез келген реформалаудың құрдымға кетуіне алып келеді.

Транзитті елдердің объективті шындығы жағдайында болуы мүмкін шиеленістер мен ұлттық қауіпсіз-дікке төнетін қауіп-қатерді болдырмау үшін тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз етудің барынша тиімді тәсілі күшті перзиденттік республика құру болып табылады. Бұны біздің еліміздің мысалы айғақтап отыр. Әрине, күшті атқарушы биліктің құрылуы биліктің барлық тармақтарының жалпы тепе-теңдігін бұзбауы тиіс. Күшті перзиденттік билік басып-жаншымайды, ол биліктің қарқынды дамып келе жатқан басқа тармақтарымен қатар тиімді жұмыс істейді. Бұл өте маңызды. Өйткені, бұл принциптің бұзылуы мүлдем демократиялық емес болмыстың (ақиқаттың) орын ала бастауына әкеліп ұрындырады.

Қазақстан Республикасында биліктің бөлінуі, демократияның жолын ұстанушылық, тұрақтылық пен келісім сияқты маңызды факторлар конституциялық тұрғыдан бекітілген. Президент өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауында біздің назарымызды демократиялық дамуға, еліміздің тек осындай жолмен дамуына аударады. Сөйтіп, жаңғыртудың субъектісі демократияландыру мен оған жүйелі түрде өтудің басты кепілі болып табылады. Осының бәрі Қазақстан Республикасындағы жаңғыртудың тиімділі-гін де қамтамасыз етеді.

Демократиялық принциптер мен механизмдерді дамыта алатын, саяси либералдандырудың ауқымды бағдарламасын жүзеге асырудың қатарына төмендегідей міндеттер жатады: мемлекеттік басқарудың орталықсыздандырылуы, әкімдерді кезең-кезеңімен сайлауды енгізу, Парламенттің өкілеттілігін кеңейту, соның ішінде оны бақылау функцияларын арттыру, мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру, азаматтық қоғам институттарымен өзара әрекет етуді нығайту және құқық қорғау механизмдерін күшейті есебінен кеңейту.

Соған сәйкес, Н.Назарбаев біз мемлекеттік басқарудың ең жоғарғысындағылардың (вертикалының) бірлігін, бүкіл қоғамның мүддесіне қарай жалпыұлттық және өңірлік проблемаларды шешуде тепе-теңдікті сақтау мен елдегі тұрақтылықты сақтауды қамтамасыз етуге тиіс екендігімізді атап көрсетті. Ал, қоғамды жаңғыртудың негізгі шарты елдегі азаматтық татулықты, этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

2004 жылдың жазында «Отан» партиясының VII съезінде Президент Н.Назарбаев елді одан әрі

саяси жаңғыртудың жаңа стратегиялық бағыттарын белгілеп берді, оның қатарына кіретіндер: биліктің деңгей-лері арасындағы өкілеттілікті анықтау және бюджетаралық бөліністі енгізу жолымен мемлекеттік басқа-руды орталықсыздандыру; әкімдерді кезең-кезеңімен сайлауды енгізу; парламенттік көпшіліктің негізінде Үкіметті қалыптастыруға қатысу арқылы Парламенттің өкілеттілігін кеңейту; мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру; азаматтық қоғам институттарымен өзара әрекет етуді одан әрі нығайту. Соның ішінде Парламенттің ролін көтеруге байланысты мынандай міндеттер қойылды: парламенттің қос палатасының депутаттарының санын көбейту барысында тиімді құқықтық механизмдер мен оңтайлы тәсілдерді жасау; оның бақылау функциясын кеңейту, соның ішінде мемлекеттік бюджеттің орындалуын бақылау жасауға қатысуын кеңейте түсу; парламенттік көпшілік механизмі арқылы үкіметті қалыптастыру институтын енгізу; Орталық сайлау комитеті мен Конституциялық Кеңесті қалыптастыруда екі палатаның да қатысу-ын қамтамасыз ету; елдің Негізгі Заңын қорғау саласында Конституциялық Кеңестің өкілеттілігін күшей-ту. Осы көрсетілген бағыттар бойынша істеліп жатқан жұмыстардың алғашқы нәтижелерін қазірдің өзінде-ақ шығаруға болады. Орталықсыздандыру мен басқарудың түрлі деңгейлерінің өкілеттілігін анықтау үшін бірқатар заңдардың ережелеріне өзгеріс енгізілді. Бұл өзгерістер биліктің барлық деңгейле-рі арасында функцияларды, өкілеттіліктер мен жауапкершіліктерді оңтайлы түрде бөлу есебінен мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталды.

2004 жылдың қараша айында «Мемлекеттік басқарудың деңгейлері арасындағы өкілеттіліктерді айқындау мен бюджеттік қатынастар мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнама-лық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» тиісті конституциялық заңға қол қойылды. Сондай-ақ, Үкімет 120 дерлік заңнамалық актілерге түзетулер енгізуді көздейтін тағы бір заң жобасын жасап, Мәжілістің қарауына берді.

Саяси жаңғыртудың жаңа кезеңінің іске асырылуы жөнінде Мемлекеттік бағдарламалар да, жаңа қоғамдық-саяси құрылымдардың құрылуы да айғақтайды. Мысалы, ҚР Президенті жанындағы демократия мен азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссияның жаңа органының мәжілісінде мемлекеттік басқаруды орталықсыздандырумен, соның ішінде орталық атқарушы органдардың бірқатар өкілет-тіліктерінің орнына өкілдік билік пен құқық қорғаушы механизмдердің күшейтілуінің берілуімен байланысты мәселелер қаралды.

Салық саясаты – мемлекеттің салық саласында жүргізетін шаралар жүйесі болып табылады. Салықтандыру теориясында мемлекеттің салық саласында жүргізетін іс шаралар жүйесі салық саясатының қысқаша түсінігі ретінде берілген. Іс жүзінде салық саясатының маңызы сол, ол салық саласындағы іс шаралар шеңберінен асып кетеді. Салық үлгілерін таңдау, оны нақты мазмұнмен толық-тыру, салықты есептеу мен төлеудің құқықтық тәртібін қабылдау, салықтың құқық қатынастары жақта-рының құқықтары мен міндеттерін белгілеу – бұл салықтандырудың методологиялық негізі болып табылады. Салық саясаты қазіргі таңда кәсіпорындар мен жеке бизнесті, олардың инвестициялық капита-лы толығындай жолмен дамуына жағдай тудырып, іскерлік белсенділігін арттыруды қамтамасыз етуі тиіс. Шаруашылықтар мен азаматтардың табыстарын әділ қайта бөлуге қол жеткізу, салық саясатының ең басты мақсаты болып табылады. Осыған байланысты салық саясатына оның саясаттану тұрғысынан алғанда мынадай анықтама берген дұрыс деп ойлаймыз. Салық саясаты – бұл мемлекеттің азаматтарға қатысты және бюджет саясатымен өзара іс-қимылда болатын, бүгінгі әлеуметтік процестердің табиғатын ескеретін салық механизмі арқылы азаматтардың ішкі мүдделерін ескере отырып, жүзеге асыратын ниеттері мен іс шараларының жүйесі болып табылады.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасының салық саясаты бұрынғыдай стихиялық түрде емес, жүйелі түрде іске асуда. Алғашқыда салық саясатының кейбір жекелеген шаралары жүргізілген экономи-калық және әлеуметтік саясатпен қайшы келген жағдайлар кездескен болатын. Біздіңше, әртүрлі мемле-кеттік реттеу құралдарын зерттеп, бізге қажеттерін тиімді пайдалану арқылы өндірісті дамытуды ынталандыру және экономиканың әртүрлі салаларына ықпал ету – Қазақстанның салық саясатының мақсаты болып саналады. Бұл үшін өндірістік кәсіпорындарға олардың негізгі және айналым капиталда-рына амортизациялық аударымдардың жеңілдетілген ставкасы үлгісінде, қосымша құн салығын азайту немесе жою түрінде кепілдіктер беру қажет. Салық саясаты сондай-ақ, елдің әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін де ескеруі қажет. Сондықтан, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында жүргізіліп отырған салық реформасының үлкен маңызы бар. Ол өндірістің құлдырау, бюджет тапшылығы, кәсіп-орындардың төлем дағдарысы жағдайында жүргізіліп отыр. Мемлекет пен шаруашылық субъектілерінің мүдделері, олардың қаржылық өзара қатынасы арасында мәмілеге келу мақсатымен салық кодексі мына мәселелерді шешуі қажет:

1. Барлық субъектілер үшін салықтандырудың тең жағдайын жасау;

2. Жекелеген салық төлемгерлерінің категориясына берілген салық жеңілдіктерін бір мезгілде жоя отырып, салық жүгін төмендету;

3. Салық заңдылығының көптеген ережелері мен нормаларын бір заң шеңберіне біріктіру.

Салық төлемгерлері салықтың мемлекеттік бюджет кірісін қалыптастырудың негізгі көзі екенін ұмытпауы керек. Салық саясаты әртүрлі деңгейдегі бюджетке салық түсімінің бюджет жоспарлаған мөлшерден кем түспеуін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл мемлекеттің азаматтар алдындағы, оның ішінде әлеуметтік қорғау мақсатындағы міндеттемелерін орындауға байланысты туындайды. Ол үшін бюджетте жеткілікті мөлшерде қаржы болуы керек. Кейбір салық түрлері бойынша төлемгерлерінің категориясын жекелеген салық одан толық немесе ішінара босатуға бюджет тапшылығына байланысты жол беруге болмайды. Сондай-ақ экономиканың әртүрлі секторын ынталандыруға жүгінудің қажеті жоқ. Мұндай жағдайда салық жеңілдігіне сүйеніп қана қоймай мемлекеттік реттеудің басқа құралдарын, оның ішінде инвестициялық және несие саясатының тетіктерін пайдалану керек. Қолайлы салық ахуалы жағдайында салық төлеуден жалтарып, түскен табыстың нақты көлемін жасыратын кәсіпорындар да кездеседі. Қазақстан Республикасында ұзақ уақыт бойы салық жинау деңгейі төмен болды. Осының салдарынан салық жүгі, барлық ауырталдық, әдетте, міндеттеріне адал салық төлемгерлерінің мойнына түседі де, мұндай кәсіпорындардың дамуы тежеледі.

Бір жағынан мемлекет бюджеттің тиісті табысын қамтамасыз етіп, екінші жағынан шаруашылық субъектілерінің өз қызметін дамытуға мүмкіндік беруді қамтамасыз ететін салық жүйесін құру салық саясатының негізгі мақсаты болып табылады. Осылайша жоғары дамыған нарық қатынастары жағдайында мемлекет салық саясатын өндіріс құрылымын өзгерту, аумақтың экономикалық даму, халықтың табыс деңгейін қамтамасыз ету, әлеуметтік жіктелудің жаңа түрін қалыптастыру мақсатындағы ұлттық табысты қайта бөлу үшін пайдаланады. Мемлекет бюджетіне қажетті қаржы ресурстарын түсіру, тұтастай алғанда, ел шаруашылығын реттеу үшін қажетті жағдай жасау, нарық қатынастарының барысында пайда болатын халық табысы теңсіздігінің зардабын жеңілдету – салық саясатының міндеті болып табылады. Салық саясатының міндеттер жиынтығын үш негізгі топқа бөледі:

1. Фискалдық – бұл мемлекеттің өз функциясын орындауға қажетті қаржының барлық деңгейдегі бюджетке шоғырлануын қамтамасыз ету;

2. Экономикалық немесе реттеуші – бұл мемлекеттің экономикалық даму деңгейін көтеруге, елдегі іскерлік және кәсіпкерлік белсенділікті, халықаралық экономикалық байланыстарды жандандыруға, әлеуметтік проблемаларды шешуге ықпал етуге бағытталады;

3. Бақылаушы – бұл экономика субъектілерінің қызметіне бақылау орнатуды көздейді.

Экономика субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметінің белсенділігін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау және жеке, қоғамдық мүдделерді үйлестіре отырып, экономикалық өсімді ынталандыру – мемлекеттік салық саясатының бүгін таңдағы басты міндеттерінің бірі болып саналады. Салық саясатының түрлері:

Бірінші түрі – салықтандырудың жоғары деңгейі, яғни, салық ауыртпалығын барынша ұлғайтуды сипаттайтын саясат. Мұндай кезде салықтандыру деңгейін өсіру бюджет түсімінің өсуімен үйлеспейтін жағдай туындауы мүмкін.

Екінші түрі – салық ауыртпалығын төмендету, мемлекет өзінің фискальдық мүддесін барынша ескеріп қоймайды, сондай-ақ салық төлемгерінің мүддесін де ескереді. Мұндай саясат мемлекет экономикасының, әсіресе оның нақты секторының дамуына ықпал жасайды, себебі ол қолайлы салық және инвестициялық ахуалды қамтамасыз етеді.

Үшінші түрі – корпорациялар мен жеке тұлғаларды жеткілікті деңгейде салықтандыру, ол ел азаматтары үшін жоғары деңгейдегі әлеуметтік қорғаумен, көптеген мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктермен және бағдарламалармен өтеледі.

Салық саясаты салықтандырудың ұйымдық-құқықтық үлгісі мен әдістерінің жиынтығын құрайтын салық механизмі арқылы жүзеге асырылады. Мемлекет өзінің салық механизміне салық заңдылығы арқылы заңды үлгісін беріп, оны реттеп отырады. Мемлекеттің салық саясатының жоғары тиімділігін қолдау үшін нақты елдің, яғни Қазақстанның ерекшелігін ескере отырып, тікелей және жанама салықтар арасындағы белгілі бір үйлесімділікті қамтамасыз ету қажет болады. Салық механизмі үкіметтің мүддесін білдіретін салық тұжырымдамасы арқылы айқындалады. Егер жалпы салық тұжырымдамасы салықтың жалпы ұлттық табыстағы үлесін арттыруға бағытталса, үкімет салық ставкасын өсіріп, салықтандыру базасын кеңейтеді, салықтың жаңа қосымша түрлерін енгізеді. Салық механизмін өмірлік практика тұрғысынан қарастырсақ, ол кеңістік пен уақыт өлшемімен алғанда әртүрлі сипатта болады. Мысалы, билік пен басқарудың әртүрлі деңгейінде салық қимылы бірінғай түрде көрініс бермейді, сондай-ақ ол уақытқа қатысты алсақ та едәуір өзгешілікпен көрінеді. Салық механизмі іс жүзіндегі салық іс-қимылының жинағы ретінде салық заңдылығының ережелерін практикада толық жүзеге асыратын шарттар мен ережелердің жиынтығы болып табылады.

Салық саясаты қуатты ресурстық фактор, яғни ол мемлекет қолындағы экономикаға тікелей ықпал жасайтын құрал, сонымен бірге ол мемлекеттің шаруашылық субъектілерімен (жеке, заңды тұлғалар, территориялар т.б.) кері байланысының механизмі болып табылады. Экономиканың даму жағдайына, мемлекеттік биліктің тұрақтылығына байланысты салық саясаты оның экономикалық және әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, керісінше ол үшін жоғары тәуекелшіл жағдай немесе қауіп-қатер туғыза-тын құрал ретінде көрінеді. Мемлекеттің дағдарыс жағдайынан шығуына ықпал жасайтын салық саясатының негізгі бағыттары мыналар:

1) салық заңдылықтары мен салық есептерін стандартизациялау жөніндегі кезек күттірмейтін шараларды қабылдау;

2) кіші кәсіпорындарға, қызмет көрсету және сауда салаларына салықтандырудың жеңілдік режимдерін енгізу;

3) инвестициялық мақсатта ұзақ мерзімді өсуде пайдаланатын несиелік мекемелер мен кәсіпорындарға пайыздық ставкаларды реттеу бойынша артықшылықтар беру жөнінде несие-банк жүйесімен өзара тиімді іс-қимылды жүзеге асыру;

4) қолдау деңгейіне, шығындардың өнімнің өзіндік құнына жатқызылуының дұрыстығына немесе салық төлемгерлерінің қызметіне тигізетін ықпалына бақылау орнату;

5) жанама салықтарды біртіндеп шектеу.

Салық саясатының бұл бағыттарын жүзеге асыру мемлекеттің қаржы ағымындағы реттеуші және бақылаушылық ролінің артуын яғни, оның экономикалық қауіпсіздігін, инвестицияны реттеуді қамтама-сыз етеді, мысалы, инвестиция мақсатына бағытталатын пайданың бір бөлігі салықтан және жеңілдетіл-ген амортизациялық аударымдардан босатылады. Салық саясатының экономикалық және әлеуметтік дамуға белсенді ықпал ету мүмкіндіктері терең ғылыми зерттеуді талап етеді. Саясатты айқындайтын ғылыми көзқарас және барлық факторларды білу мен зерттеу оның салыстырмалы дербестігінің объек-тивті экономикалық қатынастардың тәуелсіздігіне айналып кетпеуінің кепілі болып табылады. Шаруашы-лық жүргізу тәжірибелерінің дәлелдегеніндей, салық саясатының экономикадан қол үзуі елеулі экономи-калық және әлеуметтік қиындықтарға әкеп соқтырады, экономикаға сіңісті болған мүмкіндіктерді жүзеге асыруға кедергі келтіреді. Салық саясатын жүргізген кезде нарық экономикасында салықтарды біртектес пайдалануды қамтамасыз ететін тұжырымдамалық ережелерге негіз арту маңызды. Бұл тұжырымдама салық саясатының ұзақ мерзімдік бағдарын көздейді, себебі салықтандыру мәселелерінің жиі өзгеріске ұшырауы салық төлемгерлерінің экономикалық мүдделеріне теріс ықпал етеді. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзгерістер салық реформасын алдын-ала жүргізуді айқындайды. Сондықтан мемлекет салық саясатында елдің экономикасы мен әлеуметтік саласындағы өзгерістерді үнемі есепке алып отырады.

Тұрақты салық жүйесін құру кез-келген салық реформасының негізгі принципі болып табылады. Бірақ салық реформасының әрбір кезеңінде оның бағыты қол жеткенді ескере отырып, нақты шешіле-тін міндеттерге сәйкес өзгеріске ұшырап отырады. Қазіргі салық реформасының негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- салықтандыру жүйесінің қаржылық жыл ішіндегі біртұтастығын, қарама-қайшылығын, өзгермеуін болдырмауды қамтамасыз ету;

- өнім өндірушілердің салық ауыртпалығын жеңілдету, салықтандыру базасын айқын белгілей отырып, бірмезгілде салық жинау деңгейін көтеретін тетіктерді енгізу жолымен екі қайтара салықтанды-руға жол бермеу;

- экологиялық салықтар мен айыппұлдардың т.б. ролін арттыру.

Ал салық саясатының мазмұны негізінен төмендегідей анықтамаларды көздейді:

- салық саласының тұжырымдамасын жасау;

- салық реформасының негізгі бағыттарын белгілеу;

- салықтың фискальды және реттеуші қызметінің маңызын пайдалану жөніндегі практикалық іс-қимылды жүзеге асыру.

Мемлекеттің салық саясатында салық қатынастарын пайдалануы салық механизмін құрайтын әртүрлі құралдар мен әдістерді кеңінен қолдану көрініс табады. Салық тетігі салықтандыруды басқарудың ұйымдық-құқықтық нормалары мен әдістерінің жиынтығын құрайды. Сонымен салық экономикалық процестерді мемлекеттік басқарудың орталықтандырылған бір тетігі болып, салық жүйесі басым бағытта-ғы әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге бағытталады. Ғылыми еңбектерде “салық механизміне” сан түрлі қырынан түсінік беріледі. Әдетте ол нақты кеңістік пен уақытқа салық өндірісін жүзеге асыру ұғымымен байланыстырылады. Салықтық іс-қимылдың субъектілендіру мүмкіндігін нақтылайтын болғандықтан, бұл көзқарас жеткілікті түрде терең емес. Біздіңше, салық “механизмі” ең алдымен, методологиялық, онан кейін ғана методикалық сипаттағы түсінік болып табылады. Демек, салық механизмін жалпы теориялық және практикалық ұстанымдар тұрғысынан қарастырған тиімді.

Біріншіден, салық механизмі оны ұйымдық-экономикалық категория немесе қайта бөлу қатынастарын басқарудың объективті-қажеттілігі тұрғысынан түсіндіретін салық теориясының саласы болып табылады. Құрылған ұлттық байлықтың бір бөлігінің қоғам игілігіне өту процесіндегі қатынастар саласын үш шағын жүйемен шектеуге болады, олар-салықтың жоспарлау, салықтың реттеу және салықтық бақылау шағын жүйелерін құрайды. Бұл шағын жүйелердің ерекшеліктерінің теориялық анықтамасы экономикалық теорияның іргелі ережелеріне бағынады, себебі олар ұдайы өндірістік қатынастар қосындысының бірлігі болып табылады.

Екіншіден, практика көрсеткеніндей, салықтық жоспарлау, реттеу және бақылау саласын айқындай-тын тұжырымдамасына өзінің түзетулерін енгізеді. Сондықтан салық механизмін тар мағынасында нақты салық қызметінің жиынтығы ретінде қарастыру қажет.

Салық теориясының принципі талаптарын бұзбас үшін әрбір практикалық іс-қимыл кезінде заңды-лықты сақтап отыру өте маңызды. Салықтандырудың объективті және субъективті басталу процесі толық тұтастығын сақтауы қажет. Салық механизмі салықтандыруды басқарудың салықтық-құқықтық негізіне сүйене отырып, салық қатынастарын тәртіпке келтіруге мүмкіндік береді. Қайсыбір салық түрін қалып-тастыру кезінде қолданылатын салық режимі салық заңдарының ережелеріне ғана емес, қосымша заң актілері мен нұсқаулықтарға да байланысты болады. Салық техникасы салық механизмінің функционал-ды мазмұнын айқындап, қоғамдық өмірдің барлық тынысына тікелей ықпал жасайды. Оңтайлы салық механизмі түсінігі арқылы қонымды әрі тиімді салық түрін таңдаумен бірге оларды бюджетке дұрыс есептеп түсірудің нормалары мен ережелерін қамтамасыз етуді білдіреді. Бұл жерде салық жеңілдіктері-нің және санкциялар құрамының маңызы ерекше. Олар салықтық реттеудің негізі, сондай-ақ салықтық бақылаудың құрамдас бөлігі болып табылады. Салық механизмі субъективтік көзқарастан еркін болып, ведомствалық мүдделерге бағынышты болмауы қажет. Салық механизмі “салық” категориясының ішкі әлеуметін жүзеге асырудың экономикалық-құқықтық әдісі ретінде қалыптасып, мемлекеттік-корпоратив-тік және жеке экономикалық мүдделердің арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге ықпал жасайды. Салық механизмінің элементтер қимылын екі шағын жүйелер-фискальдық және реттеуші арқылы шектеуге болады. Осы екі шағын жүйелер арасындағы үйлесімділік сақталған жағдайда ғана оңтайлы салық механизмі қалыптасады. Кез-келген елдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайдың бір-біріне ұқсамайтындығынан бұл міндетті орындау қиындық тудырады, осыған қарамастан салық практикасын қалыптастыру және салықтандыру стратегиясын таңдау кезінде салық механизміне қойылатын бұл басты талапты ең болмағанда объективті жағдай мүмкіндік беретіндей деңгейде сақтау керек болады.

Салық механизмінің элементтері шартты түрде шектелген, іс жүзінде олар бір-бірімен ұштасып жатады, ал салықтық реттеу мен бақылау салықтың реттеуші функциясының көрінісін білдіретін болған-дықтан бірыңғай тұтас күйінде жиі көрінеді. Сонымен бірге салық механизмінің элементтері салық іс-қимылының салыстырмалы

сипатымен алғанда дербес компоненттері болып, олардың әрқайсысы өзінің ұйымдастыру, бағалау және қорыту ережелеріне бағынады. Салық механизмінің әрбір шағын жүйелерінің шеңберінде өзіне ғана тән әдістерді немесе салық іс-қимылының техникасын қолданады. Салықтық жоспарлау, реттеу және бақылау әдістерінің әртүрлі болуы бұл салаларды өзіндік дербес тұрғыда зерттеп, оларға тән заңдылықтарды айқындауға тура келеді. Осының негізінде салық механизмін жүйе ретінде жетілдіру бағыты анықталады. Салық механизмінің осы үш белгісінің мәні салық ғылымы және практика-сымен ғана емес, сондай-ақ күрделі зерттеулер арқылы алдын ала айқындалады.

Салық механизмін тиімді пайдалану мемлекеттің салықтың ішкі мәнін, заңдарды, олардың қозғалысы-сын, қарама-қайшылығын қаншалықты ескерілуіне байланысты болады. Мемлекет салық саясатын өзгеруде, салық механизмін икемді бейімдей отырып, белгілі бір шегінде экономикалық дамуды ынталан-дыруға немесе оны тұрақтандыруға мән береді. Салық шаралары базистік қатынастарға ықпал етудің неғұрлым әмбебап құралы болғандықтан салықтық реттеу елдің шаруашылық өмірін, өндіріс құрылы-мын, капиталдың қорлануын, жеке тұтынуды қамтиды. Кәсіпорындар мен кәсіпкерлердің ішкі және сыртқы қызметі үшін жалпы салық ахуалын қалыптастыру, қаржы ресурстары қозғалысының салалық және аймақтық басым бағыттарын ынталандыру үшін салық жағдайын қамтамасыз ету, осы реттеудің мақсаты болып табылады. Теориялық тұрғыдан алсақ, салықтық реттеудің ауқымы кең болуы мүмкін, алайда өндіріс барысы салық механизмі мәжбүрлейтін бағытпен әрдайым дами бермейді.

Салық қатынастарын реттеу үшін мемлекет салық құқығын айқындайды. Салықтық құқық – бұл сол мемлекеттегі салық түрлерін белгілейтін заңдылық нормалардың, салық қатынастарының туындауына, функциясына, өзгеруіне және тоқтатылуына байланысты, олардан салық алу тәртібінің жиынтығы болып табылады. Салық үлгілерін зерттеу біздің назарымызды мемлекет пен құқық теорияларына аударады. Салық қоғамның жиынтық табысының бір бөлігін мемлекет қазынасына мәжбүрлеп алудың нақты үлгісі ретінде нақты экономикалық кеңістіктің және мемлекеттік құрылым мен басқарудың нақты жүйесінің барлық жетістіктері мен кемшіліктерінің көрінісін білдіреді. Салықтық құқықтық-қатынастардың жағда-йына қарап, мемлекеттің ілгерілеуі немесе кері кетушілігіне баға беріледі. Салық құқығы өзінің туындауы мен өмір сүруінен бастап ең алдымен салық төлеуге міндетті адамдар және арасындағы мүліктік қатынас-тарды реттеу міндетін шешуі қажет. Сондықтан салық құқығы әлеуметтік әділеттілік принципін жүзеге асырушы үлгі, құқықтық мемлекеттің өмір сүруінің белгісі ретінде барлық топтардың мүдделері мен меншік құқықтарына жоғары әлеуметтік әділеттілік өлшемі негізінде мемлекеттің қол сұғуына жол бермеуді мақсат тұтуы қажет. Егер салықты осы көзқарас тұрғысынан алғанда, салық төлемгерлерінен мемлекет пайдасына қаржыны көзсіз алатын қару ретінде түсінетін болсақ, салық құқығын басқа міндет-термен бірге салық төлемгерлеріне мемлекеттің тарапынан салыққа қатысты орынсыз кінәрат қоюынан қорғайтын қару ретінде қарастыруымыз керек. Салық құқығын ол бойынша салық алу жүзеге асырыла-тын мемлекет белгілеген ережелердің жәй ғана жиынтығы ретінде қарастырмауымыз керек. Мұндай жағдайда ол өз мақсаты жөнінен салықтан еш айырмасы болмаған болар еді. Ол мемлекет қолындағы “соқыр” құрал ретінде қызмет атқарған болар еді. Салық құқығын мемлекеттің жоғары өкілдік органы – парламентте халық өкілдерінің өзінің сайлаушылары атынан еркін, саналы түрде білдіретін еркіннің ғасырлар бойы қалыптасқан принциптерін іске асыру нәтижесі деп қарастыруымыз керек. Көпшіліктің мүдделеріне қол жеткізілгенде жеке мүдделердің құқы аяқасты етілмеуі керек. Салық қатынастары құқықтық қатынастар үлгісіндегі тиісті заңдылықтар немесе басқа нормативтік актілердің болған жағда-йында ғана іске асырылады. Салық төлеушінің мемлекет бюджетіне белгілі бір қаржы мөлшерін енгізу жөніндегі біржақты міндеттемесі салық құқығының негізгі мазмұны болып табылады. Салық құқығы салық субъектісінің әрбір салығы бойынша белгіленетін салық туралы элементтердің немесе салық үлгісі-нің, салықтандыру объектісінің, салық ставкасының, оны есептеу мен алудың, төлеу мерзімінің, салық жеңілдігінің, төлемгерлер жауапкершілігінің, салықты есептеу және алуға байланысты өндіріп алу орган-дарының әрекеттеріне шағым білдірудің арнайы нормаларын қамтиды.

Егеменді Қазақстанның бүгінгі дамуы нарық қатынастарының макро және микроэкономикалық деңге-йімен сипатталады. Бұл қатынастар ұйымдастыру, құқықтық методологиялық және практикалық тұрғы-дан алғанда қиындықтарға кезігуде. Осы қиындықтарға қарамастан олар материалдық өндіріспен қатар өндірістік емес салаларға, экономиканың әртүрлі саларына, әртүрлі үлгідегі кәсіпорындар қызметіне біртіндеп енуде. Салықтандыру біздің еліміздегі нарық экономикасының күрделі жүйесінің басты буыны болып саналады.

Бізге белгілі Ф.Кенэ, А.Смит, Д.Рикардо еңбектері салықтандырудың фундаменталды принциптерін жариялаған салықтандырудың классикалық теориясын қалыптастыру негізін қалады. Ұлттық салық жүйесі осыларды негізге ала отырып, қолайлы даму бағытын айқындайды. Нарыққа көшу салық функциясымен байланысты көптеген салық түрлерін дамыту мен басқа да көптеген мәселелерді шешу қажеттілігін тудырды. Әртүрлі салық түрлерінің, салық төлемгерлері категориясының болуы оларды ғылыми тұрғыдан топтап, бірыңғай салық жүйесін қалыптастыруды талап етеді. Салық жүйесі мемлекет-тің алатын салықтар жиынтығын

олардың әдістері мен құрылу принциптерін, сондай-ақ салық бақылауын ұйымдастыру көріністерін айқындайды.

Жоғарыда айтылғанындай, салық жүйесін таңдау үш маңызды проблемаларды айтайық: экономика-лық тиімділікті, әділдікті және әкімшіліктендіруді көздейді. Салық жүйесі – бұл салық төлемгерлері мен мемлекет мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында бір-бірімен өзара тығыз байланыста болып, салықтар жиынтығын құрайтын белгілі тұтастық немесе кешендік көрініс болып табылады. Бұл жүйенің құрамына мыналар енеді:

- салық қатынастарын реттейтін заңдылық және нормативтік база (Қазақстан Республикасының “Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы” Заңы, Салық Кодексі, жарлықтар, қаулылар, хаттар, салық төлеу туралы нұсқаулар т.б.);

- салықты және басқа міндетті төлемдерді құру әдістері, олардың әртүрлілігі, салықтандыру принциптері, салық элементтері;

- салық бақылауын жүргізудің түрлері мен үлгілері (салық есептілігінің камералдық бақылауы, салық төлемгерлерінің мониторингі, салық тексерулерінің құжаттық және рейдтік тексерулері және басқалар);

- функциясына салық және басқа да міндетті төлемдерді алу кіретін ұйымдар, олар - Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс министрлігі (МҚМ), салық органдары, қаржы полициясы болып табылады. 2002 жылдан бастап Қазақстанда жаңа Салық Кодексі енгізілді [2].

Салық жүйесін тұтастай сипаттағанда әрбір салық түрінің, алымдар мен міндетті төлемдердің мәнін жеткілікті түрде қарастыруымыз керек. Бұл түсінікке олардың белгілі бір операциялар цикларымен, төлеу көздерімен және басқа факторлармен байланысты арнайы ерекшеліктерге ие болады. Оны әрдайым ескеріп отыру қажет. Салық – бұл, мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз ету мақсатында заңды және жеке тұлғалардан алынатын мемлекет белгілеген міндетті төлем. Төлемі белгілі бір құқықтық жағдай тудыратын міндетті жарна, алым ретінде түсіндіріледі. Баж салығына келсек, бұл мемлекеттік қызметті маңызды заңдылық әрекетпен алмастырғаны үшін алынатын міндетті төлемдердің бір түріне жатады.

“Салық” категориясы субъекті үшін мәжбүрлеп алатын төлемдер қатарына жатқызылса, алымның өтемдік сипаты болады, себебі оның көлемі мемлекеттік органның тапсырыс берушіге көрсеткен қызметінің шығынын жабудан аспайды. Басқаша айтқанда, алымның көлемі қызмет құнымен, ал төлемгердің төлем қабілеті салық өлшемімен өлшенеді. Мысалы, Қазақстан нарығында тауар сатушыларға құқық беретін алымдар базар алаңдарының инвентаризациялау актісі мен оның паспортына төл құжатына сәйкес ставкалар бойынша алып отырған әрбір шаршы метр алаң үшін белгіленеді.

Ал баж салығы мемлекетті тұтастай алғанда бюджет табысының әртүрлілігінің көрінісі болып табылады. Ол төлемгерлерге көрсетілетін қызмет құнына байланысты алынбайды, бар болғаны адамның өзіндік тиімділігі болып табылады. Салық пен төлемнің айырмашылығына келсек, салық қайтарымсыз және эквивалентсіз төлем болса, төлем қайтарымды, эквивалентті болып табылады. Практика жүзінде бұл ұғымдарды әрдайым дұрыс түсіндіріле бермейді, мысалы, төлем кейде мемлекеттік алым, кейде жәй салық ретінде түсіндіріледі, сондықтан осы ұғымдардың мәнін терең ашу үшін ғылыми көзқарастарды негізге ала отырып айқын түсіндірме беруді қажет етеді.

Салық жүйесінің категорияларын зерттеуге Қазақстан Республикасының аумағын әкімшілік-территориялық аймақтарға бөлу себепші болады, өйткені ол мақсатты салық төлемдерінің жергілікті немесе атқарушы мемлекеттік органдарға түсуін көздейді. Көбіне-көп аймақтық билік органдары жергілікті салықтандыру бойынша өзгерістер туралы нормативтік актілер мен нұсқауларды жария ете бермейді. Осының салдарынан салық төлемгерлерімен жұмыста жекелеген келенсіздіктер туындап, қателіктерге жол беріліп, оның соңы сотқа жүгінумен аяқталып жатады. Сондықтан салықтардың, алымдардың және төлемдердің түрлерін олардың тиісті бюджет табысының түсуіне орай жеке даралап қарастыру керек. Бұл мәселеде салық түсімдері қозғалысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы нұсқауларға, оның ішінде бюджет жіктемесіне енгізілген өзгертулерді жан жақты түсіндіру маңызды болып табылады. Нақты қалыптасқан жағдайға байланысты ақылға қонымды салықтар, төлемдер немесе алымдар алу осы қайта құрулардың негізі болып саналады.

Қазір Қазақстандағы көптеген кәсіпорындардың диверсификациялану, яғни әртараптандыру сипаты басым, оларды бір мезгілде өңдеуші өнеркәсіпке, саудаға, қызмет көрсету саласына немесе ауылшаруа-шылығына жатқызуға болады. Бұл субъектінің қызмет, төлем түріне, салықтандыру объектісіне қарай әртүрлі ұйымдар үшін салық төлеудің ерекшеліктерін білу қажеттігін көздейді. Салықтандыру бойынша тиісті салалық нормативтік құжаттардың болмауы бұл мәселенің актуалдығын айқындай түседі. Себебі әрбір саланың қызметіне сәйкес өзіндік ерекшеліктері бар.

Салық жүйесіне жүктелетін негізгі талаптар мыналар:

- салық құрамы дәл анықталуы қажет. Ол үшін салық заңдылығында елде алынуы мүмкін барлық салықтардың тізімі көрсетілуі қажет;

- салық төлемгерлері үшін салықтандырудан жалтару тиімсіз болатындай жүйені қалыптастыру керек;

- салық жүйесінің қарапайымдылығы. Бұл салықтың дұрыс төленуіне бақылауды жүзеге асыру кезінде

айрықша маңызды;

- салық жүйесі салық төлемгерлерінің қаржыны өндіріске салу ықыласын тудыруға тиіс.

Қазақстандағы салық жүйесі мына қағидаларға негізделеді:

1. Өртүрлі деңгейдегі билік органдарының арасында салықты белгілеу және алу жөніндегі құқықтар-ды қатаң шектеу;

2. Бір дүркін салықтандыру, ол салықтандырудың бір объектісінің заңдылық белгілеген салықтанды-ру кезеңінде салықтың бір түрі бойынша бір дүркін салықтандырылуын көздейді.

3. Салықтандыру саласына жатпайтын заңдылық актілеріндегі салық мәселелері бойынша ережелер-ден жоғары тұратын салық заңдылықтарында белгіленген басым бағыттардың жоғары тұруы;

4. Республика заңдылықтарында салық төлемгерлері мен салық органдарының құқықтары мен міндеттерінің тізімін белгілеу;

5. Салық заңдылығында Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі кейінгі өзгертулері мен қосымшалары енгізілген “Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы” Заң күші бар Жарлығы шешуші орын алады. Заңда барлық төлемгерлердің салық органдарында міндетті түрде есепке тұруы қарастырылған. Кәсіпорындар меншік үлгісіне қарамастан банкте есеп айырысу немесе басқа есеп түрі ашылмастан бұрын салық органдарында тіркелуге міндетті. Есепке тұру немесе қайта тұру кезінде салық төлемгерлеріне тіркеу нөмірі (РНН) беріледі. Ол Қазақстан Республикасы аумағының салық жүйесіндегі бірыңғай есеп нөмірі болып саналады. Бұл номер салық органдарына ұсынылатын есеп құжаттарында көрсетіледі. Өрбір салық төлеуші Заңға сәйкес салықты уақытында және толық көлемде төлеуге, бухгалтерлік есеп жүргізіп, есеп беруге, салық органдарына салықты есептеу мен төлеуге қажетті құжаттар мен мәліметтерді уақытылы беруге міндетті. Егер кәсіпорын салық заңдылығын бұзса, онда салық органдарының оған айыппұл салуға құқы бар. Салық төлемгерлерінің бюджет алдында-ғы міндеттемесін орындамауы және тиісті дәрежеде орындамауынан көрініс беретін құқық бұзушылық әрекеті немесе әрекетсіздігі салық заңдылығының бұзушылығы деп түсіндіріледі. Негізгі құқық бұзушы-лықтар мыналар:

- табысты (пайданы) немесе салықтандырудың басқа объектісін жасыру немесе азайтып көрсету;

- салықтандыру объектісінің есебінің болмауы;

- салықтандыру есебін, қаржы-шаруашылық қызметінің есебін белгіленген тәртіпті бұзу арқылы жүргізу;

- салықты уақытында немесе толық көлемде төлемеу;

- табыстың төлем көздерінен ұсталатын салықтың дұрыс ұсталмауы;

- салық органдарына салықты есептеу және төлеу жөніндегі құжаттарды ұсынбау немесе уақытын-да ұсынбау.

Мұндай құқық бұзушылық үшін салық органдарының кәсіпорындарға өсімпұл және басқа да айыппұл түріндегі санкциялар салуға құқы бар.

Өсімпұл – бұл қаржылық міндеттемелерді уақытында орындамағаны үшін қолданылатын қаржы санкциясы. Ол міндеттеменің әрбір өтіп кеткен күні үшін орындалмаған көлеміне пайыз өсімі ретінде белгіленеді. Салық жүйесінің тіке және жанама түріне бағдарлану проблемасы төңірегінде екі көзқарас қалыптасқан. Оның біріншісіне жоғары табысы бар заңды және жеке тұлғалардың табысы жоғары емес, қымбат тұратын меншігі (төлем қабілетінің принципі) жақтарға қарағанда жоғары салықты төлеуі қажет деген ереже негіз болады. Екінші көзқарас жоғары салықты қоғам ұсынатын қызметтен үлкен тиімділік табатындар төлеуі тиіс деген ұстанымға негізделген, қоғамның бюджет қаржысы есебінен ұсынатын қызметін халықтың нақ осы категориясы өтейтін болғандықтан, мұны әділеттілік принципін жүзеге асыру көрінісі ретінде қарастыру қажет [3]. Салық саясатын қалыптастыру кезінде салық қатынастарының барлық жақтарының пікірін ескеру қажет. Бір жағынан, экономика субъектілерінен салықты барынша азайтуға, екінші жағынан, өз қызметін толық жүзеге асыру қажеттілігінен туған мемлекет мүддесінің мақсаттарын тиімді ұштастыра білу маңызды. Барынша оңтайлы ойластырылған салық саясаты үшін салық ауыртпалығының тиімді көлемін белгілеу оның маңызды шартының бірі. Ол үшін мемлекет пен салық төлемгерлері арасындағы мәмілеге қол жеткізу мақсатында салық қатынастарын табанды талдау жұмыстарын жүргізу қажеттігі туындайды. Демек, салық саясатының қоғамның саяси жүйесіндегі ролінің маңызы айрықша. Себебі салық жүйесі демократиялық саяси жүйедегі нарық экономикасының басты элементтерінің біріне саналады. Ол мемлекеттің шаруашылықты дамытуға, әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарын айқындауға ықпал жасайтын басты құралы. Сондықтан, Қазақстан Республи-касының салық саясаты жаңа қоғамдық қатынастарға, сондай-ақ әлемдік тәжірибеге сәйкес құрылуы қажет. Қайта құруларды табанды жүргізу кезінде уақыттың тапшылығынан салық саясатын “теориядан практикаға” қарай тәсілімен құру мәжбүрлік шара болып табылады. Бірақ, елімізде күні ертең нарық қатынастарының түпкілікті орнайтынын естен шығармауымыз керек. Сол себептен қаржы және салық-тандыру саласындағы ғылыми-зерттеу институттары мен мамандарының нарық экономикасы дамыған елдердің тәжірибесін қазақстандық даму жағдайларымен ұштастыра отырып, салық саясатының негізгі стратегиялық аспектілерін қалыптастырылуы маңызды болып

саналады. Салық саясатының әлеуметтік-экономикалық дамуға ықпалының тиімділігін арттыруға бағытталған мақсатты салық жеңілдіктерінің көптеген түрлерін енгізу, салық саясатын нарық жүйелерінде мемлекеттік реттеудің қолайлы экономикалық жанама әдістерін тиімді пайдалана отырып, сонымен бірге салықтың мемлекеттік бюджет кірісінің уақытылы жоспарлы орындалуын толық қамтамасыз ететін болады.

1. Назарбаев Н.А. *Послание Президента народу Казахстана* // *Казахстанская правда*. 19.03.2004.

2. *Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговой кодекс)»: Учебно-практическое пособие.* – Алматы: Издательство Норма-К, 2002. – 312 с.

3. Териова Л.В. «*Налоговая ответственность – самостоятельный вид юридической ответственности*» - // *Финансы.* – 1998.

Түйін

Бұл мақалада автор салық саясатының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ролі қарастырады.

Резюме

В статье автор рассматривает роль налоговой политики в социально-экономическом развитии страны.

Summary

The author rasmatrivaet role of fiscal policy in economic and social development of the country.

RELATION OF THE NATIONAL AND DEMOCRATIC ASPECTS IN THE PROCESS OF KAZAKHSTAN STATEHOOD DEVELOPMENT

S.A. Zhankuliyeva – candidate in Jurisprudence, PhD student of 3d course
*Political science and socio-philosophical disciplines' Department Of Magistrates
PhD Institute of Kazakh National Pedagogic University named by Abaya*

To date the Republic of Kazakhstan has been existing for 21 years as sovereign independent state. In this case the formation and development of Kazakhstan statehood invariably go on in combination of two key vectors of this process, i.e. formation of the national state and democratization of its political system.

It should be noted that the national state represents the form of self-determination and organization of the specific nation in definite sovereign territory, and expresses the will of this nation [1]. Therewith this notion should not be identified with monoethnic state. According to prominent representative of American political philosophy Michael Walzer “the term national state means only that some dominating group arranges the life of the whole society in accordance with its own history and culture, and if everything moves on how it’s been conceived, it performs historic progress and develops culture” [2].

Definite steps towards formation of the national state in Kazakhstan were taken as far back as the Republic was a part of the Union of the Soviet Republics. This circumstance was caused by demolition of the totalitarian political system that was increasing since 1985 and associating centrifugal processes that ultimately resulted in collapse of the state-empire under consideration.

Below are given specific measures on the way of achieving the national statehood by Kazakhstan:

1) Institution of the office of the President of the Kazakh SSR on April 24, 1990 with electing to this position the first secretary of the Central Committee of the communist party N.A. Nazarbaev by the Supreme Soviet of Kazakhstan;

2) Adoption of Declaration on State Sovereignty of the Kazakh Soviet Socialist Republic by the Supreme Soviet on October 25, 1990. Actually this document refers to exercising by Kazakhstan its rights established by the Treaty of Union. At the same time it emphasized intention of Kazakhstan to voluntarily unite with other union republics into the Union of sovereign republics that was assumed to be formed instead of the USSR, and build mutual relationships with them on contractual basis with retaining the right for withdrawal from this

union;

3) Adoption of Enactment by the Supreme Soviet on August 24, 1991 “On Evaluation of the Current Time and Measures of strengthening the Republic sovereignty”, which created the preconditions for practical transition of the Union enterprises and entities standing under the jurisdiction of Kazakhstan and pursuing independent external economic activity;

4) Holding presidential election on nation-wide basis and N.A. Nazarbaev election to the office of the head of the state On December 1, 1991.

Kazakhstan gained real independence only after collapse of the USSR, which began on December 8, 1991 in Minsk with signing Agreement about creation of the Commonwealth of Independent States by the presidents of Byelorussia, Russia and Ukraine. This legally implied disestablishment of the USSR.

On December 10 the same year the Supreme Soviet adopted the Law on changing the name of the Kazakh Soviet Socialist Republic. Pursuant to this law the state began to be called Republic of Kazakhstan. And Constitutional Law on independent statehood of the Republic of Kazakhstan was ultimately adopted on December 16, 1991 that proclaimed Kazakhstan the absolutely independent state not being a part of any other State formations and not bounding its sovereignty by acknowledgment of their resolutions and regulatory legal acts.

Practically from the very beginning of Kazakhstan development as independent state the attempts were undertaken at high official level to tie the sovereign state values and fundamentals of the formed democratic system with traditions and attitudes of Kazakh titular ethnic group related to the statehood development.

It is very illustrative in this respect the citation from the speech of the RK President N.A.Nazarbaev at the first session of the Assembly of the Peoples of Kazakhstan held on March 24, 1995: “Over many ages Kazakh nation was forced to fight for its independence and sovereignty. Thanks to its best qualities, ability to stick and hold together in the hour of danger and not least of all conciliatory spirit, striving to live in good neighbourliness and consensus with other peoples, this nation did not vanish in the course of history and was able to restore its statehood over decades... And those who to date admit to cast doubt upon the right of this nation for its statehood are not aware or hate to know the severity of its drama. I am convinced that Kazakh nation deserves the statehood not less than any other nation. Kazakh statehood was born in travail of history” [3].

With allowance for such important qualities of the Kazakh nation as love of liberty and susceptibility to changes, the leadership of Kazakhstan also proclaimed reforming the system of social relations as official political policy of the Republic aimed at building democracy, law-governed state and market economy.

Thereby the democratization process of Kazakhstan society and the state was commenced. The analysis of this process enables to single out the main features of the domestic democracy system:

1) Transitional character caused by conducting the appropriate social-political conversions in terms of the country transition from totalitarian governance regime that existed during the soviet statehood to democratic political system;

2) Gradual development of the democratic values and institutions, which is mainly connected with lack of corresponding traditions and democratic political culture not inherent in the Kazakhstan society;

3) Simultaneous processes of formation and further development of the democratic institutions, on the one hand, and carrying out economic conversions or taking anti-recessionary measures, on the other hand, giving preference to the second trend of the state policy based on the principle “Economics comes first, and the politics comes second”;

4) The State represented by the ruling authorities (acting government) acting as the key initiator of implementing political conversions of democratic character which is caused by insufficient maturity of the civil society and its institutions;

5) Representative character because the citizens delegate their right for taking political decisions to representatives elected by them in combination with direct democracy elements represented by the institution of the Republican Referendum;

6) Carrying out democratic conversions in the terms of raising efficiency and insuring maximum stability of the Republic political system;

7) Refusal from automatic imitation of the western democracy models on account of the specific character of the Kazakhstan society and the state.

First, Democratic character of the Kazakhstan statehood is confirmed by the approved RK Constitution and world-wide acknowledged civil, political, social and economic rights and liberties and guarantees of their observance, and also ideological and political variety, everybody’s equality before the law and court, separation of powers and so on.

Secondly, corresponding strategic guidelines of the government. Thus, for example, Strategic Plan of the Republic of Kazakhstan development up to 2010 points out that “*democratic trend of the political system development was formed in Kazakhstan*” [4].

And thirdly, real diversity of the acting institutions of the civil society including political parties, trade unions, non-governmental organizations, religious associations and mass media and so on.

Alongside with that, contemporary status of Kazakhstan shows that the process of its formation as the perfect national and democratic state is not completed yet. It is obvious in the first case that possession of sovereignty, boundaries and other attributes of an independent state is not enough to correspond to the status under consideration.

Theoretically national state presumes that all the citizens speak common language and possess common culture and values. At the same time the factors of polyethnic Kazakhstan society consisting of 130 ethnic groups’ representatives and actual predomination of the Russian language in the language medium of the Republic one way or another restrict Kazakhstan from achieving such level of its national statehood.

So it was quite predictable that in April 2010 the head of the state approved the Doctrine of Kazakhstan National Unity developed under the auspice of the Assembly of the Peoples of Kazakhstan. This document determines the necessity of reaching the national unity based on acknowledgement of values and fundamentals system common for all citizens of the Republic including state language acquisition by every citizen in the long term.

In this regard such thesis of the Doctrine as “There is no nation without unity. There is no state without the nation” [5] actually acknowledges the fact that the perfect nation has still not been formed in Kazakhstan. It logically follows thence that only reaching the national unity will enable to bring up Kazakhstan to higher level as the national state.

As for further democracy development, it is necessary to admit that this process is influenced by such negative restraining factors as:

a) Countervailing and paternalistic mentality being inherent by certain people of Kazakhstan preventing them to realize the importance of the political development vector selected by Kazakhstan, and take the active part in this process;

b) Imperfect system of the state power and administration including its exposure to bureaucracy, corruption, frequent abuse by government officials of their positions and consequently complications in intercommunication between the government and society;

c) Focus of certain civil society institutions on meeting their private and lucrative interests in their activity, which decreases their involvement in the democratization process of the Kazakhstan society and the state.

Therefore the leadership of the Republic is faced with important challenges of the strategic character such as final building of the national statehood, and modernization of the political system in accordance with the Strategic Plan of the Republic of Kazakhstan Development till 2020.

1. *Grand Legal Dictionary (edited by Sukharev A., Krutskih V.). – M.: Infra-M, 2001. – C. 453.*

2. *Michael Walzer. On Toleration. – M.: Idea-Press, 2000. – P. 59.*

3. *For peace and consent in our common home. Speech of the RK Prersident Nazarbaev at the first session of the Assembly of the Kazakhstan nations // Nazarbaev N.A. Policy of Peacr and Consent. – Astana: Elorda, 2008. – P. 259-260.*

4. *Strategic plan of the Republic of Kazakhstan development till 2010 (approved by the Edict of the RK President dated December 4, 2001 №735) // Legal reference book «Legislation».*

5. *Doctrine of Kazakhstan national unity // Kazinform. – 2010. – 29 April.*

Түйін

Мақалада Қазақстандық мемлекеттілік даму үрдісіндегі ұлттық және демократиялық қырлары қарастырылады.

Сонымен қатар автор, Қазақстан тарапынан ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыратын бағыттары мен ұлттық мемлекеттілікке жетуде қандай шаралар іске асырғанын ашып көрсетеді.

Осы сұрақтардан басқа автор мақалада қазақстан қоғамы мен мемлекетінің демократиялану үрдісін және ҚР демократиялық жүйесінің отандық сипатының ерекшеліктерін айқындайды.

Резюме

Данная статья рассматривает вопрос соотношения национальных и демократических аспектов в процессе развития казахстанской государственности.

Автор также освещает какие определенные шаги в сторону формирования национального государства были

предприняты Казахстаном и какие конкретные меры на пути к достижению национальной государственности были осуществлены.

Наряду с указанными вопросами, автор также в статье рассказывает о процессе демократизации казахстанского общества и государства и выделил основные черты отечественной системы демократии в РК.

Summary

This article considers a question of a ratio of national and democratic aspects in development of the Kazakhstan statehood.

The author also shines what certain steps towards formation of the national state were undertaken by Kazakhstan and what concrete measures on a way to achievement of national statehood were carried out.

Along with the specified questions, the author also in article tells about process of democratization of the Kazakhstan society and the state and marked out the main lines of domestic system of democracy in RK.

ӘЙЕЛДЕРДІҢ БИЛІК ПЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ӨМІРІНЕ ҚАТЫСУЫ МӘСЕЛЕСІ

И.С. Өсімбаева – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің әлеуметтік-гуманитарлық
пәндер кафедрасының аға оқытушысы*

«Қазақстан-2030» стратегиясында «Қазақстан Республикасында әйелдер жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары іске асырылуда» деп атап көрсетілген [1]. Аталған мәселе, бүгінгі таңда өзінің өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Осыған орай, әйелдердің билік пен қазақстандық қоғамның саяси өміріне қатысуы мәселесі ғылыми тұрғыда талдап зерттеуді қажет етеді. Қазіргі қоғамды демократияландыру заманында қазақ әйелдері билік пен әкімшілік саласында көптеп қызмет етуде.

Қазақстан Республикасындағы әйелдер ахуалы туралы есепте жарияланған мәліметтерге сәйкес, осыдан 15 жыл бұрын республикада әйелдер теңсіздігі мәселесі зор аландаушылық тудырған еді. Осылай, әлеуметтік элитаның барлық құрылымдарындағыдай, биліктің жоғары құрылымдарындағы әйелдер өкіл-дігі 1997-жылғы көрсеткіштер бойынша 5-6%-ды құрады. Төмен білікті жұмыскер әйелдер саны ер адам-дарға қатысты көрсеткіштен екі есе артық болды, ал, негізінде, әйелдердің білімділік деңгейі 8-10%-ға жоғары болып келеді. Жұмыссыздар ішіндегі 70%-ы әйелдер болды. Берілген Есепте көрсетілгендей, Қазақстанның саяси мәдениеті өз негізінде патриархаттық болып калуда, ер адам мәртебесінің әйел мәртебесінен үстемдігі шүбәсіз қабылданады [2]. Қазақстандық БАҚ-ң гендер мәселесі тақырыбындағы тал-дауы сол жылдары бұл тақырып жағымсыз ақпараттық тұрғыдан партия етілді. Қазіргі қоғамның жаңа-руы мен демократиялануы заманында әйелдер мәселесін тұжырымдамалық тұрғыдан қарастыру қажет.

Бүгінгі таңда Қазақстанда әйелдердің қоғамның саяси өміріне қатысуына тең мүмкіндіктер қамтама-сыз ету үшін жағдайлар жасалған. Бірақ, елдегі билік құрылымдарында гендерлік теңдікті қамтамасыз ету үшін көптеген бейресми кедергілер де бар екендігін, бұл әйелдің билікке енуін қиындататынын атап өткен жөн (рас, осыған үйлес, әйелдердің саяси іс-қайраткерлік саласына енуі процесін тежейтін объек-тивті кедергілер де бар). Бұл негізінде жеке бастық өзара қатынастар жатқан ерлердің корпоративтік мәдениеті де, бұл әйел-саясаткерлерге қатысты жаңсақ пікірлер де.

Қазақстандағы айқындалған ірі конституциялық реформаларға сәйкес республикада пропорциялық партиялық жүйе енгізу туралы, парламент өкілдігін күшейту туралы, өлім жазасын алып тастау туралы мәселелер және Қазақстанның саяси жүйесіне басқа да маңызды өзгерістер енгізу мәселесі қарастырылу-да, сол реформалар аясында әйелдердің қоғамымыздың саяси саласына қатысуын күшейту мәселесі көтерілді. Бүгінде мемлекеттік саясат әйелдердің саясатқа араласуын дәуіріміздің ажырамас сипаты ретінде қарастыратынын атап өтуге болады.

Тұтас алғанда, жиі жыныстық ерекшелігінен басқа еш негізсіз әйелдерді қабылдаушылық әйел үлесіне бағынышты роль тиетін әлеуметтік рольдерді бөлудың ескі, иерархиялық салтан бастау алады. Қазіргі таңда, тіпті, демократиялық ел болу бағытын ұстанған Батыс елдерінің саяси партияларында әйелдерге, көбіне-көп, ескілікті, техникалық жұмыс ұсынылады, олардың пікірі шешім қабылдауда ескеріле бермей-ді. Әйелдің саяси мансап жолында әйелдер мен ерлерге қатысты түрлі бағалау критерийлері, әйелдер ынтымақтастығының жоқтығы, олардың саяси қызмет-қайраткерлікке қажетті дағдыларын дамытуға уақыттары мен мүмкіндіктерін шектейтін отбасылық міндеттер, отбасы тарапынан сәйкес психологиялық қолдаушылықтың болмауы сияқты факторлар да белгілі бір роль атқарады. Әйелдер ерлерге қарағанда көп дәрежеде еркін талдау негізінде емес, қажеттілік пен

ұсынылатын жағдайлар заңымен өмір сүруге мәжбүр, бұл да, сондай-ақ, олардың саяси белсенділігіне ықпал етеді.

Алайда, әйелдер ортасында саясат – тек қана ерлерге сеніп тапсыратындай емес, ортақ және жауапты іс екенін, әйелдің саясатқа араласуы саясат билігін күш тұрғысынан қарастырушылықты шектеуге көмек-тесегінін зерделеушілік арта түсті. Әлбетте, Белорусьтағы әйелдер ахуалының өзгеруінің басты шарты демократия жолын ұстанушылық, ірі саяси және экономикалық қайта құрулар жүргізушілік болып табылады. Алайда, әйелдер ахуалын жақсарту мүддесімен мақсаттар мен іс-әрекеттерді айқындау орын алған жағдайда ілгерілеудің қарқын алуына септігін тигізе алады. Ал, саяси салада әйелдер санын арттыру, әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, қоғам құрылымында, салтында, үлгілік-өнегелік аясындағы игі өзгерістер әкеліп, басқа деңгейдегі және мейлінше ізгі қарым-қатынас стилін талап етеді, бұл Қазақстан үшін өте өзекті мәселе. Әйелдердің басым көпшілігі, баяғыша саясаттан гөрі іспен шұғылдануды артық көреді, ал, билікке таласса да, өздері жиі оны білім беру, ал, денсаулық сақтау, т.с.с. дәстүрлі «әйелдік» салалармен шектеуге ұмтылады.

Тұтас алғанда, әйелдердің билік өкілеттігін жүзеге асыруды, әдетте, «өктем әйел», «қатал басшы әйел» т.б. терминдерді әдеттен тыс құбылыс ретінде қарастырылып, әйел бейнесіне сәйкес емес сипат ретінде сынға ұшырайтын әлеуметтік-мәдени факторлармен байланысты көптеген кедергілерге кезігеді. Сонымен бір мезгілде, саясаткер әйелдер, әдетте, өздері әйел затына жататындығын «ұмытуға» тырысады. Отбасы ошағын сақтаушы әйел бейнесі үстемдік ететін ортада «жыныссыз» саясаткер әйел бейнесі таралған, өздерінің сөйлеген сөздерінде, мәнерлерінде, мінез-құлық дағдыларында әйел өзін-өзі қалағандай емес, өзінен басқалар күтетіндей ұстауға мәжбүр. Жиі көшбасшы әйелдерге өзінің феминистік болмысын таныту қолайсыз, тіпті, ұят саналады, шын мәнінде, ол өзін неғұрлым өктем, ерлерше ұстаған сайын, соғұрлым ол ресми жария етілмейтін, бірақ, орын алған ерлерше ойын ережелеріне сәйкес болады.

Сол себепті, қазақтың көшбасшы, жетекші әйелдері – бейне, бұл ортада бөтендей, бейне, өздерін жайсыз сезінетіндей, осы саяси ортада болудан ыңғайсызданушылықты жеңуі маңызды. Осы идеяларды қабылдап алатын көшбасшы әйелдер жиі жалпы қабылданған бейнелерге сәйкес бола алмайтындығынан, өздерін кінәлі сезіне бастайды. Бұл сезім өзін әйел затына жататындығын мақтан тұтудың орнына, әйелдің осы үшін және өз болмысын «өзгертуге» тура келетіндігі үшін өзін аса жайсыз сезінуіне алып келеді. Көшбасшы әйелге, көбіне-көп, «ер адам ақылы» тән делінеді, себебі, «әйел ақылы», әдетте, белгілі бір шектелгендік, ой-зерделік соқырлық, ой-қисынның жоқтығы, ең жақсы дегенде, айлакерлікпен байла-ныстырылады.

Бұл ретте, оңай байланыстырушылық ер адамдар арасында ғана емес, сонымен қатар, бірін-біріне байланыстырып, іс-әрекеттерді кең тұрғыда қарастыруға, заттар мен құбылыстардың өзара әрекеттестігін себеп-салдарлық байланыс заңы бойынша көруге қабілеттілігін мойындамайтын және салмақты да дұрыс шешім қабылдауды қиындататын-мыс шектен тыс әйелдік эмоцияшылдық туралы мифті белсенді түрде жақтайтын әйелдер қауымы арасында да таралған. Сондай-ақ, еліміз үшін жоғарыда атап өтілген жетекші басшы әйелдердің, тіпті, ең дана әрі тиімді шешімдері бағынышты еркектердің сол бойынша жүруге ықпалсыздығы кесірінен тежелуі мүмкін болатын ер адамдардың әйелдерге қызмет бабымен бағынуы мәселесі аса өзекті. Бұл ретте, әр түрлі деңгейде билік позициясын ұстанатын әйелдер, әдетте, өзіне орынбасарлыққа, көмекшілікке ер адамдарды алуға бейімді келеді, бұл олардың (ер адамдардың) үздік кәсіби даярлығымен түсіндіріледі, әйтсе де, сәйкес жағдай болғанда, әйелдердің де, ерлердің де қабілетте-рі бірдей бола алады, ал, көбіне, бірдей болып табылады да, тек әйелдердің өзін көрсетуге мүмкіндіктері кем. Көп жағдайда әйелдердің өздері билік нысаны тұрғасында дәл сол ер адамдардың болуын артық көреді. Тұтастай алғанда, саяси қызмет және, әсіресе, саяси басшы мансабы әйелдердің өздерінің басты міндеті – отбасылық міндетін атқаруына кесірін тигізуі мүмкін деген сенім модернизация процестерінің нәтижесінде соңғы уақытта барған сайын маңызын жоғалта бастағанымен, толықтай жоғалып кеткен жоқ.

Кейбір бұқаралық ақпарат құралдарында әлі де қоғамдық санада, әсіресе әйелдер қауымы санасында басшы әйел бейнесінің тартымсыздығы ұғымын сіңіруге бағытталған «дәйек» насихатталады. Көптеген елдерге тән ерекшелік әйелдерді билікке тарту мәселелерінде неғұрлым озық ойлы болып қала халқы табылатындығында, алайда, Қазақстанға тән ерекшелік қала мен ауылдық орта арасында бұндай озық ойлылық деңгейіндегі алшықтықтың тым үлкен болып табылатындығында.

Тұтас алғанда, қоғамдық санадағы, үлгілік-өнегелік құндылықтардағы, діл тұрғысындағы өзгерістер өте-мөте баяу жүруде. Сондықтан, бүгінгі таңда Қазақстанда баяғыша әйел затының «әлсіздік» туралы ұғым басым екендігін айтуға болады, бұл ретте, әйелдердің көтеруіне тура келетін дене жұмысы ауыртпа-лығы, психологиялық салмақ, аса ауыр тұрмыс жүгі осы айтылған табиғи

әлсіздікке кереғар екендігі ескерілмейді, мәселе әлсіздіктің ер адамның билігіне жаппай тәуелтілік ретінде қабылданатындығында.

Дамыған елдерде әйелдердің әлеуметтік-экономикалық ахуалының жақсаруы әйелдерді саясат пен билікке тарту үшін қажетті жағдай ретінде қарастырылады. Әйелдердің басым көпшілігінде отбасын асырау сияқты үйреншікті мәселе неғұрлым өзекті болып табылады, сол себепті де, олар бұндай ахуалды жақсарту әрекеті ретіндегі саяси мансап жолын бастау мақсатын орындалмас бос қиял санайды, оның үстіне, олар патриархаттық қатынастар жағдайында тәрбиеленсе, мәселе, тіптен, күрделенеді. «Сана төңкерісі» тек қалалық жас әйелдер қауымы бөлігіне ғана тән, бірақ, олар да, әдетте, билікке, саясатқа баруды мақсат етпейді, қайта, негізінен, материалдық тәуелсіздікке ұмтылады, көбіне, шетелдік компа-нияларда жақсы қызмет-мақсатқа қол жеткізіп, жақсы ақша тауып, сәтті тұрмысқа шығуды армандайды. Саяси билікке жету келешегі тек санаулы қыздарды тартады, себебі, олардың көзінде саясат тым күрделі әрі лайықсыз іс болып табылады. Мейлінше көп әйелдердің билікке енуі мәселесі көптеген елдер, соның ішінде, Қазақстан үшін де өзекті.

Сонымен, әйелдер билікке қажет, өйткені, олар өзгерістердің катализаторы бола алады, олардың билік құрылымдарына келуі – тұтастай алғандағы қоғамдағы әйелдер қауымының, демек, әрбір жеке алғандағы әйелдің мәртебесін арттырудың әділ де қажетті шарты. Бұған қоса, әйелдер тұрғысындағы мемлекет саясаты дербес бағыт ретінде қажет, өйткені, әйелдер ахуалымен байланысты айырықша ерекшелікті мәселелер тобы бар және де, әдетте, дәл осы әйелдер ол мәселелерді басқалардан артық түйсініп, зерде-лейді және оларды шешу жолдарын ұсына алады. Сонымен бір мезгілде, билікке келген әйелдер бөле-жара әйелдер мәселелерін шешуі тиіс деп айту дұрыс емес. Көшбасшы әйел қоғам үшін барынша өмірлік маңызды мәселелерді шешуі тиіс, ол мәселелер ерлерге де, балаларға да. қарттарға да қатысты болуы мүмкін. Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, саясатта (басқа да салалардағыдай) әйелдер немесе ер адамдар неғұрлым білікті болатын салалар бар, бірақ, бұл, мысалы, денсаулық сақтау немесе білім беру саласында ер адамға басқарушы қызметтерге жол жабық болуы тиіс немесе әйел ішкі істер министрі қызметін атқара алмайды дегенді білдірмейді; бәрі нақты жағдайға, ортаға байланысты, бірақ, кез-келген жағдайда, билік орындарына таңдау немесе тағайындау барысында гендердік сипаттарды емес, кәсіби сапаларды басшы-лыққа алу қажет. Біздің парламентімізде небәрі бірнеше әйелдің өкіл болуы, тіптен, депутат әйелдеріміздің «әйелдік сипатты» мәселелерді шешуге белсенді қатысуын дйттемейді.

1. *Қазақстан-2030. – Алматы: ЮРИСТ, 2005. – 85 б.*

2. *Отчет о положении женщин в Республике Казахстан от 1997 г. – Алматы: Издательство «Мальвина», 1997. – С. 4.*

Түйін

Мақалада саяси ғылымда толық зерттелмеген Қазақстан әйелдерінің қоғамның саяси өміріне араласуының өзекті мәселелері қарастырылады.

Резюме

В статье рассматриваются актуальные вопросы участие женщин Казахстана в политической жизни общества, которые недостаточно изучены в политической науке.

Summary

This article is considered the topical problems of Kazakh women participations in the political life of society which it was studied in political science insufficiently.

ӘОЖ 613.98

ҚАРТ АДАМДАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК БЕЛСЕНДІРУШІ СТРАТЕГИЯ

О.Нұсқабаев – а.ғ.д., проф.,

Г.Т. Қадыр – магистр, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Туркестан қаласы

Қазіргі жағдайда өзіндік өмірдің жеке жауапкершіліктің қалыптасуы өсуде. Қазіргі таңдағы қарт адамдар “өз орнында отырып, өз істерімен айналысқысы келмейді”, олар әлеуметтік және саяси мәселелер-лерді шешкісі келеді және шешеді алады. Сонымен қатар өздерінің күштерін жүзеге асырып, әлеуметтік кеңістікке араласуға бара-бар жолдар тапқысы келеді. Ал екінші сипатта, яғни өзінің

конфорлизмі арқылы төнген қауіпті теңестіргісі келеді. Дегенмен де қарт адамдар объективті негіздерге сай қызметтің шектелуі экономикалық салада жүреді. Оған қажетті көмек экономикалық немесе утилитарлық керек емес, ол әлеуметтік, діни, тәрбиелеу, эстетика, салалардан қажет. Қартайған шақта өмірдің бағыты, қажеттіліктер-ді қанағаттандыруға бағытталған, утилитарлық екен құндылықтарды өндіретін тура мақсаттағы салалар-дан негіз алып отырады [1, 19-29 б.].

Адамның қартайған шағында абыройы мен таңдау еркіндігін сақтап заңды құбылыс. Әлеуметтік қызмет көрсетудің қызметкерлері тәуелді қатынас көп айтады. Қарт адамдарға байланысты стратегияны қорғаушылар ресей мәдени дәстүрімен санасады. Бұл социсталды деңгейде мемлекет институттарының қызметі негізінде жататын патериалистік принциптерден көрініс табады.

Қарт адамдардың еркіндігін қолдау үшін оларды қажетті көмек берумен қорғау үшін. Бірақта шын мәнінде адамның жеке ісіне араласу жағдайлары, қарт адамдар физикалық қамау деп түсінеді. Қоғамның қарт адамдарын бөлуге мүмкіндік береді [2, 136 б.]. Госпитализм деп аталатын құрылады, бұл “жабық” ұйымдарға тән құбылыс, ол бейімделуге еш мүмкіндік бермейді. Жоғарыда көрсетілген жағдайлар тұлға-ның өшуіне әкеледі: эмоционалды салада – күмәндану, ашуланумен көрінеді, когнитивті де өткендегі ойлар, қайғыру, болашақтан бірдене күту (ауру, құқықтық шектеулі, өлім) болып табылады [3. 163-166 б.]

Көмек көрсету (өзара келісімділік) сипатта болады. Күнделікті өмірде қарт адамдар балаларға әртүрлі көмектер көрсетеді. Әлеуметтік саясатты концептуалдық және тәжірбиелік деңгейде жүзеге асыру түсіні-гі. Біреуге көмек көрсету қажеттіліктерін жүзеге асыру механизмін жасаумен қарт адамның жеке күшін белсендіруге бағытталған әлеуметтік көмектің мәселелік кеңістігін маңызды түрде кеңейтер еді [4, 136 б.]. Назардың ынталандыру стратегиясына бұрылу, қамқоршы стратегиясын іс-тәжірбиеде пайдалануды жоққа шығармайды.

Ынталандыру стратегиясы бірнеше бағыттарда жүзеге асырылады:

1. өзінің қартаюына байланысты превентивті әрекет арқылы, өмір сүрудің алдын ала дайындалу мәдениетін қалыптастыру.

2. қарт адамдарды қамқорға алудың әр алуан түрлерін дамыту.

Ынталандырудың стратегиясының көрсетілген бағыттардың бірінші превентивті сипатта болып келеді: және де тек қана қарт адамдарға да бағытталады. Соңғыларына қарттық “кенеттен” немесе “бүгін-ертең” келмейтінін ескеріп, оны жақсы деңгейде қарсы алу үшін дайындалу керек. Қазіргі қалыптасқан жағдайда қарттық адамның жеке тұлғалық мәселесіне айналуға.

Жан-жақты сақтандыру, өзінің қарттығын қамтамасыз ету шараларын айырып, өзін-өзіне қамқор болу жеке импульсынан алшақтатады [5, 576 б.]. Мемлекеттің қамтамасыз ету жүйесінде жеке іс-әрекетпен қайырымдылық үшін бос орын қалуы керек. Көмек беру процесіне абайлықпен келу керек, өйткені артық көмек тұлғаның өзгеруіне әкеліп, нәтежиесінде жұмысқа жарамай қалуы мүмкін. Ауысу үздіксіз процеске айналғанда, жеке адам өмір бойы инфантилді жағдайда қалып қояды. Тұтынудың бұл амалы оны толық қанағаттандырады. Егер қоғам оған көмек беруін тоқтатса, онда жеке адам ауру немесе ашумен жауап береді.

Бұқараның инфантилдігін қолдайтын заңдар тұлғаның адамдық құндылықтар деңгейін төмендетеді. Адамдардың қартайғысы келмейтіндігі туралы ақталу сөздері, олардың бейімделе алмау жағдайларына әкеледі. Қазақстанда әлеуметтік шығынның өсу барысы төмендегенде және мемлекеттік көмек көрсету шарты қиындағанда, қартайғанға байланысты зейнетақы басты және тұрақты кіріс көзіне айналғанда, сұрақтың былай қойылуы белгілі бір түзетуді қажет етеді және әлеуметтік сақтандыру, мемлекеттік көмек көрсету бағдарламаларының дамуы мен қатар (қосымша кепілдік қамтамасыз ету, арнайы азық-түлік көмегі, үйге төлеуде мемлекеттік көмек) болуы керек [6, 278 б.].

Геронтологиялық категория, әлеуметтік қорғаудың әдістерімен активті және пассивті бағыттарын анықтау үшін қажет. Көмекпен қолдау көрсету кезінде, үлкен жастағы топтардың өсуін ескеру керек (75-79, 80-84, 85 жас және одан үлкен). Олар қоғамның ерекше назарын талап етеді, әсіресе қарт адамдардың кейбір топтары, айталық, мигранттар, басқындар, отбасы жоқ қарт адамдар және денсаулығы нашар қарт адамдар, әлеуметтік қызметті әр алуан қылу қажет, соның ішінде реакциялық қызметтің жеткілікті және таралуын, жалпы өркениеттегі тәртіптегі реакциялық түрлер мен құндылықтарды “стандартизациялау”. Қызметтің санымен әртүрлілігі қарт адамдардың өмір сүру бейнесіне әсер етеді, адам ресурстарын белсендірудің тұтқасын айналу мүмкін. Қазіргі Қазақстанда геронтологиялық қызметті тұтыну төменгі деңгейде болып отыр.

Ынталандыру стратегиясының екінші бағыты қарт адамдарды қамқорға алудың түрлерінің дамуымен байланысты: ұрпақаралық тәжірбиенің қатынасына әлеуметтік геронтологияда ұрпақтық

амал, әлеуметтік жағдайда үш өмірлік өлшемнің бар екендігін көрсетіп отыр: жастар, үлкендер және қарттар.

Қазіргі таңда ұрпақаралық қатынастың келесі моделдері қалыптасқан, онда қарт адамдар қамқор мен қолдаудың белсенді субъектісі болып табылады.

1. Қарт адам бала бағушы мен тәрбиеші рөлінде. Бұл моделді жүзеге асыру үшін физикалық күшті, жақсы қозғала алатын қарт адамдарды тарттады. Балаларды қорғау орталықтары, бала бақшалар және мектептер, тәрбиешілер істейтін орындар, ал ауру бағушылар, ауруханаларда, отбасыға көмек көрсету орталықтарында, кітапханалар мен бала бақшаларда жұмыс жасай алады.

2. Қарт адам жетекші және тәрбиеші рөлінде.

3. Қарт адам үлкен дос, жасөспірімдір үшін жаттықтырушы рөлінде. Ұрпақаралық қатынастың бұл түрі ертеден белгілі [7, 131-143].

4. Қарт адам кеңес беру қызметін агент рөлінде.

5. Қарт адам конфликт жағдайында делдалмен кеңесші рөлінде.

6. Қарт адам өзара көмекті ұйымдастырушы.

Қарттардың идеалды өмір сүруі ол тәуелсіздік деңгейі жоғары тығыз әлеуметтік байланыс. Біздің ойымызша басымды болып, қарт адамдардың тіршілік әрекеті түрінің жаңа құрылысын іздеу табылатын сияқты (өмір сүріп жатырған дәстүрлі қарттар үйімен қатар) «уақытша пана орталықтары», «арнайы пәтерлер», геронтологиялық қоныстар» бұлар емдеу құрылыммен үй арасындағы құрылым ретінде өзара көмек негізінде тұрмысты ұйымдастыруға көмектеседі. Жас және дені сау қарттар, көмекті қажет ететін-дерге көмек көрсетеді.

Қартайып бара жатқан қоғам басқа көлемдегі геронтологиялық білімді қажет етеді, қазіргі геронтологиялық әртүрлі саласының дамуын керексінді, ең алдымен, әлеуметтік геронтология, ол қарттықты «көптеген мүмкіндіктер аймағы» ретінде қабылдауға көмектеседі. Яғни адамның және қоғамның динамикалық дамуының ресурсы ретінде көрінеді. Геронтологиялық компотентілік ұрпақаралық өзара әрекетке көптеген кедергілерді жеңуге, ұрпақтардың байланысының контексті екенін түсінуге, олардың симбиот-тылық көруге көмектеседі және кез-келген мәдени текстің үздіксіз өмір сүруінің тура шарты болып табылады.

1. Аврамов У.М. *Формирование новой российской макроидентичности общественной науки и современности* 1999 г.

2. Александрова М.Д. *Проблемы социальной и психологической геронтологии*, 1995.

3. Павленок П.Д., Руднева М.Я. *Технологии социальной работы с различными группами населения Учебное пособие*, – М., 2010 г – 163 с.

4. Альперович В.Д. *Социальная геронтология*, 1998.

5. *Отбасы және денсаулық №10 2004 ж* Сәнов С., Ким Р. «Геронтология және гериатрия, яки егде тартқан адамдарды және қартайған науқастарды емдеу мен күту».

6. Алматыда еркектерден әйелдер 109000-ға артық. Тәтімов М. «Алматы ақшамы» газет. №53 (3443), 14.05.2006.

7. *Уровень жизни населения – Алматы*, 2006.

Түйін

Мақалада қарт адамдарға әлеуметтік көмек белсендіруші стратегиясы баяндалды.

Резюме

В статье доложены активные стратегии в социальной помощи у пожилых.

Summary

In the article given a report active strategy at social to the help at elderly.

ОҚЫТУШЫЛАРҒА КӨМЕК В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ

ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТТАРДЫҢ САЯСИ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Р.Б. Әбсаттаров – *ф.ғ.д., проф., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистратура және PhD докторантура Институтының саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі*

Әлеуметтік даму үрдісінде біртүрлі немесе өзінің қызметінің мазмұны бойынша және атқаратын функциялары бойынша әлеуметтік ұйымдар көбінесе аса ірі әлеуметтік қауымдастықтарға бірігеді, олар белгілі бір дәрежеде осы ұйымдарға енген адамдардың мінез-құлқын (жүріс-тұрысын) реттейді. Мұндай жағдайда жекелеген индивидтер сондай бір әлеуметтік қауымдастықтарға тартылатын болады да олардың мінез-құлқы бәріне ортақ заңдармен, нормалармен, ережелермен, мақсаттармен және міндеттермен ұйымдастырылатын болады.

Осындай қоғамдық бірлестіктердің бірі, әлеуметтік қатынастар мен өзара әрекеттердің салыстырмалы түрдегі тұрақтылығын, олардың азды-көпті ұтымды реттілігін қамтамасыз ететін әлеуметтік институттар. Әлеуметтік институттар құра отырып және олардың қызметіне қатыса отырып, адамдар әлеуметтік әрекеттердің белгілі бір түрін бекітеді және нығайтады. Оларды сол қауымдастықтың немесе қоғамның мүдделері үшін тұрақты және міндетті етеді.

Сондықтан қоғамдық тәртіпті қолдау үшін және әлеуметтік топтардың, қоғамның өзара әрекетінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік институттар өмір сүреді. Әлеуметтік институттарды ұйымдардың алуан түрлі формаларының жиынтығы ретінде және әлеуметтік қауымдастықтың, жалпы қоғамның дамуы мен өмір сүруі үшін қажетті функцияларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастарды, әлеуметтік мекемелерді, норма жүйелерін, әлеуметтік рөлдерді реттеуші ретінде айқындауға болады.

Әлеуметтік институттар – бұл адамның ойлап тапқан ұлы әлеуметтік-саяси жетістігі. Олар әлеуметтік-тің (күні бұрын айту, сенімділік, жүйелілік және т.б.) басты басылымдықтарына жетуді қамтамасыз етіп қана қоймайды. Әлеуметтік институттар қайсыбір қажеттілік қалай да

қанағаттандырылды деген сенімге негіз береді және осы мақсаттың сапалы деңгейде орындалатынына сенім ұялатады.

Әлеуметтік институттар қатарына мемлекет, саяси партиялар, әскер, сот, отбасы, құқық, мораль, дін, білім және т.б. жатады. Әлеуметтік институттардың пайда болуына қоғамдық әлеуметтік-саяси қатынас-тар, әлеуметтік, саяси қызметтер және әлеуметтік, саяси үрдістер салаларын арнайы реттеудің объектив-тік қажеттігі септігін тигізді. Осының бәрін дұрыс, саяси түсіну үшін, ең алдымен, әлеуметтік институттар ұғымы мен анықтамасын айқындау қажет.

1. Әлеуметтік институттар ұғымы және анықтамасы

Индивидтердің қоғамдағы өмірі әлеуметтік институттар арқылы ұйымдастырылады. «Институт» термині (лат. institutum сөзінен шыққан) «құру-ұйымдастыру», «орнату-белгілеу» деген түсінікті білдіреді. Әлеуметтану мен саясаттануда институт адам – тіршілік әрекетінің қайсыбір жақтарын реттейтін және олардың рөлдері мен мәртебелерінің жүйесін ұйымдастыратын нормалардың, ережелердің және символ-дардың тұрақты кешені ретінде анықталады. Әдетте институт деп адамдар мінез-құлқының стандартталған тәсілдері түсіндіріледі, бұлардың көмегімен әлеуметтік-саяси құрылым – әлеуметтік-саяси қатынастар жүйесі уақыт пен кеңістікте өзінің өмір сүруін сүйемелдейді. Мысалы, отбасы институты – бұл қоғам қабылдап, тұқым жалғастырумен байланысқан ер адаммен және әйел адамның тұрақты бірлескен өмірінің формасы. Бұдан отбасындағы өзара қатынас нормалары, отбасын құру ережесі, рөлдік міндеттер мен құқықты бөлу, символдар жүйесі жатады, бұлар арқылы қоғам осы өмір саласымен байланысқан өзінің түсініктерін бекітеді. Бұл саяси мәселе. Мысалы, қазіргі қоғамда отбасы неке одағын бұзуға еркіндігі, әрі тек құқығы бар, олардың некесінен туған балаларына біріккен жауапкершілігі бар, өз бетінше отбасын құруды жоспарлауға, балалардың санын реттеуге, керексіз жүктілікті тоқтатуға құқығы бар еркек пен әйелдің моногамды одағы және әлеуметтік-саяси құбылысы ретінде түсіндіріледі. Қазіргі қоғам өзінің мүшелерінен некені міндетті түрде діни бекітуді талап етпейді. Тіптен азаматтық некеде тұрмайтын екі адамның ұзақ мерзімді бірлескен өмірі қайсыбір аспектілерде, қазіргі қоғам отбасы ретінде қарастырады. Қазіргі отбасы, әдетте, нуклеарлы, аз балалы, оның идеалы құқықпен, міндеттермен, және жауапкершілікпен, сонымен қатар, еркіндік теңдігімен сипатталады.

Осының бәрі бірігіп, қазіргі қоғамдағы отбасы кең жайылған сипаттамасын қалыптастырады. Аталмыш мысалдан біз әлеуметтік институттың не екенін анығырақ түсінетін боламыз. Әрбір қоғамда, әлеуметтанушылардың, саясаттанушылардың айтысына қарағанда, міндетті түрде әлеуметтік институт-тардың минимум бес тобы болады. Оларға мыналар жатады:

- Саяси институттар, бұлар билікті жүзеге асырудың және билік төңірегіндегі қатынастардың регламенті;

- Экономикалық институттар, – тауар өндіру мен бөлудің және қызмет көрсетудің регламенті.

- Стратификация институттары, бұлар қоғамдағы мәртебелік позициялар мен табыстарды бөлуді реттейді.

- Туыстық институттар, – туыстардың, ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың арасындағы қатынастарды ұйымдастыратын, халықты ұдайы өндіруді және салт-дәстүрлерді таратуды қамтамасыз ететін институттар.

- Мәдениет институттары. Мұның құрамына дін, білім және өзінің мәдениет институттары кіреді. Бұлар жаңа ұрпақтардың әлеуметтенуі үшін, әлеуметтік, саяси құндылықтарды сақтау мен жеткізу үшін жауапты.

Қоғамдық өмірдің қайсыбір саласында әлеуметтік-саяси тәртіпті белгілеу жүйесі яғни қайсыбір әлеуметтік институт қалыптасуы үшін оған қажетті алғышарттар болуы тиіс [1]. Біріншіден, қоғамдағы инди-видтердің көпшілігі осы институтқа деген әлеуметтік-саяси қажеттілігін мойындауы керек. Екіншіден, қоғам сол қажеттіліктерді қанағаттандыруда тиісті құралдарды иеленеді, атап айтқанда ресурстарды (ма-териалдық, еңбек, ұйымдық), функцияларды, әрекет жүйесін, индивидуалдық мақсаттылықты, мәдени ор-таны құратын символдар мен нормаларды иеленуі керек. Бұлардың негізінде жаңа институт қалыптасады.

Әрбір институт өзіне белгілі бір қызмет саласын: бекітілген құқық пен міндеттер негізінде қайсыбір қоғамдық, саяси, ұйымдық немесе басқарушылық функцияларын орындау үшін өкілетті адам топтарын; ресми қызметкерлер арасындағы қатынастардың ұйымдық нормалары мен қағидаттарын (басшы-бағыну-шы қызметкер, оқытушы-студент және т.б.); алға қойылған міндеттерді шешу үшін қажетті материалдық құралдарды (қоғамдық ғимараттар, құрал-жабдықтар және т.с.с.) қосып алған. Десекте әрбір қалыптасқан институттың өз мақсаты болады, яғни бұл институттың қызметі бағытталған топтық немесе қоғамдық – саяси қажеттіліктер шеңбері.

Әлеуметтік институт ретіндегі жоғары мектептің құрылымын мысал етіп қарастырып көрелік. Ол білім Министрлігінің қызметкерін, жоғары оқу орындарының оқытушылар құрамын, әкімшілік және қоғамдық ұйымдарын, студенттер мен студенттердің өзін-өзі басқару органдарының қосқан, қажетті материалдық құралдарында (қаржылық қамтамасыз ету, оқу ғимараттары, ғылыми зерттеулері, кітапхана-лары, зертханалар және т.б.) иеленген. Жоғары мектептің негізгі мақсаты (функциясы) – жоғары білікті мамандар дайындаудағы қоғамның қажетін қанағаттандыру.

Әлеуметтік институттардың екі позициядан сыртқы, формальді құрылым тұрғысынан, ішкі, мазмұнды қызмет тұрғысынан қарастырылу мүмкіндігін айтуымыз керек. Сондай маңызды әлеуметтік институт болып табылатын юстиция институтын мысал етіп қарастырамыз. Өзінің сыртқы жағынан ол ерекшелікті қызметкерлердің (прокурорлар, судьялар, адвокаттар және т.б.) және мекемелердің (прокуратура, сот, қамау орындары) жиынтығы ретінде көрінеді. Бұлар белгілі бір материалдық құралдармен қамтамасыз ететін және белгілі бір нақты құқық қорғау функциясын атқарады. Өзінің ішкі мазмұны жағынан осы әлеуметтік юстиция институты, қоғамдағы тәртіпті қолдау функциясын қамтамасыз ететін өкілетті қызметкердің мінез-құлықтарының белгілі бір қалыпқа түскен үлгісінің жиынтығын білдіреді.

Қарастырылып отырған осындай феноменнің құрылымынан шыға отырып М.Вебер әлеуметтік инсти-тутқа тән екі ерекшелікті бөліп көрсетеді. Бірінші ерекшелік. Әлеуметтік институт олардың жиынтығы ретінде көрінеді, ол үшін адамдардың объективті мәліметтерді – мамандығы, білім деңгейі, белгілі бір білімнің және т.с.с. болуы негізге алынады. Екінші ерекшелік. Осы бірлестікте сол әлеуметтік институт-тың және онда орнатылған нормалар мен ережелерді, соның ішінде, мәжбүр ету бойынша санкцияны іске асыратын ерекшелікті аппарат құрамын кіретін барлық субъектілер басшылыққа алатын ұтымды заңдар-дың, ережелердің, нормалардың болуы, осы ерекшеліктердің арқасында әлеуметтік институт нормативті кешен іспетті көрінеді, сол арқылы адамдардың қоғамдық өмірдің маңызды салаларындағы – экономика-дағы, саясаттағы, мәдениеттегі, отбасындағы, әлеуметтік саладағы әрекеттері бағытталады және бақылау-ға алынады. Аталмыш ерекшеліктер әлеуметтік институтқа қоғамның тұрақтылығын, оның нормальді ұдайы өсуі мен дамуын қамтамасыз ететін нақты механизм қызметін атқаруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік институттардың келесі сипатты белгілерді иеленетінін айтуымыз керек.

Біріншіден, олар өзінің қызметінде белгілі бір нақты мақсатты иеленген.

Екіншіден, оларға алдарына қойған мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін белгілі бір функция-лар тән.

Үшіншіден, тек осы институттарда ғана әлеуметтік мәртебелер мен өнімдерді, функцияларды, құқық пен міндеттерді нақты бөлу іске асады.

Төртіншіден, әлеуметтік институттар өзара қарым-қатынастарды реттеудің ерекше типімен, осы институттың қызметіне қатысатын индивидтердің басшылыққа алатын заңдардың, жарлықтардың, нормалардың, ережелердің белгілі бір жүйесімен өзгешеленеді.

Бесіншіден, ауытқыған мінез-құлықты айыптайтын, бұлтартпайтын, басатын және кодексіне қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін санкция жүйесі әлеуметтік институттың ерекшелікті белгісі болып көрінеді.

Әлеуметтік институттардың аталмыш белгілерінің әлеуметтік, саяси ұйымдардың мәнді белгілеріне көбінесе дәл келетінін байқау қиын емес. Мұндай сәйкес келуді толық түсінуге болады, өйткені әлеумет-тік институттар әлеуметтік, саяси ұйымның ерекше типін көрсетеді. Сондықтан өзінің ерекшеліктеріне орай ол – саны көп формальді ұйымдардың сипаттамаларына сәйкес келеді. Алайда, әлеуметтік институт өзінің өмір сүруінде ұйымдардан өзгешелендіретін мәнді белгілерді де білдіреді.

Олардың келесілері аса мәнді болып саналады.

Біріншіден, кезінде М.Вебер атап кеткендей, индивидтердің және олардың топтарының әлеуметтік институт шеңберіндегі қызметі, мақсаттары мен құралдарына жету үшін институт ұтымды заңдармен реттелген, бұған олардың міндеттері сай келетін барлық қылықтары бағыт-бағдар ұстайды; егер де қылықтар мен міндеттер арасында алшақтық пайда болса және жекелеген индивидтер қолданыстағы заңдарға бағынғысы келмесе, онда мінез-құлықтың сәйкес типін реттейтін саяси, күштеу аппараты іске қосылады.

Т.Парсонс әлеуметтік институт қызметіндегі мәжбүр ету машинасының болуының маңыздылығын атап көрсете келіп, бұл қажеттілік институционалдырылған нормативтік міндеттерді авторитарлық түсін-дірменің керектігімен байланысты деп жазды.

Екіншіден, әлеуметтік институт адамдардың өзара әрекеті мен мінез-құлқының салыстырмалы түрдегі тұрақты және ұзақ мерзімді әрекет етуші типі іспетті, бұл оны өздерінің негіздеушілерімен

және рух берушілерімен қоса жоғалып бара жатқан көптеген ұйымдардан айырады. Мысалға, шіркеу әлеуметтік институт ретінде жүздеген, тіптен мыңдаған жылдар бойы өмір сүріп келгенін, ал Ресейдегі декабристердің құпия ұйымдары 10-15 жыл ғана өмір сүргендігін айтсақ та жеткілікті.

Үшіншіден, әлеуметтік институт – бұл адамдардың ірі масштабтағы қауымдастығы, оның ұйымнан айырмашылығы әдетте, өзіне жергілікті, аймақтық және жалпы (жалпы ұлттық) деңгейдегі ұйымдардың жүйесін қосып алып, кең тармақталған және күрделі иерархияланған құрылымының болуында жатыр.

Төртіншіден, әлеуметтік институттар қоғамның әлеуметтік-саяси, экономикалық, социомәдени және құндылықты құрылымына кіріктелген, бұл бір жағынан институт қызметінің құқықтық негізін формальді қамтамасыз етсе, екінші жағынан, оған қызметтің институционалдық типтеріне бақылау жасауға мүмкін-дік береді.

Бесіншіден, әлеуметтік институт табысты орындауды қамтамасыз ететін нормативтік заңдарды және жарлықтарды, сонымен қатар, әлеуметтік-саяси бақылауды тиімді жүзеге асыруға қажетті кадрлары, материалдық ресурстары және жағдайлары болады.

Алтыншыдан, әлеуметтік институт нақты адамның әдеттегі жағдайда өзін ұстау мінез-құлқы стандарт-тарының тұтас жүйесін иеленген. Әлеуметтік институттың құрамына кірген барлық индивидтер мен топтар сол институттың өз функциясын табысты орындауы мақсатында әлгі стандарттарды орындауға міндетті болады.

Осымен байланысты заңдардың болуы; ірі масштабтағы қауымдастықтың; кадрлар мен ресурстардың болуы; әрекеттің ұзақтығы; қоғам жүйесіне кіріктену; адамдар мінез-құлығының стандарттары әлеуметтік институттың өмір сүруінің мәнді белгілері болып табылатындығын айтуымыз керек.

Аталмыш ерекшеліктерді есепке алу қарастырып отырған әлеуметтік институтқа анықтама беруге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік институт – бұл тұрақты әлеуметтік, саяси құрылымымен, өз элементтерінің терең кірікте-нуімен, олардың алуан түрлі динамикалық функцияларымен, мінез-құлықтың орныққан ұтымды стандарттарының болуымен, шешімін табатын міндеттердің алдын ала белгіленген мазмұнымен ерекше-ленетін салыстырмалы түрдегі жоғары ұйымдасқан әлеуметтік-саяси қатынастар мен өзара әрекеттердің жүйесі.

«Әлеуметтік институт» ұғымы кейде қайсыбір әлеуметтік, саяси қызмет түрлерінің тәртіптелген жүйе-сі ретінде қолданылатынын; мекеме немесе мекемелер жүйесі ретінде аса тар мағынада қолданылатынын атап көрсету керек. Мемлекет мекемелер жүйесі ретінде немесе оның жекелеген бөлімдері: полиция, қарулы күштер, сот, прокуратура әлеуметтік институттарды осылай түсінудің мысалы болып табылады. Мұндай институт ұғымына саяси партиялар, кез-келген қоғамдық ұйымдар да жатады. Институттың екінші тар мағынадағы осы түсінігі қоғамтанушылардың «ұйым» ұғымына беретін мазмұнына жақын.

Әлеуметтік институттарды әлеуметтік-саяси мәртебелер мен рөлдердің, функциялардың, өзара әрекет-тің әрбір субъектісінің өкілдігі мен жауапкершілігінің, оларды жүзеге асыру үшін әрекеттер мен бақылау бірлігінің анық шектелуі ерекшеленеді.

Соның арқасында қоғамда белгілі бір жағдайлардағы адамдардың мінез-құлқы, қоғамның өз құрылы-мында әлеуметтік-саяси байланыстардың тұрақтылығы мен орнықтылығын алдын ала көру айтарлықтай қамтамасыз етіледі. Сондықтан әлеуметтік институттар қоғамының әлеуметтік-саяси құрылымының аса маңызды негізгі формаларының бірі болып алға шығады.

Әлеуметтік институт өзінің өмір сүру барысында сол қоғамның іргелі мақсаттарын, құндылықтарын, қажеттіліктерін сәйкестендіру жолы мен өмірде орын алған әлеуметтік-саяси жүйе үшін адамдардың алуан түрлі қылықтарын және әрекеттерін белгілі бір өміршең қажетті қызмет және әлеуметтік-саяси қатынас типіне апарды.

Осының арқасында ол қайсыбір қоғамдық өмір саласындағы әлеуметтік-саяси қатынастарды тәртіп-тейтін, адамдардың көптеген индивидуалдық және топтық әрекеттерін кіріктіретін және үйлестіретін қоғамның әлеуметтік құрылымының жетекші компоненті ретінде алда тұрады. Мысалы саяси институт-тар (мемекет, саяси партиялар) қоғамның әлеуметтік топтары мен қауымдастықтарын әлеуметтік-саяси кіріктеуін іске асырады; мәдениет институттары (шығармашылық одақтар, театрлар, мұражайлар және т.б.) құндылықтарды, идеаларды, үлгілерді бекіту және қолдау көрсету жолымен адамдардың мінез-құлқын нормативті реттеу функциясын атқарады.

Көптеген институттар – бюрократиялық ұйымдар болғандықтан олар өзіндік бір «ауруларға» шалды-ғады. Революция немесе тездетілген әлеуметтік өзгерістер кезеңінде көптеген дәстүрлі

институттар өз қызметін тоқтатады, болмаса жаңа міндеттерді шешуге бейімделеді. Екінші жағынан, жаңа қоғамдық институттарды қалыптастыру уақытты талап етеді. Нәтижесінде адамдар қатал қиыншылықтарға ұшырайды. Бұдан дәстүрлі өмір салаларындағы қоғамдық тәртіпті қолдауда және жаңа әлеуметтік-саяси қатынастарда пайда болатын жөнсіздік көрінеді.

Қоғамның тәртібі бұзылған институттардың мұндай өтпелі кезеңдерін, Э.Дюркгейм аномия деп атаған. Әрбір жеке адамның өмірі және әлеуметтік топтардың қызметі шешуші дәрежеде әлеуметтік институттардың тиімді жұмысына байланысты болғандықтан қоғамтанушылар әрқашан осы мәселені зерттеуге үлкен маңыз берген.

Әлеуметтік институттардың әлеуметтік ортамен өзара әрекеті, олардың қызметінің маңызды сипатта-масы болып табылады. Егерде институт өзінің алдына қойған мақсаттарын тиімді шешуді қамтамасыз еткен болса, онда өзара іс-әрекет айтарлықтай қиыншылыққа соқтырмайды. Алайда әлеуметтік институт-тар әлеуметтік-саяси өзгерістердің ықпалында және жаңа қоғамдық қажеттіліктердің қалыптастыруының нәтижесінде уақыт талаптарына жиі жауап бере бермейді. Қайсыбір институттардың қызметіндегі осындай сәйкессіздіктердің нәтижесінде дисфункция құбылысы пайда болуы мүмкін. Бұл құбылыстар сыртқы, формальді (ұйымдық) салалармен қатар, олардың қызметінің мазмұнына, сипатына әсер етуі мүмкін. Формальді ұйымдар тұрғысынан алғанда, мысалы Кеңестер жүйесі заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып бөлінуге негізделседе қоғамның заманауи саяси ұйымдарының демократиялық әдістеріне сәйкес келмейді.

Посткеңестік қоғамдағы білім институттары мазмұны жағынан алғанда білім беру тұжырымдамасының өзін өзгертуді, басқа пәндерді таңдауды және басқа т.б. өзгертуді қажетсінеді [2], яғни қалыптасып келе жатқан нарықтық қатынастардың және еңбек нарығында болатын өзгерістердің қажеттіліктеріне бағыт-бағдар ұстауы тиіс. Десекте дисфункция құбылысы қайсыбір дәрежеде кез-келген қоғамдық институ-ттардың қызметіне тән. Нарық институттары (корпорациялар, банктер, биржалар және т.б.) капиталды тиімді қайта бөлудің және еңбекті ынталандырудың қуатты механизмдері болып табылады. Алайда мемлекет қор биржаларындағы алып-сатар операциялар мүмкіндігін, рыноктарды монополиялық басып алуларды шектейтін және т.б. қорғайтын құқықтық аспектілердің тұтас жүйесін қабылдап, осы институт-тардың қызметінің экономикалық, саяси және әлеуметтік салдарын тұрақты түрде бақылауға алуға мәжбүр болып отыр.

Осылайша, жоғарыда айтылғандардан шыға отырып, әлеуметтік институт – өзара келісілген жүйе арқылы мақсатты бағыт-бағдар ұстаған мінез-құлық стандарттарын жүзеге асыратын, жүйеде олардың пайда болуы мен топтасуына әлеуметтік институттың нақты шешетін міндеттерінің мазмұны септігін тигізген әлеуметтік-саяси қызмет пен әлеуметтік-саяси қатынастардың белгілі бір ұйымы, – деген қорытынды жасауға болады. Функцияларын атқара отырып, әлеуметтік институттар өздері сәйкестендір-ген мінез-құлық стандарттарына келісіп, оның құрамына енген адамдардың әрекетін мадақтау және осы стандарттардың талаптарынан ауытқыған мінез-құлықты басып жанышады, яғни индивидтердің мінез-құлқын бақылайды, тәртіптейді.

Әлеуметтік институттар қажеттілік типі мен өзі шешетін міндеттері бойынша ажырайтынын айтуымыз керек.

2. Әлеуметтік институттардың типтері

Қазіргі қоғам әлеуметтік институттар жүйесінің ұлғаюымен және күрделенуімен сипатталады. Бір жағынан, сол бір ғана қажеттілік көптеген арнайы институттарды туындата алады, екінші жағынан, әрбір институционалдық кешен, мысалы отбасы, коммуникация, қызмет көрсету өндірісі, одақты бөлу, индиви-дуалдық және ұжымдық қорғау, тәртіп пен бақылау қажеттіліктерді жүзеге асырады.

Әлеуметтік институттарда тарих барысында болатын өзгерістер институттардың өздерінде сақталған ішкі себептерге, әдетте үстем етуші әлеуметтік топтардың мүдделеріне осы институттың өмір сүру тиімділігі төмендеуіне байланысты болады, ал сыртқы факторларда бұл, мысалы қоғамның жаңа білім алуына, түсінігіне, дүниетанымына байланысты болады.

Мысалы, басыбайлық құқығы институтының күні өтіп жойылды. Өйткені барлық елдерде Ағартушы-лық идеология қалыптасып жайылған еді; оған сәйкес, адамдардың бәрі табиғатынан тең және басыбай-лық қожайындар үшін де, шаруалар үшін де маскара, сондықтан басыбайлардың еңбегі экономикалық тұрғыдан тиімсіз болды және феодалдық жер иеленушілердің экономикалық озықтығын қамтамасыз етуден қалды.

Әлеуметтік-саяси жүйелердің дамуы институттар эволюциясына алып барады. Ол әлеуметтік институ-ттардың дәстүрлі моделінен қазіргі модель бағытына қарай жүреді.

Әлеуметтік институттарға және олардың қоғамда өмір сүру ерекшеліктеріне саяси-әлеуметтанулық талдау жасау үшін оларды типтеу айтарлықтай маңызды.

Олардың қызметін тәртіптеудің регламентация каталдығы мен тәсілдеріне байланысты әлеуметтік институттар формальді және формальді емес болып табылады. Формальді әлеуметтік институттар өздерінің мәнді айырмашылықтарына қарамастан бір ортақ белгімен бірігеді: осы бірлестіктегі субъектілердің арасындағы өзара әрекет формальді ескерілген заңдардың, ережелердің, баптардың және т.б. негізінде жүзеге асады. Егер де әлеуметтік институттар әлеуметтік-саяси байланыстар жүйесінің қуатты арқаны болса, онда формальді әлеуметтік институттар – қоғамның беріктігін анықтайтын айтарлықтай төзімді және икемді металдан жасалған тірегі. Мұндай институттардың (мемлекет, әскер, шіркеу, мешіт, білім беру жүйесі және т.б.) қызметінің және өзін-өзі жаңартуының жиілігі әлеуметтік-саяси мәртебелерді, рөлдерді, функцияларды, құқықтар мен міндеттерді әлеуметтік-саяси өзара әрекетке қатысушылардың арасында жауапкершілікті бөлуді, қатал регламентациялаумен қамтамасыз етіледі, сондай-ақ әлеуметтік институт қызметінің талаптарына жауапсыз қарағандарға қатаң тәртіп қойылады. Белгілі бір шеңбердегі міндеттерді жүзеге асыру еңбек бөлінісімен және атқарылатын функциялардың кәсібилігімен байланысты. Өзінің функцияларын орындау үшін формальді әлеуметтік институттың мекемелері бар, солардың (мысалы, мектеп, жоғары оқу орны, колледж, лицей және т.б.) шеңберінде адамдардың белгілі бір кәсіби бағыт-бағдар ұстаған қызметі ұйымдастырылады; әлеуметтік-саяси әрекеттерді басқару жүзеге асырылады, оларды іске асыру үшін бақылау орнатылады, сондай-ақ, бұған қажетті ресурстар мен құралдар ай-кындалады. Формальді әлеуметтік институттар қазіргі қоғамдарда зор рөл атқарып, қатары артып келеді.

Формальді емес әлеуметтік институттар өз қызметінде белгілі бір нормалармен және ережелермен тәртіптелсе де, бірақ олар қатты регламентацияны иеленбеген, ал олардағы нормативті-құндылықты өзара қатынастар: жарлықтар, заңдар, жарғылар және т.б. түрінде анық белгіленбеген.

Достық формальді емес әлеуметтік институтқа мысал бола алады. Кез-келген қоғамның өмірін сипаттайтын элементтердің бірі болып саналатын достық адамзат қоғамының міндетті, тұрақты құбылысына айналған. Оған әлеуметтік институттың көптеген белгілері тән, атап айтар болсақ, белгілі бір нормалардың, ережелердің, талаптардың, ресурстардың (сенім, ұнату, берілгендік, адалдық және т.б.) болуы соны айғақтайды. Алайда достық қатынастарды регламентациялау формальді сипаттан аулақ, ондағы адамгершілік нормалары, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар және т.б. формальді емес санкциялардың көмегімен жүзеге асады.

Осымен байланысты достықтың, соның ішінде махаббатта, қызметтегі әріптестерімен өзара қатынаста да, туыстық қатынастарда да анық шекарасының болатындығын айтуымыз керек, бірақ бұл жерде әріптестердің мәртебелерін, құқықтары мен міндеттерін анық кәсіби бекітулер жоқтың қасы.

Формальді емес әлеуметтік институттарды қызметтің құрамдары мен әдістеріне, функцияларына қатысты арнайы заң актілер мен нормативтік құжаттарда анық белгіленген және бекітілген жарлықтар жоқ, бірақ бұл институттар, сонымен қатар, мейлінше кең әлеуметтік мағынада басқару және бақылау функцияларын атқарады, өйткені ол азаматтардың әлеуметтік шығармашылығының және еркін білдірудің (алуан түрлі мәдени және әлеуметтік қорлар, әуесқойлардың шығармашылық бірлестіктері, қызығушылықтары бойынша құрылған бірлестіктер) нәтижесі болып табылады. Әлеуметтік бақылау мұндай формальді емес институттарда қоғамдық пікірлерде, дәстүрлерде, әдет-ғұрыптарда белгіленген нормалардың көмегімен, яғни формальді емес санкциялардың негізінде жүзеге асады. Құқық нормаларына немесе басқа да формальді санкцияларға қарағанда қоғамдық пікірлер, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер адамдардың мінез-құлқын бақылаудың аса тиімді құралы екенін көрсетті. Адамдар да өздерінің әрекеттері мен достарының жасырын айып тағушыларынан гөрі ресми басшыларының немесе билік өкілдерінің тарапынан болатын жазалануды артық көретіндер де кездеседі.

Қызметтің мазмұны мен бағытталуына байланысты әлеуметтік институттар әртүрлі: саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, діни, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, отбасы және т.б. типтерге бөлінеді.

Саяси институттар билікті жеңіп алу, ұстап тұру және нығайту мақсатында оны жүзеге асыру мен бөлу мұратында құрылады. Саяси институттар саяси билікті іске асырады, оның қажеттігін индивидтердің, әлеуметтік топтардың ресурстарды, құндылықтарды және өзге де әлеуметтік, саяси маңызды нысандарды игеру қажеттілігінің шексіз еместігі айқындайды, олардың өз ықпалдарын кеңейтуге деген табиғи талпынысына әлеуметтік-саяси тұрғыдан анықталған шектеу қойылуы тиіс. Мұндай ресурстар материалдық сипатпен шектеліп қалмайды, оларға, сонымен қатар, қауіпсіздік, ақпаратқа қолжетімділік, мәртебе, бедел, билік жатады. Осындай шектеулер болмаса әлеуметтік-саяси өзара әрекеттер тәртіптелмейді және оларсыз әлеуметтік-саяси жүйе өзін анархияға ұрындыратын, кіріктеуін бұзатын егестер мен қақтығыстарды сөзсіз туындатады. Шектеуді қамтамасыз ету қоғамда биліктік қатынастарды, біреулердің басқаларға билігін орнатуды талап етеді.

Билік егестер мен қактығыстардың даму шегін анықтайтындай жағдайда болуға тиіс, олар шегіне жеткенде биліктік шешім қабылдауы керек, ол шешімдерді жұртшылық орындауға міндетті шешім ретінде қабылдануы тиіс.

Егер де билікті бір субъектінің екінші бір субъектінің белгілі бір мінез-құлқы, әрекеттік актілерін бақылауға алу мүмкіндігі ретінде анықталса, онда саяси билік, біріншіден, жалпы қоғамға тарайды, екіншіден, тек саяси билікте ғана санкцияның, соның ішінде физикалық мәжбүрлеу, еркінен және өмірі-нен айыру іспетті барлық түрлерін қолдану құқығы мойындалған. Алайда, саяси билік тарапынан болатын күштеу легитимді, яғни қоғам мүшелерінің басым көпшілігі оны мойындаған және қабылдаған болуы тиіс, және саяси билік осысымен қарақшылардан ерекшеленеді. Жалаң күштердің легитимділігі болмайды, оған қолданылатын зорлық-зомбылықтың беделін мойындағандықтан бағыну емес, керісінше, оған балама мінез-құлықтың болмауының салдарынан бағынушылық болып саналады.

Мемлекет әлеуметтік институт ретінде институционалдырылған саяси билікті білдіреді. Легитимділік саяси биліктің базасы ретінде дәстүрлерге, билеушінің көпшілік мойындаған беделіне және ұтымды демократиялық сайлауға негізделеді. Саяси билік әртүрлі жолдарымен құрылады және бөлінеді, тұтас немесе араласқан болып бөлінеді. Мемлекеттік басқарудың дәстүрлі типтеу формальді: автократия, яғни жеке билеушінің мемлекеті; олигархия, яғни жеңілдіктері бар аз ғана адамдардың үстемдігі және демократия сынды билікті бөлудің тәсілдерін қамтып көрсетті. Аристотель автократияның тиранияға (тиран үстемдігі), олигархияның плутократияға (қылмыскерлердің үстемдігі) және демократияның охлократияға (тобырдың үстемдігі) ұласу феномендерінің пайда болатындығын атап көрсетті.

Қазіргі заманда құқықтық мемлекет тұжырымдамасы мойындалды және дамытылды, ол кез-кеген мемлекеттік қызмет формасының құқыққа, ең алдымен институцияға бағыну идеясына негіздеген, конституцияның демократиялық қоғамдағы басты міндеті – азаматтардың маңызды құқы мен бостандығын сақтау мақсатында шек қоюшы, азаматтық қоғамның негізгі институттарының өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі ұйымдастыруына кепіл болушы қызметін атқарады. Осылайша құқықпен мемлекеттік билікті шектей отырып, конституция өзінде жарияланған азаматтардың азаматтық және саяси құқығын қорғайды, құқықтың бостандықты жүзеге асырушы ретіндегі маңызды функциясын іске асырады.

Экономикалық институттар бірлестіктер мен мекемелердің (ұйымдардың) жүйесін білдіреді, олар экономикалық қызметтің салыстырмалы тұрақтылығын, өндіріспен, айырбаспен, тауарларды бөлумен, меншікке қатынасына қарай, шаруашылықта өзара әрекет етудің – қаржы, несие және т.б. экономикалық механизмдерімен байланысқан адамдардың экономикалық қатынастарын қамтамасыз етеді. Бұл жүйеге кәсіпорындар, банктер, фирмалар, сауда және қызмет көрсету мекемелері, кәсіпкерлер одағы, өндіріс және қаржы корпорациялары және т.б. кіреді.

Осымен байланысты экономикалық институттарды әлеуметтік институттардың бір түрі ретінде қарастыруға болатындығын айту қажет, өйткені оларды әлеуметтік, саяси, құқықтық, мораль мен этика норма-лары жүйесі, күтілістермен және санкция жүйелерімен нығайтылған мақсатты бағыт-бағдар ұстанған мінез-құлық стереотиптерінің салыстырмалы түрдегі тұрақты жиынтығы сипаттайды. Экономикалық институттардың нормативтік құрылымына меншік қатынасын білдіретін өндірістің басым типі, айырбас-тың әдеттегі формалары мен тәсілдері, сонымен қатар экономика саласындағы қайсыбір әлеуметтік, саяси құндылықтар, мінез-құлықтың моральдық-этикалық стандарттары мен нормативтері (мысалы, протес-танттық этика нормасы) кіреді.

Әлеуметтік институт ретінде экономиканың ерекшелігін анықтау үшін мұнда пайда болатын әлеумет-тік-саяси өзара әрекетті қатынастардың негізгі екі типі саналатын мәртебелік және келісім-шарттық көзқарасы тұрғысынан қарастыру пайдалы.

«Мәртебе» категориясы айтарлықтай көп мағыналы. Латынның «status» сөзі әдетте «белгілеу», «істің хал-жәйі», «тұрақты позиция» ретінде аударылады. Ол ғылыми категория ретінде әдетте, объектінің белгілі бір орныққан статикалық хал-жәйін білдіру үшін қолданылады [3]. Бұл жәй ғана хал-жәй емес, ол «жазылған», «белгілі бір» жағдайы. Тар, азаматтық-құқықтық мағынада мәртебе азаматтық хал-жәй, атақ, қоғамдық саты болады. Алдын-ала анықталған хал-жәйдің тұрақтылық, статикалық («статус кво») және белгіленген, тәртіптелген кейбір сыртқы беделді қайнар көздері мәртебенің аса маңызды сипаттамалары болып табылады.

Мәртебелерді айқындаудың қатарына, ең алдымен, мемлекеттік билік пен басқару органдарының құрылымы мен құзырын анықтайтын конституциялық нормалар жатады.

Экономика саласындағы барлық өкілдер, субъектілердің бір-біріне бағынышты органдар иерархия-

сындағы орнын анықтайды, оның қызмет бабын толықтай реттейді; олар шаруашылық субъектісінің мәртебесін анықтайтын құжаттың жарлығымен рұқсат етеді, ал олардың құзырынан тыс жасалған кез-келген қызмет мәртебені айқындаушыны бұзады және соның нәтижесінде заңсыз болып шығады.

Мәртебелік реттеуден тыс экономиканың тұрақты өмір сүруі мүмкін емес. Жалпы экономика өзін-өзі ұстай білетін жүйе, оның тұрақтылығы шаруашылықтың жаңа жағдайға бейімделуге, дамуға, өзгеріске түсу қабілеті сияқты маңызды. Экономиканы реттеу жүйесі экономикалық құрылымның негізгі сипаттарының тұрақтылығын сақтауды қамтамасыз етпеген жағдайда ол шаруашылық механизмінің дисфункциясының бір түріне айналады.

Экономика да «келісім-шарт» категориясы ерекше рөл және міндет атқарады. Тарихи жағынан келген-де экономика жалпы тайпалық түрде, өнімді өндірудің отбасылық формасында, құл еңбегі институты түрінде (жеке меншіктік немесе құл иеленушілік) өмір сүреді. Одан кейінгі уақыттағы оның дамуы еркін тауар өндірушілердің келісім-шарт қатынастарына негізделді. Мәртебелік қатынастардан келісім-шарттық қатынастарға айту ортақ бағыт болып табылды, ол жеке бастамаларға еркіндік беріп, өндірістің тез өсуіне әкелді. Алайда өндіріс сипатының күрделенуі, технологиялық императивтың бұйрықты талап-тары келісім-шарттық қатынастарға мәртебелік реттеуді енгізуді талап етті, ол өндірістің қоғамдық сипатының күшеюі экономикалық мемлекеттік реттеудің қажеттігін қамтамасыз етті, оның болмауы жалпы әлемдік дағдарыс деңгейіндегі дисфункциядан көрінді.

Бұл сұраққа екіжақты жауап болды. Бірінші (табысты) экономиканы мемлекеттік антимонополиялық реттеудің және өнімнің белгілі бөлігін қоғамның нашар қамтамасыз етілген мүшелерінің пайдасына мемлекеттік қайта бөлудің негізі ретінде жеке меншікті сақтау. Екінші вариант (табыссыз) экономиканың негізі ретінде жеке меншікті жоюға, оны мемлекеттік меншікке алмастыруға саяды, бұл мемлекеттік экономикамен толық бірігуіне және келісім-шартты мемлекеттік билік әмірінің формальді көрінісіне әкеп соқтырды. Мұндай вариант жаппай инновация үшін ынталандырудың экономикалық жүйесін жойды, экономиканың интенсивті даму мүмкіндігін жапты, ал оның экстенсивті дамуы табиғи ресурстардың айтарлықтай бөлігінің азаюына байланысты тоқтады.

Қазіргі заманауи әлеуметтік даму азаматтық қоғам тұжырымдамасын бекітуді талап етеді, яғни айтарлықтай ықпалы бар әртүрлі үкіметтік емес институттар дамуы мемлекеттік билікті жемісті теңестіру үшін және оған кедергі жасамай, заңдылық пен тәртіпті сақтауға қолдау көрсету үшін, қарама-қарсы топтық мүдделердің арасындағы егестер мен қақтығыстарды жөнге салу үшін делдалдық функцияларын атқарады. Азаматтық қоғам институттары мемлекеттің абсолютті басымдық орнатуына және қоғамның ыдырауына нақты кедергі жасау қызметін атқаруы тиіс. Азаматтық қоғам – бұл әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани-адамгершілік қатынастары дамыған қоғам [4]. Онда мемлекет пен экономика өзара анық ажыраған екі саланы құрайды, және де мемлекеттің инструментальді сипаты болады; экстремальді көрініс беретін индивидуалдық мүдделерді бақылай отырып, оның өзі де базасы бар институттардың бақылауын-да болады.

Әлеуметтік-мәдени институттар мәдени құндылықтарды жасау мен тарату туралы адамдардың біршама тұрақталған және тәртіптелген өзара әрекет тәсілдерінің жиынтығын білдіреді, сонымен қатар, қоғамның мәдени, саяси құндылықтарын менгеретін тұлғаның әлеуметтенуіне бағыт-бағдар беретін мәдени мекемелер (театрлар, мұражайлар, кітапханалар, концерттік залдар, кинотеатрлар және т.б.) жүйесін де көрсетеді. Бұған шығармашылық бірлестіктер мен одақтар (жазушылар, суретшілер, сазгерлер, киномото-графистер, театр қайраткерлері және т.б.), сондай-ақ, адамдардың мәдени мінез-құлқының белгілі бір құнды нормативті үлгілерін көбейтетін, тарататын, насихаттайтын ұйымдар мен мекемелер енеді.

Білім институты – білімдерге, дағдыларға және ептіліктерге бағыт-бағдар ұстанған адамдар мен мекемелер бірлестігінің жүйесі, соның ішінде барлық кәсіби қызмет саласында, адамдардың жетіктігін арттыру жүйесі.

Дін институты – діни сенімді қолдауға, таратуға және нығайтуға, оның жекелеген тұлғалардың, олардың қауымдастықтарының (отбасылық, аумақтық және т.б.) және жалпы қоғамның өмірінде діни сенімнің рөлінің күшеюіне бағыт-бағдар ұстаған әлеуметтік бірлестіктердің (діни топтар, қауымдар, секталар және т.б.), сонымен қатар мекемелер мен ұйымдардың (шіркеу, монастырь, мешіт, діни семинария мен академия және т.б.) жиынтығы.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету институты – адамдардың денсаулығын қолдауды, сақтауды және нығайтуды, балаларды, қарттарды, ауруларды, мүгедектерді, көпбалалы отбасыларын және т.б. әлеуметтік қолдауды және қорғауды өз қызметінің мақсаты еткен қауымдастықтардың, ұйымдар мен мекемелердің жүйесі. Бұған дәрігерлердің бірлестіктері, қайырымдылық қорлары мен ерікті қоғамдар, ауруханалар, емханалар, санаториялар, қарттар үйлері,

балалар үйлері және т.б. енеді.

Отбасы ерекшелікті әлеуметтік институт ретінде аса маңызды функциялардың бірін – қоғам мүшеле-рін ұдайы өндіруді, олардың алғашқы әлеуметтендірілуін атқарады. Отбасы әлеуметтік институты өзара әрекеттер мен қатынастардың құнды-нормативті кешені іспетті, сол арқылы отбасы мүшелерінің – ата-анасы мен балаларының, інілері мен әпке-қарындастарының мінез-құлқы реттеледі, тәртіптеледі; оларға тән әлеуметтік мәртебелер мен рөлдер анықталады. Тарихи тұрғыдан отбасы барлық әлеуметтік инсти-туттардың ізашары, өйткені ол қарапайым қоғамдарда бұрыннан өмір сүріп келе жатқан нақты жалғыз әлеуметтік институт (мысалы, қазірде Орталық Африканың кейбір тайпаларында, Солтүстіктің кейбір халықтарында дәл осылай). Қоғам аса күрделі жіктелген, өзге социомәдени жүйелерге өткенде ғана басқа институттық құрылымдар құрыла бастайды. Қолөнердің, сауданың пайда болуына, қалалардың дамуына, бір немесе бірнеше отбасының шеңберінен шыққан билік өкілдерінің пайда болуына әкеп соқтырған терімшілік пен аңшылықтың жер және мал шаруашылығына өтуінде саяси әлеуметтік институттар пайда болды, олар мемлекеттен, қарулы күштерден, қоғамның сот ұйымдарынан және т.б. нақты көрінді. Осыдан кейін діннің және білімнің әлеуметтік институттары шықты, олардың қызметін кәсіби дайынды-ғы бар дін қызметшілерінің және мұғалімдерінің, сәйкес келетін шіркеу, мешіт, мектеп т.б. мекемелерсіз көзге елестету мүмкін емес. Олардың көпжақты бүкіл қызметі тар отбасылық дәстүрлер шеңберінен шығып, институционалды, яғни әр әлеуметтік институттардың қызметіне айналды.

Әлеуметтік институттардың типтері жоғарыда айтылған типтермен шектеліп қоймайды. Сол типтер-мен қатар, әлеуметтік институттарға ғылым, әскер, құқық жүйесі, сот, прокуратура, және т.б. жатады. Қоғамның осы және басқа да әлеуметтік институттары – арнайы қоғамтану зерттеулерінің пәні болып саналады.

Қорыта келіп, қоғамдағы әрекет етуші әлеуметтік институттар жүйесі әрбір индивидті және олардың алуан түрлі қауымдастықтарын (отбасылық, аумақтық, кәсібилік, діни және т.б.) қызметтің қайсыбір саласына қосатыны оларға отбасында, жұмыста, оқу орнында және т.б. нормативпен тәртіптелетін мінез-құлық типін таңатынын айтуымыз керек. Қоғамда әрекет етуші әлеуметтік институттар көп түрлі болған сайын, олардың қызметі масштабты болған сайын, қоғам соғұрлым адамдар дамуының үлкен мүмкіндік-терін иеленеді, әлеуметтік-саяси қатынастарда ол соғұрлым кемелді болады. Сондықтан әлеуметтік институттардың даму ерекшеліктері мен тенденцияларын анықтау аса саяси маңызды.

3. Әлеуметтік институттардың дамуы және олардың функциялары

Қоғамда анық жөнге салынған, тәртіптелген, бақыланатын және тұрақталған әрекеттерді қалыптасты-ру – қоғам дамуының басты жолы. Әлеуметтік институттардың мазмұны, олардың жиынтығы, әлеуметтік тәртіптеу жүйесі қоғамдық құрылысты анықтайды, соған сәйкес экономикалық, саяси құрылысты, мәдениеттің, білімнің типтерін және т.б. айқындайды. Қарапайым тілмен айтқанда, егер де сіз қоғамды түсінгіңіз келсе – онда әлеуметтік институттарын нысана етіп алыңыз, тәртіптеудің механизмдерін зерттеңіз. Сонда ғана сіз бұл қоғамның әлеуметтік-саяси байланыстарының сипатын аңғарасыз.

Қоғамның дамуы көбіне-көп әлеуметтік институттар арқылы жүреді. Әлеуметтік-саяси байланыстар жүйесіндегі институцияландырылған сала неғұрлым кең болған сайын, қоғам соғұрлым үлкен мүмкіндік-терді иеленеді. Әлеуметтік институттардың көптүрлілігі, олардың дамығандығы қаншалықты ол индивидтердің алуан түрлі қажеттіліктерін кәсіби деңгейде сенімді, тұрақты қанағаттандыруға қабілетті болуы – бұлар қоғам кемелдігінің ең дәл критерилері болып саналады.

Әлеуметтік институттардың дамуы саяси екі әлеуметтік үрдісті өрістету арқылы жүзеге асады.

Оның біріншісін жаңа әлеуметтік институттардың пайда болуы көрсетеді. Бүгінде бұрынғы КСРО көптеген халықтары әскер, қаржы, елшілік және т.б. осындай маңызды институттарды құруда. Халықтар жоғары мектеп, ғылым сияқты әлеуметтік институттарды ұйымдастыру нәтижесінде қуатты күшеюде. Қоғамның әлеуметтік институтпен толықтырылуы, әлбетте ол әлдебір сыртқы қысымынан туындаған болмаса, қалған жағдайдың бәрінде қоғамның динамизмін арттыратын элементке айналады. Осылайша қоғам сапалы жаңа жағдайға енеді. Әлеуметтік институттар дамуының саяси екінші үрдісі – бұл өмірде бар институцияландырылған құрылымдардың қызметін, құрылымын және функциясын жетілдіру. Біз қалыптасқан ескі институттарды жіктеу, бөлу жолымен жаңа әлеуметтік институттардың дүниеге келуі-нің куәсі болып отырмыз. Мысалы, біздің көз алдымызда, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі қалып-тасу үрдісі барысында, қоғамдық жүйе қойнауынан құқық қорғау конституциялық кеңес институты бөлініп шықты. Тергеу жүргізу өз алдына жеке құқық қорғау институты болып бөлінуі мүмкін. Нашақор-лық денсаулық сақтау институты шеңберінде жеке

әлеуметтік институтқа айналу мүмкіндігі бар.

Мұндай жіктелу мен мамандану қоғамның эволюциялық дамуының, оның әлеуметтік институттарының маңызды белгілерінің бірі болып табылады. Эволюциялық дамушы нәтиже қайсыбір функциялардың мейлінше нақты кәсіби орындауының есебінен, қызметтің осы түрінің ерекшелігін ескерген барынша дәл және нақты тәртіптелуінің есебінен іске асады.

Жаңа әлеуметтік институттың пайда болуы өзі қызмет ететін байланысты басқа байланыстардан мейлінше тәуелсіз, өз алдына жеке және тепе-тең етеді [5]. Тергеу органдары прокуратурадан және ішкі істер органдарынан тәуелсіздікке тырысады, наркологияның жалпы денсаулық сақтаудан айырмашылығы оның ерекшелігін толықтай есепке алуда жатыр. Нәтижесінде осы тәуелсіз әлеуметтік институттың ішкі тәртіптелуінде белгілі бір өзгерістер жүреді, мәртебелік өзгерістер пайда болады және т.б. туындайды.

Институционалдану үрдісі, яғни әлеуметтік институттардың пайда болуы, қалыптасуы, дамуы бірнеше кезеңнен тұрады. Оның біріншісі қоғамда әлеуметтік-саяси қызметтің жаңа түрлеріне белгілі бір қажетті-ліктердің пайда болуы және соларға сәйкес әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани алғышарттар мен жағдайлардың туындауы болып есептеледі. Мысалы арнайы әлеуметтік институт ретінде әскердің (қарулы күштердің) пайда болуына адамдардың арасында экономикалық және әлеуметтік теңсіздіктердің шығуына, мемлекеттің қалыптасуына әкелген қоғамдық өндірістің өсуі және ол жасаған өнімнің артуы, кез-келген сәтте жаудың шабуылына тойтарыс беруге немесе бөгде аумаққа өз мемлекетінің билігін таратуға қабілетті және дайын, билік етуші құрылымға (фараон, князь, император, хан және т.б.) және олар жүргізіп отырған сыртқы саясатқа сүйеніш қызметін атқаратын адамдардың жақсы ұйымдасқан қарулы отрядтарына қажеттіліктің пайда болуы себепші болды.

Ортақ мақсаттарды қалыптастыру институционалдырудың екінші кезеңі болып табылады. Осы ортақ мақсаттарға сол әлеуметтік институттың құрамына енген адамдар бірлескен және ұйымдасқан әрекеттері-мен жетеді. Бұл мақсаттарды өмірдегі әлеуметтік институттар (мысалы, қарулы күштердің мақсаттары олар құрылған қоғамдық құрылыспен және мемлекеттің саясатымен анықталады) береді немесе олар жаңа құрылып жатқан әлеуметтік институттың ішінде қалыптасады (мысалы, саяси партияның мақсаттары-рын, оның бағдарламасында нақтылы түрде көрсетілген, партияны құруға атсалысқан оның көшбасында-ғыларды анықтайды).

Институционалданудың үшінші кезеңін әлеуметтік институтты құру үрдісінде жасалған (әскерлер, партиялар және т.б.) және осы институтқа енген барлық индивидтердің орындауы үшін міндетті санала-тын әлеуметтік-саяси нормалар мен ережелердің (мысалы, қарулы күштер жарғысы, офицер ар-намысы-ның кодексі, партия жарғысы және т.б.) пайда болуы құрайды.

Институционалданудың төртінші кезеңі – әлеуметтік институттың табысты өмір сүруі үшін қажетті ұйымдық құрылымдарды (мысалы, партияның саяси бюросы, оның атқарушы комитеті немесе әскердегі командалық құрылымдар) және мінез-құлықты тәртіптеушілерді (әскери тәртіп қағидаттары, қатардағы жауынгерлердің, аға офицерлерінің бір-біріне бағынуы, әскери нормаларды бұзушыларға қолданатын санкциялар) дамыту.

Институционалданудың бесінші кезеңінде осы әлеуметтік институтқа тән оның бірде-бір мүшесін қалдырмай қамтитын (мысалы, әскер қызметкерлері немесе партия мүшелері) мәртебелер мен рөлдер жүйесін құру іске асырылады.

Институционалданудың алтыншы кезеңін индивидтердің жаңа әлеуметтік-саяси нормалар мен құнды-лықтарды, мінез-құлық стандарттарын меңгеруі, солардың негізінде тұлғаның құнды бағыт-бағдарының мақсатының, күтілісінің қалыптасуы, оның қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік рөлдерді меңгеруі (мысалы, қатардағы жауынгер, сержант немесе офицер) және әлеуметтік-саяси мәртебені иеленуі үрдісі құрайды.

Қоғамтану институционалдану үрдісін екі тұрғыдан зерттейді. Біріншіден, оны жаңа әлеуметтік инсти-туттардың пайда болуы мен дамуының, олардың туындауының жағдайлары мен ерекшеліктерінің тарихи үрдісі ретінде қарастырады.

Екіншіден, қоғамның тұрақтылығын және орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тұтас жүйе шеңберіндегі әлеуметтік институттардың мазмұны, ерекшеліктері және өмір сүру тиімділігі көзқарасы тұрғысынан зерделейді.

Бұл қоғамтанудың әлеуметтік институттардың функцияларын зерттеуге үлкен маңыз беретіндігін білдіреді. Американың белгілі ғалымы Р.Мертон әлеуметтік институттардың ашық және жасырын функцияларын мұқият талдады. Оның көзқарасы бойынша ашық функциялар – бұл жүйені тәртіптеуге немесе бейімдеуге өз үлесін қосатын объективтік салдарлар және жүйеге қатысушылар жете түсініп, ниетіне кірген функциялар. Жасырын функциялар – бұларда объективті салдарлар, бірақ олар ниетке

кірмеген және жете түсінілмеген атқару міндеттері. Осылайша әлеуметтік институттың ашық функциялары әлеуметтік-саяси әрекеттің объективті және әдейі жасалған салдарына жатады, олар осы әлеуметтік-саяси жүйенің өмір сүру жағдайларына (ішкі және сыртқы) бейімделуіне ықпал етеді, ал оның жасырын функциялары сол әрекеттің ниеттелмеген және жете түсінілмеген салдарларға жатады.

Осымен байланысты әлеуметтік институттардың функциялары бекітуші және ұдайы өндіруші, бейімделуші, кіріктендіруші, коммуникативті, әлеуметтендіруші, тәртіптендіруші болып табылатынын айту жөн.

Қоғамдық қатынастарды бекіту және ұдайы өндіру функциясы. Жоғарыда біз атап өткеніміздей, әрбір әлеуметтік институт белгілі бір қоғамдық қажеттіліктің пайда болуына жауап ретінде құрылады және ол белгілі бір құндылықтар, нормалар, ережелер арқылы өзінің мүшелерінің белгілі бір мінез-құлық стандарттарын жасауды және олардың қызметінде белгілі бір әлеуметтік-саяси тәртіп пен шектеуді орнатуды өзінің мақсаты етеді. Сөйтіп, әлеуметтік институт, біріншіден, қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымының орнықтылығын, осы әлеуметтік-саяси жүйенің қирауына соқтырмайтын белгілі бір масштабтардағы өзгерістерде оның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Екіншіден, әлеуметтік институт, осы жүйенің құрылымдық компоненттерін (оның әлеуметтік жіктерін, мәртебелерін, рөлдерін және т.б.) және оларда өмір сүріп отырған қоғамдық қатынастарды ұдайы өндіруді қамтамасыз етеді. Мысалы, әскер әлеуметтік институті тек өзінің әлеуметтік құрылымының орнықтылығын (роталарға, батальондарға, полктерге, дивизияларға және т.б. бөлінуін) қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге күш салудың, сыртқы қауіп-қатерге тойтарыс берудің, аумақтық тұтастықты сақтаудың және т.б. арқасында жалпы қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымының тұрақтылығын, орнықтылығын қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік институттардың бейімдеуші функциясы. Бейімдеуші функция деген – ол табиғи және әлеуметтік сынды ішкі және сыртқы ортаның өзгеруші жағдайына қоғамның бейімделуін қамтамасыз ететін әлеуметтік институттардың өмір сүруі. Көрнекті ағылшын тарихшысы Арнольд Тойнби шын мәніндегі көп – үлкен материалдарға талдау жасаудың негізінде әлеуметтік институттардың – мемлекеттің, мәдениеттің, сауданың және т.б. бейімдеу функцияларының «шақыру-жауап» механизмі бойынша жүзеге асатындығын дәлелдеді. Ерекшелікті әлеуметтік институт болып саналатын мәдениеттің бейімдеу функциясы мәдениеттің индивидтерге және олардың қауымдастықтарына белгілі бір символдық мағына-лардың жиынтығын ұсынады, бұлар жекелеген тұлғалармен және олардың топтарымен интернализацияланады және бір жағынан – олар жүзеге асыратын әрекеттердің білінуіне, екінші жағынан – индивидтердің таңдаған әрбір әрекетінің жүзеге асуы белгілі бір моральдық, эстетикалық, заң тұрғысынан (мысалы, інжілдің айтулы өсиеттері: «өлтірме», «ұрлама» және т.б.) шектеуге әкелген. Соның нәтижесінде, америка ғалымы Т.Парсонстың айтуына қарағанда, қоғамда индивидтер мен топтардың позициясының күрделі жүйесі қалыптасады; әрбір индивид (топ) белгілі бір жағдайда басқа индивидтердің мінез-құлықтарының белгілі бір тәсілдерінен белгілі бір күтілісті меңгерген және бірмезетте өзінің қылығын басқа индивидтердің және олардың топтарының күтілісімен арақатынасын белгілейді. Нәтижесінде бейімделу өзі өмір сүретін тек қоршаған ортада, белгілі бір жағдайда ғана емес, сонымен қатар, өзге де индивидтердің әрекеттерінің, қоғамда бар әлеуметтік институттар мен ұйымдардың өмір сүруінің негізінде құралады.

Әлеуметтік институттардың кіріктендіруші функциясы. Кіріктендіру функциясының мәні қоғамда өмір сүруші әлеуметтік институттардың құрамына енген индивидтердің немесе сол қоғамның барлық мүшелерінің өзара тәуелдігін, өзара жауапкершілігін, ынтымақтастығын және бірлігін әлеуметтік институттар өздерінің әрекеттерімен, нормаларымен, заңдарымен және т.б. қамтамасыз етуде. Мысалы, әлеуметтік институт ретіндегі дінге тән діни салт-жоралар, көрнекті француз ғалымы Эмиль Дюркгеймнің пікірі бойынша, қоғамның институттық кіріктенуі үшін аса маңызды ұжымдық сезімдерді білдіру мен нығайтудың маңызды механизмі болып табылады.

Әлеуметтік институттардың коммуникативтік функциясы. Коммуникативтік функция деп бір әлеуметтік институтта өндірілген ақпараттың (ғылыми, көркем, саяси және т.б.) сол институттың ішінде және одан да тыс жерге, өзге де әрекет етуші институттар мен ұйымдардың арасындағы өзара әрекет ету үшін таратылуы айтылады. Көптеген адамдардың, адамның адаммен, әлеуметтік топпен, қоғаммен қарым-қатынасына бағыт-бағдар ұстаған мәдениеттің коммуникативтік функциясы, мысалы, философиялық мәтіндерде, ғылыми трактаттарда, адамгершілік нормаларда, діни доктриналарда композициялық тұйық-тыққа (идеяға, образда, уағызға және т.б.) және бірмезетте алшақтыққа айналады. Соның нәтижесінде көптеген адамдардың арасында терең өзара түсінушілік жүреді (автор мен оқырмандар арасында, автор мен тыңдаушылардың арасында, мұғалім мен оқушының арасында, профессор мен студенттің арасында, тыңдаушылардың, көрермендердің, дінді ұстаушылардың әртүрлі

топтарының арасында және т.б.).

Мәдениеттің тек коммуникативтік функциясының арқасында ғана алуан түрлі индивидтерден тұратын адамдардың қауымдастықтарға бірігуі жүреді (отбасы, мектеп сыныбы, еңбек ұжымы т.б.), бір мәдениеттің, әртүрлі дәуірдің аясында алуан түрлі адамдардың диалогі іске асады, соның нәтижесінде Софокл, Гомер, Шекспир, Пушкин, Абай біздермен замандастарымыз сияқты сөйлеседі, қарым-қатынас жасайды.

Әлеуметтік институттардың әлеуметтендіруші функциясы. Әлеуметтендіруші функциясы әлеуметтік институттардың тұлғаны қалыптастыруда және дамытуда шешуші рөл атқаруынан, оның әлеуметтік-саяси құндылықтарды, нормаларды және рөлдерді меңгеруінен, осы тұлғаның өзінің әлеуметтік-саяси мәртебесіне бағыт-бағдар ұстауынан және жүзеге асыруынан көрінеді. Осы күрделі, ұзақ және көпжақты үрдістің бастауында ерекше әлеуметтік институт болып саналатын отбасы тұрады [6]. Өйткені тек отбасында ғана тұлғаның алғашқы әлеуметтік сапалары қалыптасады, жақсылық пен жамандық туралы түсінігі, басқа адамдармен әлеуметтік-саяси қарым-қатынасымен өзара әрекеттің алғашқы дағдылары игеріледі. Онда мәдениеттің құндылықтары, нормалары мен идеалдарының маңыздылығы артқанда әлеуметтену үрдісі мектепте, құрбы-құрдастарының ортасында, еңбек ұжымында және т.б. жүреді.

Әлеуметтік институттардың тәртіптеу функциясы. Әлеуметтік институттар өзінің өмір сүру үрдісі барысында индивидтер мен әлеуметтік-саяси қауымдастықтар арасындағы өзара әрекетті тәртіптеуді, реттеуді, мінез-құлықтың белгілі бір нормаларын және стандарттарын жасау арқылы қоғам немесе қауымдастықтың күткен нормаларға, құндылықтарға сәйкес келетін аса тиімді әрекеті үшін мадақтау жүйесін және осы құндылықтардан, нормалардан ауытқыған әрекеттер үшін санкциялар (жазалар) жасау арқылы қамтамасыз етеді. Әсіресе бұл функция әлеуметтік институттар болып табылатын құқық жүйесі және оның құрамына енетін ұйымдар мен мекемелер қызметінен анық байқалады. Егер адам қоғамда орныққан құқық нормаларына сәйкес жүретін болса (ол бұны саналы және санасыз жасағанына қарамас-тан), онда ол бұл нормалардың өзіне тәртіптеуші ықпалын сезінбейді. Ал, ол әсіресе қылмыстық кодексте белгіленген және әрбір азаматтың өз әрекетін қоғамда қалыптасқан құқық нормаларына сәйкес істеуге итермелейтін құқықтық норманы бұзса болды (арамдық, ұрлық жасаса, біреуге жала жапса және т.б.) бірден өзіне сол нормалардың зорлық-зомбылық күшін сезінеді. Тәртіптеу функциясын басқа да әлеуметтік институттар: мемлекет, саяси партиялар, білім, мәдениет, дін, отбасы және т.б. атқарады.

Бүкіл әлеуметтік институттар үшін олардың функциялары мен уәкілдігін нақты шектеу тән, олардың әрекетін келістіру, айтарлықтай жоғары және қатаң деңгейде бақылау мен реттеушілік тән. Латенттік функцияны зерттеп білудің көмегімен әлеуметтік институттар қызметінің көпжақтылығын және оның шын бейнесін терең және жан-жақты көруге болады. Бұл бір-бірінен тұйықталып өмір сүретін әлеуметтік институттары жоқ қоғам үшін аса қажет. Мемлекет, саяси партиялар, дін, білім, өндіріс пен тұтыну, отбасы – осылардың бәрі және өзге де әлеуметтік институттар өзара байланысқан. Мысалы, білім жүйесі, бір жағынан, өндіріс жүйесінің дамуына айтарлықтай дәрежеде тәуелді, екінші жағынан, мәдениетке тәуелді, бірақ оның табысты өмір сүруі үшін мемлекеттің қызметі, ондағы құқық жүйесі қуатты ықпал жасайды. Өйткені білім қоғамда маңызды рөл атқарып, үдей түсуде, сондықтан білім институтына өндірістік ұйымдар, ғылыми мекемелер, саяси партиялар, мешіт, шіркеу өз ықпалдарын күшейтуді жүзеге асыруға тырысуда. Кейбір институттардағы өзгерістер басқаларының өзгеруіне әкеледі. Посткеңестік Қазақстан, Ресей қоғамындағы және басқа да ТМД елдеріндегі саяси жүйесін трансформациялау білімді реформалауға, мәдениет, білім жүйелерін мәнді өзгерістерге, дінді дамытуға итермеледі.

Жоғарыда айтылғандардан төмендегідей қорығында шығады. Әлеуметтік институттар – адамдардың қайсыбір нақты және маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін немесе жеке бастық, топтық, қоғам-дық, саяси сипаттағы белгілі бір мақсатқа жету үшін құрылған бірлестігі. Әлеуметтік институттар – бұл институттар шешетін белгілі бір мақсаттардан, міндеттерден шығатын, мінез-құлық стандарттары, үлгіле-рі жүйелерінің көмегімен іске асатын бәрінен де маңызды әлеуметтік-саяси құндылықтар мен нормалар-дың, әлеуметтік-саяси қатынастардың жүйесі. Демек, әлеуметтік-саяси құрылымның тұрақтылығымен, өз элементтерінің терең кіріктенуімен, сол элементтердің және сол әлеуметтік институттардың функцияла-рының көптүрлілігімен, икемділігімен және динамикалығымен ерекшеленетін институттар, салыстырма-лы түрде жоғары ұйымдасқан әлеуметтік-саяси жүйелер түзілімі. Адамдардың мінез-құлқын тиімді тәртіптейтін және қоғамның негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ететін әлеуметтік институттардың үйлесімді әрі балансталған жүйесі, біртұтас ретіндегі қоғамды сақтаудың және дамытудың маңызды жағдайлары (алғы шарттары) болып табылады.

1. Сергеев А.П. *Социальная жизнь общества: философский анализ*. – СПб., 2011. – С. 115.
2. Қараңыз: *Sozialphilosophie, politische und rechtliche Aspekte der Modernisierung Kasachstans*. – Berlin, 2012. – S. 43-54.
3. Қараңыз: Әбсаттаров Р.Б. *Саясаттану негіздері. Екі томдық, 2-том*. – Алматы, 2012. – 208-244 б.
4. Қараңыз: Әбсаттаров Р.Б. *Саясаттану негіздері. Екі томдық, 1-том*. – Алматы, 2012. – 208-220 б.
5. Алексеев С.Г. *Социальные институты: исторический анализ*. – М., 2012. – С. 15.
6. Иванов Г.Я. *Социализация личности*. – Ростов-на-Дону, 2011. – С. 70.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы политологических проблем социальных институтов. Вместе с тем уделено внимание и дискуссионным вопросам.

Resume

The questions of political science problems of social institutes are examined in the article. At the same time paid attention and to the debatable questions.

ӘЛЕУМЕТТІК ҮРДІСТЕР: САЯСИ ТАЛДАУ

Р.Б. Әбсаттаров – *ф.ғ.д., проф., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистратура және PhD докторантура Институтының саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі*

Әлеуметтік үрдістер – әлеуметтік институттардың және қоғамның тіршілік әрекетінің, әлеуметтік өзгерістерінің, әлеуметтік динамикасының негізі әрі қайнар көзі.

Әлеуметтік құбылыстар сериясы әлеуметтік үрдіс ретінде қарастырылатын болады, егер де ол уақыт-ша ұзаққа созылса, оның алдыңғы кезеңдері қажеттілікпен содан кейінгі кезеңдері анықтайтын, бақылана-тын қисынды жүйесі болса. Әлеуметтік үрдістер, сондай-ақ үздіксізділігімен және ұқсастығымен сипатта-лады. Мысалдарға жүгініп көрелік. Қазақстандағы соңғы 20 жыл ішіндегі оқиғалар мен құбылыстар елімізде шаруашылықтың тоталитарлық-жоспарлы жүйесінен нарықтық қатынастарға бірте-бірте өту күйін кешуін айғақтап отыр. Мемлекеттік құрылысты өзгерту, жекешелендіру, азаматтардың демократия-лық бостандықтарын қалпына келтіру, ұлттық жандану осы өтудің мәнін айтарлықтай сипаттайды, оның жүзеге асыру механизмінің ажырамас элементтері болып саналады. Аталмыш сипаттардың бәрі өзара уақыт пен кеңістікте байланысқан, үздіксіздігі мен ұқсастығын сақтаған. Осылайша, бақылаудағы әлеуметтік құбылыстардың желісін әлеуметтік үрдіс деп сеніммен айтуға болады.

Көп түрлі әлеуметтік үрдістерді қоғамтанулық тұрғыда зерттеуді жүзеге асыру олардың спецификалық ерекшеліктерін және айрықша белгілерін есепке алуды талап етеді. Бұл ерекшеліктер неден тұрады? Олардың қатарына зерттеушілер: біріншіден, әлеуметтік үрдістердің жаппайлық сипатын жатқызады, бұл адамдардың бірлі-жарым әрекеттерін немесе әлеуметтік өмірдің жекелеген оқиғаларын әлеуметтік үрдістер деп атауға болатындығын көрсетеді. Екіншіден, әлеуметтік үрдістердің қоғамдық мазмұны, қайнар көздері мен нәтижелері жатады. Әлеуметтік үрдістер қоғамнан тыс іске аса алмайды, өйткені олардың мазмұнын адамдардың бір-бірімен немесе оларды қоршағанның бәріне қатысты қызметі, мінез-құлқы және әрекеті құрайды. Әлеуметтік үрдістерді әлеуметтік-саяси проблемалар туындатады және оларды жоюға бағытталады. Әлеуметтік-саяси проблемалардың өзі де қоғамның жемісі болып саналады.

Үшіншіден, әлеуметтік үрдістердің тұрақтылығы саяды. Бұл талданатын феноменнің бөлінбес мәнді сипаты. Егер де құбылыстар сериясында себеп-салдардың өзара байланысы тұрақты, қисынды түрде бай-қалмаса, онда мұндай құбылыстар сериясын әлеуметтік үрдістер тобына сеніммен жатқызуға болмайды.

Төртіншіден, әлеуметтік үрдістерге қатысушылардың өз қайраткерлігі жатады. Осы ерекшелік әлеуметтік үрдістерге тек қоғамның инициатива ретінде пайда болатындарды және жүзеге асатындарды ғана әлеуметтік үрдістер тобына жатқызуға мүмкіндік береді, ол әміршіл-әкімшіл басқару жүйесіне тән болған формальдық-ұрандық сипаттың көрінісі ретінде қаралмайды.

Әлеуметтік үрдістер ұдайы өндіру және даму үрдістеріне бөлінеді. Бірінші топ өмірде орын алған мәртебе қатынастарын сақтауға (қолдауға) бағытталған, екінші топ – олардың жағымды және келеңсіз бағыттағы сапалы өзгерістеріне бағытталған. Осылайша, ұдайы өндіру үрдісі функциональді және дисфункциональді бола алады.

Жүйенің деңгейіне сәйкес үрдістер төменгідей бөлінеді:

- тұлғалар ішінде (мысалы, әлеуметтену, өз бетінше білімін көтеру, өзін-өзі тәрбиелеу);
- тұлға аралық (отбасы ішіндегі қатынастар, достық, махаббат);
- топтар ішінде (еңбектегі өзара әрекет барысында ұжымда қалыптасатын вертикальді және горизонтальді өзара қарым-қатынастар және т.б.);
- топтар аралық және қауымдастықтар аралық (мемлекеттік билік үшін күресте саяси топтардың теке тірестігі);
- социетальді – қоғамды жалпы солай қамтитын.

Осымен байланысты әлеуметтік үрдістерді классификациялау олардың бағыттарының критерийлері бойынша жүзеге асады.

Бұл классификациялаудың бірінші тобын ең алдымен қоғамдық қатынастарды жетілдірумен байланысқан әлеуметтік үрдістер құрайды. Бүгінгі Қазақстан жағдайында – бұл қоғамдық өмірді демократияландыру, меншікті мемлекетсіздендіру, қоғамдық маңызды мәселелерді шешуде плюралистік амалды қолдану, көп партиялық жағдайдағы саяси өмір және т.б.

Екінші топқа нақты қоғамдық жүйенің өмір сүруінен туындаған, бірақ оны тікелей өзгерістерге апармайтын әлеуметтік үрдістер кіреді, бұл – әлеуметтік, мобилдік, инфляция, жұмыссыздық, қылмыстылық. Әлеуметтік үрдістерді, осы топқа жататын, конструктивті және деструктивті ретінде қарастыруға да болады. Біреулері қоғамдық қатынастарды дамытатын механизмін атқарса, басқалары оны тежейді.

Аталып өтілген бәріне ортақ әлеуметтік үрдістер социум өміріндегі объективті қоғамдық жағдайларға байланысты пайда болады, бірақ осы қоғамның атынан басқару институттары оны қоғамдық деңгейде бақылауға алады [1].

Әлеуметтік үрдістер көптеген қоғамдық ғылымдардың (экономика, әлеуметтану, әлеуметтік психология, тарих және т.б.) зерттеуі пәні бола алады. Негізгі әлеуметтік үрдістерді зерттеумен саяси ғылымы да айналысады. Қайсыбір әлеуметтік үрдіс туындатқан және соған себепші болған проблемаларды шешу саясаттану зерттеуінің мақсаты болып табылады. Ол үшін зерттелетін үрдісті терең саяси талдау қажет. «Әлеуметтік үрдіс» категориясының мәні мен мазмұнын білу мұндай талдауды жүзеге асыруды көп жеңілдетеді; нақты зерттеу пәнін дәлірек анықтауға көмектеседі, негізгі ұғымдарды бөліп көрсетуді жүзеге асыртады, олардың операционализациясын жүргіздіреді. Қайсыбір әлеуметтік үрдістерді нақты алып жүрушілерін білу саясаттанушыға зерттеу объектісін дәлірек суреттеуге, сұрыптауды негіздеуге және шешуге көмектеседі. Осылайша нақты қолданбалы саясаттану жұмысы мен саясаттану теориясының арасында өзара байланыс анық орнайтын болады.

Әлеуметтік үрдістерді саясаттанушылық зерттеудің белгілі бір ерекшелігі бар. Ол неден тұрады?

Әлеуметтік үрдістер тұрақтылығымен және ұзақтығымен сипатталатыны атап айтылды. Сонымен бірге, қайсыбір әлеуметтік үрдісті құрайтын элементтері ретінде оған кіретін құбылыстардың өзара байланысы жорамалданған білік (ось) іспетті көрінуі мүмкін, ал оны арнайы зерттеу үрдістің шын мәнін түсіну-ге көмектеседі.

Өйткені әлеуметтік үрдістер тұрақтылық қасиетін меңгерген, оларды зерттеу нүктелі (таңбалы) болмауы керек. Зерттеу үрдісінің мәні саясаттану қарастыратын пәнінің көп қырлығына, демек, оны бөліктерге бөлу қиындығына саяды. Зерттеудің мақсатына жету үшін саясаттанушыға жалпы әлеуметтік үрдістің мәнін түсінумен қатар, осы үрдісті құрайтын әлеуметтік-саяси құбылыстардың мәнін түсінуі қажет, сондай-ақ қарастырылатын үрдіс білігінің (ось) сипаттарын танып білуі керек.

Осы себептерге орай саясаттанудың әлеуметтанумен бірге құралдары айтарлықтай көлемді болуы мүмкін. Алайда, жоғарыда атап өтілгеніндей, әлеуметтік үрдістер тұрақтылығына байланысты осы әлеуметтік үрдіске кіретін әрбір әлеуметтік-саяси құбылысты зерттеу жеке-жеке жүргізіледі.

Егерде әлеуметтік үрдісті белгілі бір қоғамдық феномен дамуының динамикасы деп қарайтын болсақ, онда осы дамуды зерттеу белгілі бір динамикада жүзеге асырылуы тиіс.

Әлеуметтік үрдісті зерттеу төмендегілерді ойластырады, ұйғарады: біріншіден, әлеуметтану, саясаттану құралдарының бастапқы жағдайын белгілеуді, жазып қоюды;

Екіншіден, осы әлеуметтік үрдістің пайда болу қайнар көздері жөнінде ақпарат жинау (әдебиеттерден, басылымдардан, көзі көрген куәлардан және т.б.)

Үшіншіден, осы ақпарат негізінде үрдістің барлық моделін жасау;

Төртіншіден, үрдісті құрайтын жекелеген құбылыстарды қарастыру;

Бесіншіден, үрдісті құрайтын құбылыстар арасындағы өзара байланыстарды зерделеу;

Алтыншыдан, әлеуметтік үрдістің байланыстырушы «білігін» (ось) бөліп алу және оның мәнді сипаттарын зерттеу;

Жетіншіден, үрдісті құрайтын құбылыстардың иерархиясын талдау негізінде олардың

«рейтингі-сін» табу;

Сегізіншіден, үрдіске кіретін құбылыстардың шеңберін анықтау, бұлар басымды дәрежеде оның мәнін сипаттайды;

Тоғызыншыдан, үрдіс барысында қоғамда немесе қауымдастықтарда және топтарда болатын өзгеріс-терді белгілеу, жазып алу, осы өзгерістердің қалыптасу заңдылықтарын іздестіру;

Оныншыдан, алынған ақпараттық негізінде зерттелетін феноменнің даму барысын, оның бағытталуын және тұрақтылығын болжамдау.

Осы үрдісті алып жүруші – нақты әлеуметтік немесе саяси топқа, бақылау орнатылғанда әлеуметтік үрдісті зерттеу лонгитюд амалын қолданумен жүзеге асырылады және үрдістің дамуы барысында ақпарат алынып тасталынады.

Қайсыбір әлеуметтік үрдісті зерттеу барсында, әдетте, осы үрдіске тартылған алуан әлеуметтік-демографиялық категориялардағы адамдардың мінез-құлқы, заңдары және сипаттары қарастырылады. Бұл үлестік пропорциональді сұрыптаудың аса ұтымды болып табылатындығын білдіреді.

Әлеуметтік үрдістерді зерттеу әртүрлі әлеуметтану мен саясаттанулық әдістермен жүзеге асады [2]. Бірақ мұндай зерттеу, әдетте, кешенді болады. Негіздік ақпарат алу (осы сәтте үрдістің жағдайын нүктелі (точечный) өлшеу сауалнама әдісімен іске асады. Зерттелетін үрдістің бастапқы жағдайы туралы ақпарат, ақпаратты (ауызша деректер, құжаттар) талдау әдістерімен және сарапшылармен әрі көзі көргендермен сауалнама жүргізу арқылы алынды.

Үрдіс барысындағы өзгерістер сауалнама және бақылау әдістерімен белгіленіп қойылады. Зерттелетін үрдіске басқару ықпалын ұйымдастыру қажеттігі кезінде, оның өмір сүруін немесе бағытын өзгертуді оңтайландыру мақсатында, әлеуметтану мен саясаттанудың эксперимент әдісі қолданылады. Қарастырылатын үрдіс барысында мүмкіндіктерді болжамдау алынған бүкіл ақпараттық негізінде жасалады, бұл жерде ақпаратты жинаудағы динамиканың болуы ескеріледі.

Дисфункционалдық, регрессивтік, диссоциативтік үрдістерді зерттеуде ерекше әдістемелік амал талап етіледі. Осындай үдерістерден туындайтын жағдай қоғам үшін жарылғыштығымен қауіпті, сондықтан проблема қысқа уақыттың ішінде шешілуі тиіс. Мұндай мәселелерді әлеуметтану мен саясаттану аясында зерттеуді оларды конструктивті-қалпына келтіру ретінде айқындауға болады. Осындай функцияны іске асыруда әлеуметтану мен саясаттану зерттеуі жоғары дәлдікпен қысқа мерзімде жүргізілуі керек.

Диссоциативті үрдістерді зерттеу негізіндегі жұмыста респонденттермен жалғасуды (контакт) орнату кезеңі аса күрделі болып саналады. Респонденттер, дамушы үрдістердің арнасында болғандықтан оның ықпалына түседі, осымен байланысты жүйкесі қозып ширығады. Бұл әсіресе, қақтығыстық, дау-дамайлық жағдайды зерттеуге тән.

Мұндай респонденттермен жұмыс істеместен бұрын әлеуметтанушы мен саясаттанушылар мыналар-ды біліп, есте сақтауы тиіс:

— егер де ақпарат жинауда анонимділік қамтамасыз етілмесе, онда жинау барысында алынған ақпарат бұрмалануы мүмкін;

— мұндайда әдеттегіден гөрі, респонденттердің сауалшымен (интервьюер) контактысы айтарлықтай кемиді;

— сауалшының әдепсіз қойған сұрақтары немесе абайламай айтқан сөздері мен әрекеттері оның өзіне жағымсыз қатынас тудырумен қатар, дау-дамайлық жағдайды тереңдетеді;

— нақты респонденттерден алынған ақпарат осы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге тікелей қатысы жоқ кез-келген адамның қолына түспеуі керек.

Әлеуметтанушылық – саясаттанушылық ақпаратты талдау кезеңінде де әлеуметтанушыларға, саясаттанушыларға ерекше талаптар қойылады. Талдаушы көңілін оқиғаға өз бағасын беруден аударып әкету қажет. Ол бейтарап және әділ болуы тиіс. Ақпарат жинау барысында алынған мәліметтерді талдауда құрылымдық функциональдық амал-әдістері қолданылады. Бір жағынан, үрдістің ішкі құрылымы мен мазмұнының ерекшеліктері қарастырылады, құбылыстардың өзара әрекеттері, оны құраушылар зерделе-неді; екінші жағынан зерттеліп отырған үрдістің дамуына сыртқы факторлардың ықпалы бақылауға алынады. Сонымен зерттелетін жалпы әлеуметтік үрдіске сыртқы факторлардың ықпал ету бағыттарын қарастырумен қатар, оның жекелеген элементтеріне де тигізетін ықпалы да назардан тыс қалмайды. Әдетте зерттелетін әлеуметтік үрдістің мәртебесіне, оның құрылымын немесе бағытталуын түбегейлі өзгертуге ықпал етуге мүмкіндігі бар сыртқы ықпалдың қайнар көздерді ғана жеке бөліктерге бөледі.

Қазіргі жағдайда әлеуметтік үрдістерді теориялық талдаудың және нақты зерттеудің зор маңыздылығы бар. Өтпелі кезеңді басынан кешіп отырған Қазақстан Республикасы көптеген экономикалық, саяси және әлеуметтік қиыншылықтармен ұшырасуда. Бұл белгілі бір мөлшерде қоғам

өмірі жағдайларынан туындаған, реформа қиыншылықтарынан шыққан және т.б. көптеген күрделі әлеуметтік үрдістер ағымдарының болжамсыздығының күшеюімен байланысты. Қоғамдағы келеңсіз тенденцияларды жеңу, бұзушы қарама-қайшылықтарды жою көбінесе олардың салдарын алдын ала көре білудің дәлдігі мен оның мөлшері анықтайды.

Қазақстандағы, таяу және алыс шет елдердегі болып жатқан қазіргі оқиғалар әлеуметтік үрдістерге ғылыми талдау жасаудың қажеттілігінің артып отырғандығын; қоғамдық дамудағы келеңсіз тенденцияларды бейтараптандыру және жағымды тенденцияларды қолдау мақсатында бұл құбылыстың ортақ теорияларын және оны зерттеудің нақты әлеуметтанулық-саясаттанулық әдістемелерін жасаудың керектігін көрсетті.

Осылайша әлеуметтік үрдіс – бұл кез-келген әлеуметтік объекті элементтерінің және олардың жүйешелерінің қалпының немесе қозғалысының жүйелі алмасуы [3]. Әлеуметтік үрдісті әлеуметтану, саясаттану ғылымының міндеттерінен және зерттеу пәнінің мәнінен шыға отырып белгілі бір өзгеріс тенденциясын (немесе сақталу) білдіретін адамдардың үлкен топтарының қоғамдық орнынан немесе өмір салтына, тұлға ретінде әрбір адамның ұдайы өнуі мен даму жағдайына және адамдар (топтар, қауымдас-тықтар) ара қатынастарына ықпал ететін адамдардың өзара әрекетінің статистикалық тұрақты актілерінің жиынтығы ретінде анықтауға болады.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келіп мынадай қорытынды жасалады. Әлеуметтік институттар және әлеуметтік үрдістер өзара тығыз байланысқан және әлеуметтік-саяси жүйеде, әдетте, олар қатар жүреді. Әлеуметтік институттар – ұйымдар, мекемелер, адамдар бірлестіктері түрінде өмір сүретін, қоғамның саяси-әлеуметтік өмірінде арнайы функциялар атқаратын қоғамдық жүйе элементтері. Анық ішкі құрылымының болуы, әлеуметтік-саяси жүйеде белгілі бір орынды иеленуі әлеуметтік институттарға тән ерекшеліктер. Ал әлеуметтік үрдістер – бұл көптеген басқа да әлеуметтік-саяси әрекеттер мен өзара әрекеттерден ерекшеленетін, бірбағытты және қайталанатын әлеуметтік-саяси әрекеттер мен өзара әрекеттердің жиынтығы.

1. Федосеев А.С. *Социальные и политические процессы*. – М., 2011. – С. 19-20.

2. Қараңыз: *Sozialphilosophie, politische und rechtliche Aspekte der Modernisierung Kasachstans*. – Berlin, 2012. –S. 43-66, 74-84.

3. Сидоров И.П. *Социальные отношения*. – Казань, 2010. – С. 72.

Резюме

В статье рассматриваются политологические вопросы социальных процессов. Уделено внимание и дискуссионным вопросам.

Resume

The political science questions of social processes are examined in the article. Paid attention to the debatable questions.

ПРАВОВАЯ КУЛЬТУРА НАСЕЛЕНИЯ – ВАЖНЕЙШИЙ ФАКТОР СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРАВОВОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Г.Р. Абсаттаров – к.полит.н., зам. декана исторического факультета КазНПУ им. Абая

Чтобы научно обосновать степень воздействия правовой политики на процесс укрепления демократического государства в современном Казахстане, необходимо понять становление и развитие правовой культуры населения нашей страны как социально-политический феномен, систему тех связей и отношений, в которую он вписан. Правовая культура, на первый взгляд, целиком относится к юриспруденции. При более глубоком проникновении в ее суть оказывается, что это не так, что это поверхностный, односторонний подход. Итак, что же такое правовая культура с точки зрения политической науки?

Основные параметры правовой культуры в казахстанском обществе задаются фундаментальными характеристиками общей культуры, частью которой она является. В последнее годы, как считают некоторые ученые, произошло значительное обогащение представлений о сущности этого феномена, механизме, с помощью которого он регулирует общественно-политическую жизнь страны. Выявлена ограниченность подхода к культуре как к сумме, набору материальных и духовных ценностей, достижений, акцент перенесен на ее изучение как специфического способа человеческой деятельности, природа которого обусловлена творческим характером. В рамках такого подхода культура определяется как «система исторически развивающихся надбиологических программ человеческой деятельности, поведения и общения, выступающих условием воспроизводства и

изменения социальной жизни во всех ее основных проявлениях» [1]. При этом понятие «культура» характеризуют особенности «сознания, поведения и деятельности людей в конкретных сферах общественной жизни...» [2].

Для понимания значения и роли правовой культуры в Казахстане существенно важно учитывать специфическую диалектику культуры, смысл которой заключается в противоречивом единстве творчества, обновления и сохранения достигнутого, образца, нормы. Разрывы этих аспектов культуры в теории и на практике оборачиваются серьезными потерями: искажением культурного процесса, сведением его к одной из сторон при игнорировании другой, попытками оторвать обновление от его историческо-политических оснований или, наоборот, отношением к любой новации как к антикультуре.

Правовая культура в Казахстане служит каналом взаимодействия личности, общества и государства. Ее основное назначение заключается в осуществлении не отстранения, а присоединения казахстанцев к обществу и общественной деятельности. Она связана с такими ее сущностными чертами как целенаправленность, осуществление властных функций в обществе, упорядочивающем воздействие на весь спектр социально-политических отношений. Правовая культура в Казахстане становится реальным инструментом социальных, политических и экономических преобразований, модернизаций, оказывающих существенное влияние на функционирование политико-правовой системы государства и гражданского общества в целом.

Современные представления о правовой культуре в Казахстане исходят из признания органического единства в ней двух начал: духовного, идеологического и практического, деятельного. Формирование правовой культуры и социализация в Казахстане рассматриваются как деятельный процесс. Способность того или иного феномена стать элементом правовой культуры Казахстана в первую очередь определяется возможностями его влияния на достижение планируемых результатов деятельности.

Следует сказать, что правовая культура Казахстана как феномен социально-политической реальности, не состоит из отдельных и изолированных явлений, а представляет собой некоторое целостное образование. Именно целостность определяет те интегральные качества, которые оказываются присущими отдельным составляющим как компонентам системы. Концептуальным инструментом решения проблемы политологического исследования является построение системы показателей и эмпирических индикаторов, определяющих правовую культуру Казахстана как социально-политический феномен.

В казахстанском обществе, где традиционное сознание и правовая культура не являются правовыми феноменами в строгом смысле слова, нормативные отношения воспринимаются довольно вариативно, а правовое поведение населения зачастую нельзя назвать законопослушным. «Раздвоенность позиций» – вот точная характеристика состояния сознания, определяющая и содержание, и эволюцию правовой культуры в Казахстане. Эта черта не только присутствует, но и доминирует. В сознании казахстанцев еще не произошел перелом, еще велика степень предубежденности, опасений, что намечаемые меры не окажут реального влияния на практическую сторону дела, на полное исчезновение тех негативных тенденций, которые сложились в обществе в предшествующие годы.

Данное положение в Казахстане обусловлено рядом причин: недостаточной эффективностью реформ политико-правовой системы, низкой правовой компетентностью граждан, недостаточной информированностью их о своих правах и обязанностях; неукомплектованностью юридического корпуса; недостаточно высоким профессионализмом юристов; противоречиями законодательного процесса в переходный период общественно-политического развития; административным правовым нигилизмом; слабостью правоохранительной и судебной систем. Эти и другие характеристики обуславливают состояние правовой культуры казахстанского общества.

Следует сказать, что в казахстанском обществе существует определенная степень подчинения праву, его престижу, определенное общее напластование различных оценок, моральных и социально-политических позиций, обычаев, которые поддерживают или ослабляют действие политико-правовой системы. Эту общность навыков и ценностей, связанных с одобрением, оценкой, критикой и реализацией политико-правовой системы, можно определить как общую правовую культуру казахстанского общества. Эта правовая культура может быть более или менее развита, а ее отдельные части могут быть в различной степени согласованы со всей культурой. Но существуют и определенные отклонения от основополагающих начал этой общей правовой культуры.

Правовая культура и содержание правосознания казахстанцев в основном зависят от знания права и

политики, помимо которого они могут быть наделены специфической политико-правовой определенностью. Однако знание права и политики не является решающим фактором правомерного поведения. Эти факторы должны включать не только негативные санкции, юридическое просвещение, но и национальную государственную-правовую идеологию, влияющую на формирование правовых установок казахстанца в его социально-конкретных, не всегда благоприятных объективных условиях.

Опираясь на результаты имеющихся исследований правовой культуры Казахстана, можно охарактеризовать ее как степень овладения правом, политикой в действии, в частности, самосознание, ответственность в реализации требований права, политики, творческую ориентацию на общекзахстанские, общечеловеческие ценности и нормы, а также особенности национальной культуры в противоречивых политических, правовых ситуациях, предполагающую в своем высшем проявлении интуитивное политико-правовое поведение, участие в правотворчестве и в разработке государственной политики. Итак, правовая культура Казахстана как социально-политический феномен – сложное явление, определенное единство всеобщего, особенного и единичного. Эффективность каждого элемента в общем механизме воздействия на казахстанца изменяется в зависимости от целого комплекса факторов, среди которых: время, социально-политическое пространство, экономическая ситуация, политическая обстановка. Каждая составляющая этого механизма может быть детерминирующим элементом при условии воздействия на сознание и правосознание личности и общества в целом.

Конец двадцатого столетия для населения нашей страны характерен столкновением идеалов. В этом столкновении представлены коммунистические идеалы, которые воспринимались как мир духовного, несмотря на все противоречия, которые испытал Казахстан за семидесятилетний социалистический путь развития; и мир вещей, в котором главными ценностями являются собственность и деньги.

В мире духовном почти каждый казахстанец ощущал себя частицей общества идеи, гармоничного развитого человека, а в мире, в который его вели реформаторы, он становился частицей общества потребления и должен был проявить жестокость и практический эгоизм.

В связи с этим следует заметить, что произошедшая трансформация социетальной системы требует научно-концептуального осмысления и новой ценностно-смысловой идентификации казахстанского государства и общества. Эти изменения представляют собой социально-политический факт, их нельзя игнорировать.

Накопленный опыт Казахстана и других стран показывает, что сознание, привычки, поведение людей, как бы ни хотели этого они сами, изменяются куда медленнее, чем происходят изменения в экономике, политике, формах устройства общества.

Воспитательная функция правовой культуры казахстанского общества выражается в формировании правовых качеств личности казахстанца. Превращение правовых предписаний, норм права в привычку, в естественный регулятор деятельности казахстанца гражданина предполагает, что они усвоены личностью казахстанцем, стали ее внутренним убеждением. О степени усвоения норм права можно судить по реальному поведению казахстанца гражданина в различных правовых ситуациях. В этом смысле культура правовой деятельности личности казахстанца есть культура ее поведения в правовой сфере.

Личность в Казахстане должна характеризоваться ярко выраженной правовой ориентацией, знанием и пониманием права. Правовая культура казахстанского общества должна способствовать формированию правовой культуры личности казахстанца, уважения к закону.

Присущие правовой культуре Казахстана идеалы, правовые нормы, принципы, традиции предполагают консолидацию членов казахстанского общества, концентрацию их усилий на решение задач построения правового государства. Правовая культура Казахстана обеспечивает социально-политическое сплочение людей. Она позволяет не только осуществлять правовое общение между гражданами, но и регулировать их взаимоотношения в правовой сфере.

С нашей точки зрения, в постсоциалистическом Казахстане начинают реализовываться базовые ценности, принципы и нормы современных демократических цивилизованных правовых систем, создающих условия для гражданской идентификации и гражданской самореализации. Эти принципы и нормы изложены в Конституции Республики Казахстан [11], в конституционном, гражданском и иных отраслях права.

В настоящее время система права Республики Казахстан включает: государственное право, гражданское право, административное право, трудовое право, семейное право, финансовое право, земельное право, природоохранительное право, уголовное право, уголовно-процессуальное право, гражданско-процессуальное право.

В казахстанском обществе существует определенная степень подчинения праву, его престижу, определенное общее напластование различных оценок, моральных и социально-политических позиций, обычаев, которые поддерживают или ослабляют действие политико-правовой системы страны. Эту общность навыков и ценностей, связанных с одобрением, оценкой, критикой и реализацией политико-правовой системы, можно определить как общую правовую культуру казахстанского общества. Эта правовая культура нашего общества может быть более или менее развита, а ее отдельные части могут быть в различной степени согласованы со всей культурой страны. Но существуют и определенные отклонения от основополагающих начал этой общей правовой культуры [12].

Правовая культура и содержание правосознания казахстанцев в основном зависят от знания права,

политики, морали, помимо которого они могут быть наделены специфической правовой определенностью. Однако знание права, политики не является решающим фактором правомерного поведения казах-станцев. Эти факторы должны включать не только негативные санкции, юридическое просвещение, но и национальную государственно-правовую идеологию, влияющую на формирование правовых установок личности казахстанца в ее социально-конкретных, не всегда благоприятных объективных условиях.

Опираясь на результаты имеющихся исследований правовой культуры Казахстана, можно охарактеризовать ее как степень овладения правом в действии, в частности, самосознание, ответственность в реализации требований права; творческую ориентацию на общеказахстанские, общечеловеческие ценности и нормы, а также особенности национальной культуры Казахстана в противоречивых правовых ситуациях, предполагающие в своем высшем проявлении интуитивное правовое поведение, участие в правотворчестве.

Совершенствование правовой политики Республики Казахстан под воздействием социального прогресса и правильной государственной политики способствует росту правовой культуры населения. Об этом свидетельствуют и результаты социологического исследования молодежи Кызылординского колледжа «Кызмет» (опросом были охвачены 120 респондентов). Результаты опроса показали высокий уровень правовой культуры учащихся. Так, каждый респондент сообщил, что хорошо знает Конституцию Казахстана, 84,1% опрошенных имеют хорошую оценку по основам права, более 90% – не нарушают законы страны, 81,5% – омагают правоохранительным органам, общественности в реализации правовой политики в жизнь.

Интересными представляются с точки зрения определения зрелости правовой культуры населения ответы на вопрос: «Как Вы считаете, насколько соблюдаются Ваши права и права Ваших близких?». Приводим результаты социологического исследования, проведенного нами в поселке Жусалы Кармакчинского района Кызылординской области (150 респондентов). При ответе на этот вопрос, большая часть респондентов отметила реализацию своих прав в полной мере и изучения законов Казахстана. Сходная картина выявлена и другими исследователями – А.Б. Сейсеновой, А.И. Шалтыковым. Политическо-правовое реформирование, модернизация общества стимулируют совершенствование правовой культуры населения и правовой политики Казахстана вообще.

Итак, правовая культура в Казахстане как социально-политический феномен - сложное явление, определенное единство всеобщего, особенного и единичного. Эффективность каждого элемента в общем механизме воздействия на казахстанца изменяется в зависимости от целого комплекса факторов, среди которых: время, социальное пространство, экономическая ситуация, политическая обстановка. Каждая составляющая этого механизма может быть детерминирующим элементом при условии воздействия на сознание и правосознание личности и общества в целом.

Правовая культура Казахстана, таким образом, выражает по существу социально-политическую связь и взаимодействие индивида, государства и общества, и в этом своем качестве такая оценка выступает как политологическая характеристика правовой культуры страны. И еще. Правовая культура Казахстана по существу выступает выражением, отражением как сущности содержания и функций правового государства, так и результатом осуществления правовой политики Республики Казахстан, в основе которых лежит правовое воспитание населения.

1. *Абаев С.Н. Общество и сознание. – Караганда, 2008. - С. 47.*
2. *Шарипов А.И. Проблемы права в СНГ: история и современность. – Казань, 2007. - С. 105.*
3. *Исаев С.Н. Преступление советской власти в Центральной Азии. - Ташкент, 2000. - С. 10.*
4. *Формы общественного сознания. – М., 2001. – С. 98-99.*
5. *См.: Sozialphilosophische, politische und rechtliche Aspekte der Modernisierung Kasachstans. – Berlin, 2012. – S. 135-141.*
6. *Киреев В.И., Сергеев С.Н. Правовая культура и ее проблемы. - Ростов – на – Дону, 2009. – С. 21.*
7. *Социологический словарь. – М., 2008. – С. 150.*
8. *Социально-политические проблемы в арабских странах. – СПб., 2009. - С. 120.*
9. *Мухамедов А.И. Исламское право. - Ташкент, 2007. - С. 72.*
10. *Государственная политика и ее проблемы. – Казань, 2005. - С. 64.*
11. *Конституция Республики Казахстан. – Астана, 2008. - С. 4-15, 41-47.*
12. *Малиновский В. Конституционное право. - Алматы: Әділет, 2002. - С. 47-48.*

Түйін

Мақалада ел-жұрттың құқықтық мәдеиеті өзекті мәселелері – Қазақстан Республикасының құқықтық саясатын

жүргізудің қажетті факторы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар дискуссиялық мәселелерге де көңіл бөлінген.

Резюме

В данной статье рассматриваются степень воздействия правовой политики на процесс укрепления демократиче-ского государства в современном Казахстане, становление и развитие правовой культуры населения нашей страны.

Resume

In article topical issues of legal culture of the population as the most important factor of improvement of legal policy of the Republic of Kazakhstan are considered. In article the attention and to debatable questions is paid.

ДІН – ДІЛДІҢ ДІНГЕГІ

Б.Сманов – *пед.ғ.д., проф., халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі*

Дін – қоғамдық сананың маңызды түрі ретінде тамыры тым тереңге жайылған жалпыадамзаттық өркениеттің құрамдас бөлігі. Бұл – әр елдің, әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігінде ерекше орын алатын құндылық. Дін арқылы кез келген тірі пенде қоршаған ортаны, төрткүл дүниені танып білудің, оны рухани меңгерудің жолдарын қарастырады.

Бүгінгі біз өмір сүріп отырған жаңарған қоғам аясында да діннің алатын орнының, қызмет ауқымының күннен күнге ұлғая түсуі, сол арқылы оның мерей-мәртебесінің өсе түсуі, діндарлар мен діни ұйымдар-дың санының артуы, діни сенімге байланысты әр түрлі жағдайлардың ел назарын аударуы байқалып отыр.

Бұл үрдістің мұндай қарқынмен дамуының басты себебінің бірі – бұрынғы тоталитарлық жүйедегі барлық посткеңестік республикаларды жайлаған рухани дағдарысқа ұшырауынан дер едік. Соның нәтижесінде бүгінде әлеуметтік-адамгершілік құндылықтардың өңі өзгерді, сан миллиондаған адамдар табынып келген бұрынғы кеңестік үйреншікті идеалдар, жалаң қызыл саясаттан туған құндылықтар жойылды. Мұның орнын халықтың сан ғасырлар бойғы дәстүрлі наным-сенімдері басты. Дінге деген байырғы ата-бабалардан мұра болып келе жатқан үйреншікті көзқарасты қалыптастыру әрі рухани, әрі әлеуметтік қажеттілікке айналды.

Елімізде дін рөлінің арта түсуіне саяси және рухани-мәдени саладағы жалпыадамзаттық құндылықтар-дың өмірге оралуы да ерекше ықпал етуде. Зиялы қауым мен жалпы жұртшылық қазіргі кезеңдегі имани-әлеуметтік жұтандықты болдырмаудың пәрменді түрі дін екенін, оның ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық байлықтарының қадір-қасиетінің мәні күн өткен сайын өсіп отырғанын мойындады. Ал кейбір ұлттық қозғалыс өкілдері өздерінің этникалық тұрғыда дамуында, мәдениеті мен ұлттық дәстүрінің өркендеуінде діннің ерекше қызметіне иек артып отырғаны мәлім.

Қоғамдағы дін туралы көзқарастың оң бағытта өзгеруінде, оның рухани-имандылық және мәдени-ағартушылық тұрғыдан өркендеуіне қажетті фактор болып табылатынын ұғындыруда және мұндай игілікті істерді көпшілік қауымның ой-санасына дұрыс жеткізіп, орнықты пікір қалыптастыруда бұқара-лық ақпарат құралдарының қызметі ерекше екендігі – еш дәлелдеуді қажет етпейтін шындық.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» еліміздің жаңа заңы бүгінде діни бірлестіктер мен ұйымдардың мүмкіндіктерін кеңейтіп, діни сенім-нанымды ұстанған азаматтардың рухани талабын орындауға жол ашып отыр. Бұл маңызды құжаттар дінге саналы көзқарас қалыптастыруда, оны ұрпақтар игілігіне жаратуда еліміздің ұстанып отырған сындарлы бағытын танытады. Айталық, он жеті жылдан бері қолданылып келе жатқан Ата Заңымыздың 5, 12, 22 баптарында азаматтардың рухани сеніміне қатысты жайлардың, қоғамдық татулық пен елдегі саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму мен қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың демократиялық жолдары, дін, оның қоғамда алатын орны, жеке адам, оның өмірі мен ар-ождан бостан-дықтары, құқықтары, оларға берілетін кепілдіктер, дін мен мемлекет арасындағы өзара қатынастың бағыт-бағдарлары белгіленді. Ал, ел конституциясында айтылған діни сенім-нанымға қатысты осынау маңызды мәселелерді салалық «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы реттеп, жүзеге асырып отырады. Діни сенімге байланысты бұдан басқа да жайттарға мемлекетіміздің азаматтық, қылмыстық, салық, әкімшілік заң бұзушылықтар жөніндегі т.б. заң актілерінде де тиісті орын беріліп келеді [1].

Бұрынғы кеңестік кезеңдегі ондаған жылдар бойы діни сенім, ар-ождан бостандығына қойылып

келген шектеулер, әсіресе, ислам іліміне ерекше салқынын тигізгені белгілі. Қазан төңкерісі жүзеге асқан соң-ақ діндарларға қарсы аяусыз күрес ашылды. Жергілікті өкімет басына келген белсенділер қызыл отаудың жанынан құдайсыздар (атеистер) үйін, үйірмелер мен қоғамдар ашып, ауылдағы шаласуатты молдалардан бастап, ғұлама ғалым, иманды имам, есімі елге мәшһүр діни қайраткерлер мен зиялылардың бастарына әңгір таяқ ойнатты. Абақтыға тоғытты, жер аударды.

Аталмыш науқанға, тіпті, алақан жайып бата жасағандар мен мешіт табалдырығын аттаған қарапайым жандар да ілікті. Небір зәулім мешіттер мен сәулетті ғимарат-ғибадатханалар қиратылды, аман қалғаны әдейі мал қораларға не қоймаларға айналдырылды. Тек құран ғана емес, иісі арабша жазылған рухани құндылығы мол жазба мұралар, түрлі көне әдебиеттер діни кітаптар ретінде өртелді [2].

Коммунистік идеологияның шектеу шеңберінен шығып, діни сенімдерге кең жол ашылған кейінгі демократиялық кезеңде, ел тәуелсіздігі тұсында халқымыздың дінге деген көзқарасы едәуір өзгеріп, елдің оған деген құрмет сезімі қалыптасты.

Соған сәйкес діннің мәртебесі мен абырой-беделі артып, қоғамдық-әлеуметтік қызмет аясы өсті. Жылдан-жылға діни бірлестіктер мен діндарлардың саны артып келеді. Соның нәтижесінде елімізде дәстүрлі (ислам және христиандық-православиелік) діндер мен Қазақстанда бұрын-соңды болмаған дәстүрлі емес жаңа діни ағымдарды, діни ұйымдарды қамтыған **көпдінді рухани кеңістік** пайда болды. **Бұлармен қатар діннің атын жамылған түрлі ағымдар, секталар, миссионерлік қозғалыстар, діни фундаменталистік, экстремистік топтар да бой көрсете бастады. Дінді кейде саяси-идеологиялық күрестің қолшоқпары ретінде пайдалануға тырысатын жайттар да байқалады. Бұл – әрине, заңға, елдік мұраттарға, мемлекеттік мүдделерге қайшы келетін әрекеттер болып саналады.**

Міне, осы секілді көріністерге орай, қазіргі таңда қоғам мен діннің арақатынасын белгілеп алу, конфес-сиялараралық қатынастарды, діннің қоғамымыздағы және даму тарихымыздағы әлеуметтік орнын айқын-дау, халықтардың рухани және мәдени тұрғыда өркендеуіне, діндердің өзара келісіміне, ынтымақтасты-ғына, сабырлылық пен тағаттылығына баса назар аудару айрықша маңызды.

Бұл тұрғыда демократиялық қоғам орнату жолындағы мемлекет пен діни ұйымдардың арасындағы қарым-қатынастар мүлде жаңа бағытқа бағдарлануы қажет. Мұны Елбасымыз 5 қыркүйекте Назарбаев Университетінде оқыған интерактивті дәрісінде: «Этностық және діни айырмашылықты байыппен түсіну және құрметпен қабылдау... Осының арқасында біздің әр алуандығымыз біздерді бөлмейді, қайта бірікті-реді. Егер біздің тағаттылығымыз болмаса, онда қайығымыз бағытынан ауытқып кетуі ықтимал және әрі қарай апаттан қорғалмайтын болады», – деп айрықша атап ескертті [3].

Дінге саналы көзқарас қалыптастыруда, оны халықтың, әсіресе, жас ұрпақтың игілігіне тиімді пайда-лануда мемлекетіміздің ұстанып отырған бағыты көңіл аударарлық. Мұны біз күнделікті өмірімізде көріп те келеміз. Қазіргі кезеңде діни бірлестіктер жаңа қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңға сәйкес қайта тіркеуден өтіп жатыр. Бұл жұмыс 2012 жылдың қазан айында аяқталды. Жаңа заңның талабына орай конфессиялар мен діни бірлестіктердің саны біраз қысқарды.

Елімізде соңғы жиырма жылда діни бірлестіктердің саны үш есеге артты, ал конфессиялардың саны екі есеге көбейді. Осы өткен онжылдықтың өзінде еліміздегі діни кеңістіктің құрылымы, шеңбері анағұр-лым өзгерді, кеңейді. **Бүгінде елімізде 46 діни конфессияның басын құрайтын 4,5 мыңнан астам діни бірлестіктер жұмыс істейді.**

Мемлекет пен діндердің өзара сындарлы байланысын қамтамасыз ету мақсатында Президент Әкімші-лігінің құрылымында алдымен Діни бірлестіктермен байланыс бөлімі ашылды. Одан соң Қазақстан Республикасы Үкіметі жанынан Дін істері жөніндегі Кеңес құрылып, ол кейіннен Мәдениет министрлігі-нің Дін істері жөніндегі комитетіне айналды. Қазір бұл құрылым ҚР Дін істері агенттігі болып дербес шаңырақ көтерді. Оның облыстар мен Астана, Алматы қалалық әкімдіктерінің құрамында департаментте-рі ұйымдастырылып, жұмыс жүргізіп келеді.

Қазақстанда еліміз азаматтарының құқықтары мен сенім-наным бостандықтарын құрметтеу, қоғамдық және діни мақсат-мүдделердің тепе-теңдігін сақтау, ынтымақтастық қарым-қатынас пен өзара түсіністікке қол жеткізу, демократиялық ұстанымдарға негізделген мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы байланыстың өзіндік үлгісі қалыптасты. Мұнда жаңа саяси-қоғамдық жағдайдағы мемлекеттің діни ұйымдармен қарым-қатынасын ретке келтіру қажеттілігіне, ұлттық қауіпсіздігіміз бен ішкі саяси тұрақтылықты, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді қамта-масыз ету мүмкіндіктеріне мән беріледі.

Қазақстандағы діндарлардың 93-95 пайызын құрайтын негізгі екі діни конфессияны (ислам мен

православиелік-христиандық бағыт) үлкен діни орталықтар – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен Орыс православие шіркеуінің үш аймақтық епархиалдық басқармасы басқарады. Бұдан басқа католиктер шіркеуі, Інжіл христиан баптистері, Лютерандар, Жетінші күн адвентистері, Иегова куәгерлері, Елуліктер, т.б. діни құрылымдар жұмыс істейді.

Қазақстанда «Нұр-Мұбарак» Мысыр ислам мәдениеті университеті, Имамдар біліктілігін жетілдіру институты, Орыс православие шіркеуінің Алматы епархиалдық діни училищесі, Алматы пресвитериан-дық діни академиясы, Рим-католик шіркеуінің Жоғары епархиалдық діни семинариясы, «Жарық» атты інжіл институты секілді т.б. оқу орындары бар. Бұл оқу орындары дін мамандарын даярлайды.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-діни саясат мынадай ұстанымдарға негізделген:

- мемлекеттің зайырлылығы, білім беру мен тәрбиелеудің мемлекеттік жүйесі;
- адамдар мен азаматтардың ешқандай діни айырмашылықтарына қарамай құқықтық тепе-теңдігі әрі бостандығы;
- заң алдында діни бірлестіктердің жауапкершіліктерінің теңдігі бірдей екендігі;
- мемлекеттің ішкі қызметіне діни ұйымдардың араласпауы;
- діни бірлестіктердің заңдылықтарды сақтауына мемлекеттік бақылау;
- діни бірлестіктер мен мемлекеттің айқын белгіленген қызметтер негізінде ынтымақтастығы;
- ұлттық-мәдени салт-дәстүрлерді, кейбір жергілікті тұрғындар топтарының менталитетін құрметтеу;
- ұлттық дәстүр-салттардың дінмен өзара байланысын ескеру;
- қоғамдық тәртіпті, діни сенім саласындағы заңдылықтарды, қауіпсіздікті, басқа адамдардың құқық-тары мен бостандықтарын, өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында шектеулер қою.

Біздің еліміздің зайырлылығы мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінгендігі дегеніміз – діни ұйымдар мен бірлестіктердің мемлекет ісіне араласпауы, олар ешқандай мемлекеттік қызмет-тер атқармайтындығы, саяси жұмыспен, саясатпен айналыспайтындығы. Сондай-ақ, діни негіздегі саяси партиялар құруға тыйым салынады. Діни дәстүр-салттарды, т.б. діни іс-шараларды мемлекеттік орындарда атқаруға, оларды мемлекеттік қызметтермен байланыстыруға болмайды. Діни бірлестіктер мемлекет тарапынан қаржыландырылмайды. Қысқасы, мемлекет және діни бірлестіктер әрқайсысы өз ауқымында дербес әрі өзара тығыз байланыста қызмет етеді.

Діни-радикалдық көзқарастар туралы айтқанда, оның пайда болуы мен таралуына ең алдымен жергі-лікті жерлердегі ресми діни ұйым басшылары, діни қызметкерлер тосқауыл қоюлары қажет деп ойлай-мыз. Өйткені, олар өздерінің абырой-беделімен, ықпал-әрекетімен кез келген діни ауытқушылықтарға, фанатизмге, экстремистік бағыттарға қарсы тұрып, рухани-ағартушылық насихат тұрғысында іс-қимыл көрсетуі, ата дәстүрді, діни құндылықтарды қорғауы тиіс. Мұнда олар ұлттық мәдени, қоғамдық бірлес-тіктерді, олардың жетекшілерін, диаспора басшыларын ұтымды пайдаланып, елдің береке-бірлігін, ынтымағын, бейбіт өмірді қамтамасыз еткені абзал. Қазір елімізде осындай сындарлы саясаттың арқасын-да ұлтаралық келісім мен сыйластық сақталып отыр. Мұны бұдан былайғы өмірде де асқан ыждаһатты-лықпен, үлкен жауапкершілікпен жүргізген жөн.

Бүгінде біздің өмір сүріп отырған жаңа қоғамымызда діни ұстанымдардың рөлі мен мәртебесінің өзгергені жалпы діни құбылыстың мемлекет пен қоғамға қарай бетбұрыс жасауынан көрінеді. Ол өзінің табиғаты жөнінен мемлекеттік емес қоғамдық институт ретінде өмір сүріп келеді. Сондықтан діннің шын мәніндегі өркениетті ізгі қасиеттерін, **демократияны ұлықтайтын игі тұстарын таныту, оны тарату – халқымыздың рухани кемелдігін қалыптастырудың кепілі, ел қауіпсіздігінің алтын арқауы болмақ.**

Бізге ислам дінін ұстанушылар – халық санының шамамен 70,2 пайызын құрайтын 27 этникалық топ. Республика халқының 66 пайызы қазақтар және оларға қоса ұйғыр, татар, өзбек, түрік, күрд, дүнген, шешен, әзірбайжан, башқұрт, ингуш, балқар сияқты т.т. бауырлас халықтар түгелдей ислам дінін және оның ішінде бірді-екілісінен басқасы, яғни барлығы дерлік ежелден, сан ғасырлар бойы сүнниттік жолды ұстанады. Тек, әзірбайжан мен күрд халықтарының бір бөлігі мен шағын ирандық топ шиға, яки шииттік жолды тұтынады.

Қазақстандағы екінші орындағы дін – христиандықтардың бүгінгі ахуалы исламмен салыстырғанда өзгеше. Христиандардың басым көпшілігі славяндық православие бағытында. **1956 жылы республика көлемінде 55 православие жамағаты (приход) болса, бүгінгі күні 250-ден астам діни бірлестік,** 10-ға тарта монастырь жұмыс істеп келді. Қазақстандағы Орыс православие шіркеуі – тікелей Мәскеу Патриархатына және оның Қасиетті Синодына бағынатын митрополиттік деңгейдегі үш епархиалық басқар-маны біріктірген жүйелі құрылым.

Христиандықтың еліміздегі екінші тармағы – католиктік бағытты ұстанатын шағын топ. Олардың өзі екі топқа бөлінеді: Рим католик шіркеуі және Грек католик шіркеуі. Бұл екі шіркеу негізінен Астана, Алматы және Қарағанды қалаларында жұмыс істейді. Республика көлемінде католиктік жамағаттардың діни бірлестіктерінің саны 100-ге тарта. Шетелдердегі католик шіркеулері, әсіресе Ватикан және АҚШ-та орналасқан католик ұйымдары Қазақстанда миссионерлік іс-әрекеттерді белсенді түрде жүргізіп келеді. Бұған бүгінгі күні елімізде материалдық жағынан қамтамасыз етілген 150-ден астам шетелдік католик миссионерлердің (ресми тіркелгендері ғана) тоқтаусыз үгіт-насихат жұмыстарымен шұғылданып жатқанын айтсақ та жеткілікті. Сонымен қатар католиктердің Қарағанды, Астана, Павлодар қалаларында діни оқу орындары мен басылымдары бар.

Христиандардың ішінде саны аз болғанымен ең көп тармаққа бөлінген тобы – протестанттар. Олардың 500-ден астам шіркеуі жұмыс жасайды. Қазақстандағы негізгі протестанттық шіркеулер – Евангелиялық христиан-баптистер, Жетінші күннің адвентистері және Лютерандар. Еліміздегі баптистер саны 10-15 мың адам шамасында, олардың жамағаттарының саны 300-ден асады. Лютерандардың орталығы Астана қаласында орналасқан. 70-тей діни жамағаттары бар, олар негізінен немістер арасында көп тараған. Адвентистердің де орталығы Астана қаласында. Осы аталған протестанттық конфессиялар елімізде тек өткен ғасырда ғана пайда болғаны, олардың Кеңес билігі кезінде (1917-1991) күштеп қоныс аударушылар арқылы Қазақстанға келгені белгілі. Жаңа елордамыз Астананың діни орталық ретінде таңдалуы осы шіркеулердің орталық және солтүстік аймақтарда етене жұмыс жүргізуіне қолайлы мүмкіндік жасап келе жатқаны айтпаса да түсінікті.

Протестанттық христиандық бағыттың жаңа түрлері Елуліктер, Методистер (Біріккен методистер шіркеуі немесе «Бірігу шіркеуі» – АҚШ, Флорида штаты), Меннониттер, Пресвитериандар (АҚШ), Жаңа апостолдар шіркеуі (АҚШ), Әлемдік Қырман Шіркеуі (АҚШ, Колорадо штаты), Қожайындар шіркеуі (АҚШ, Флорида штаты), Агапе, Жаңа өмір шіркеуі, Ізгі хабар, Иегова куәгерлері (АҚШ) т.т. миссионерлік іс-қимылдарымен бірсыпыра азаматтарды өздеріне үгіттеп үлгерді. Елімізде протестанттық бағыттың 20 шақты сектасы және мыңнан астам діни бірлестіктері мен қоғамдары қызмет етіп келді. Соңғы кездері дәстүрлі емес діни ағымдар қатары да бой көрсете бастады. Олардың қатарында «Саентология шіркеуі», Бахаизм, Қадияний (Ахмадия), Кришна қоғамы, Шайтаншылдар қоғамы, Виссариондықтар т.б. шіркеу-лерді атауға болады [5].

Бүгінде Қазақстан әлем діндерінің айтулы басқосуларын ұйымдастыруда да ерекше белсенділік танытып келеді. Бұл бағыттағы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың бастамашылығымен атқарылып отырған игілікті істер мен көтеріп жүрген келелі мәселелер әлемдік деңгейдегі мәртебелі мінбелерден айтылуда. Мемлекет басшысының тікелей ұсынысымен 2003 жылы қыркүйекте Астанада әлемдік діндер форумы өтіп, оның жұмысына дүниежүзілік және дәстүрлі діндер жетекшілері қатысты. Мұнда діннің әртүрлі бағыттарының 17 делегациясы, құрметті қонақтар мен халықаралық беделді ұйымдардың басшылары, өкілдері келді. Айталық, Дүниежүзілік Ислам ұйымының Бас хатшысы Шейх Абдулла ибн Әл-Мухсин әл-Түрки, Әл-Әзхар Жоғары имамы, марқұм – Шейх Мұхаммед Саид Тантауи, Халықаралық ислам университетінің президенті, доктор Махмуд Ахмад Гази, Орыс православие шіркеуінен – Алматы мен Астана митрополиті Мефодий, Франция митрополиті Эммануэль, Лютерандардың дүниежүзілік Бас хатшысы, доктор Ишмаэль Ноко, Израильдің Бас раввині Йона Мецгер, Синтоистік храмдар Бас басқар-масының директоры Минору Сонода, Ватикан католиктік діни мемлекетінің кардиналы Иосиф Томко сынды т.б. әйгілі дінбасылар қатысты. Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің бірінші съезіне қатысушылар арнайы декларация қабылдады. Съезде жер бетінде бейбітшілік пен келісімді орнықтыру ісіндегі діннің рөлі туралы пікірлер алмасудың жемісті сипатын назарға ала отырып, әлем діндері өкілдерінің арасындағы сындарлы үнқатысуды жалғастыру қажеттілігі туралы ортақ уағдаластыққа қол жеткізілді. Мұнда съезді кем дегенде үш жылда бір рет өткізіп тұру, оның атауын «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі» деп қабылдап, бұдан кейінгі съездерді Астана қаласында өткізіп тұру ұйғарылды.

Бұл бас қосудың маңыздылығы қазіргі әлемдегі діннің рөлі туралы сындарлы келісім мен пікір алмасуға және бүкіл жер бетіндегі бейбітшілік пен келісім жолында барлық конфессиялардың күш-жігерін біріктіру қажеттілігінде, төзімділік, өзара татулық, ынтымақтастық ұстанымдарын қалыптастыруда жатыр. Олар көпбағыттылық, ғаламдық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ықпалдасу, топта-су, әділеттілік пен әлемдік даму мақсатына негізделеді. Мұны Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Халықтардың, діндердің, мемлекеттердің және үкіметтердің бейбіт қатар өмір сүруі мен сындарлы өзара іс-қимылы туралы мәселе қазіргі уақытта айрықша өзекжарды маңызға ие болуда. Ол таза теориялық көзқарастан маңызды практикалық міндеттердің қатарына қосылады. Сондықтан да көптеген саяси және діни қайраткерлердің күш-

жігерлерімен бағзы заманнан бүгінгі күнге дейін жалға-сын тауып келе жатқан діндер, мәдениеттер, өркениеттер арасындағы диалогты жалғастыру аса маңызды оқиға болып табылады», – деп өзінің сөзінде сөйлеген сөзінде айрықша атап өтті.

Биылғы жылы Қазақстан Ислам Ғылымдарының Ұйымына төрағалық етіп отыр.

Ислам Ғылымдарының Ұйымы – (ИҒҰ) 1969 жылы қыркүйекте ресми түрде құрылған халықаралық ұйым. Алғашқы жылдарда Ұйымға 25 мемлекет мүше ретінде тіркеліп, қызмет етсе, қазіргі кезеңде ол Азия, Еуропа, Африка және Оңтүстік Америка құрлықтарындағы 57 мемлекеттің басын біріктіріп отыр. Сонымен бірге, ұйымның жиындарына бес мемлекет және бес халықаралық ұйым байқаушы ретінде қатысып келеді. Оның үстіне ИҒҰ БҰҰ-нан кейінгі екінші ең ірі халықаралық саяси ұйым болып санала-ды. Өйткені, бүгінде жер жүзінің төрттен бір тұрғыны мұсылман. Мұсылман елдеріндегі халықтың жалпы саны **1,57 миллиард** адамды құрайды. Бұл – бүкіл жер шары халқының 23 пайызы. Ал, біздің еліміз – Қазақстан адам саны (16,5 млн.) жағынан ИҒҰ-ға қатысушы елдер арасында – 23, әлем елдері арасында 62-ші орынды иемденеді. Жер көлемі жағынан ислам елдері арасында бірінші орынға ие.

Қазақстан Республикасы Ислам Ғылымдарының Ұйымына 1995 жылы толық мүше ретінде қабыл-данды. Содан бері еліміз Ұйымның көптарапты қызметіне белсене қатысып, ИҒҰ-ның әлемдік қауым-дастықтағы рөлін арттыруға және оның өркениетті дүниедегі ерекшеліктерін нығайтуға өзінің салмақты үлесін қосып келеді. Сондықтан Ұйымға төрағалық ету – біздің елімізге мұсылман елдері тарапынан көрсетіліп отырған ерекше сенім, үлкен жауапкершілік, абыройлы міндет.

Қандай да болсын іргелі дін адалдыққа, тазалыққа, жақсылыққа, үлкенді сыйлау, кішіге ілтипат білді-ру секілді адамгершілік игі қасиеттерге, имандылық, қайырымдылық сынды асыл мұраттарға баулып, оларды ұрлық, зорлық, өтірік, қиянат сияқты жат әдеттерден аулақ болуға үйретеді. Сол себепті де әрбір салауатты азамат діннің қоғамға, мемлекетке, елге пайдалы жағын білуі, оны ізгіліктің ілімі ретінде сыйлауы, философиялық категория ретінде қоғамдық ой-сананың бір түрі, рухани болмыстың көрінісі іспетті бағалауы қажет.

Рас, Қазақстан – демократиялық, зайырлы, құқықтық-әлеуметтік қоғам орнатқан мемлекет. Бұл, жоғарыда атағанымыздай, Ата заңымыз – Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңда арнайы бекітілген. Салалық заңда азаматтардың тұтынған діни ағымдарына арналған діни бірлестіктер құруына бірдей құқықтық мүмкіндіктер жасалған. Алайда, мемле-кет халықаралық қауымдастықтар қабылдаған діни үдерістерді құқықтық-саяси реттеудің негізгі нормала-рына сәйкес діни бірлестіктердің ішкі жұмысына араласпайды, қол сұқпайды. Бірақ, бұл дін мемлекеттен тыс өмір сүреді деген сөз емес. Қайта, керісінше, дін діни-прогрессивтік іс-шараларды мемлекеттің қолдап-қуаттауымен, оған қажетті жағдай жасауы арқылы іске асыра отырып қызмет етеді. Мұны айтып отырғанымыз, кезінде Үлкен үйде Дін істері жөніндегі Кеңестің жауапты хатшысы қызметін атқарып жүргенімізде, кейбір діндарлар мен діни бірлестіктер басшыларының «біз, яғни діни бірлестіктер, мемле-кеттен бөлінгенбіз» дегенді сылтау етіп, «мемлекет біздің ісімізге араласуға хақысы жоқ» деген тұрғыда-ғы жаңсақтықтарға ұрынғанын, сөйтіп ашықтан-ашық заңсыздықтарға барғанының куәсі болдық.

Сондай-ақ, бәзбір әкімқараларымыз бен кейбір басшы қызметкерлеріміз «Дін – мемлекеттен бөлінген» дегенді жамылғы етіп, жалпы дін атаулыдан ат-тонын ала қашты. Олар тіпті оны біздің санамыздан тыс өмір сүретін ерекше дербес дүние, мемлекет ішіндегі бөлек мемлекеттей көрді. Өздерінің діндарлармен бір қоғамда, бір елде тұрмыс-тіршілік ететінін, Ата заң мен республикамыздың басқа да нормативтік-құқықтық құжаттары бәрімізге ортақ екенін ескере бермеді. Сондай салғырт көзқарастың салдарынан барып бақылаусыздық орын алды. Мұндай жәйт «Өзі де зытайын деп тұрған киік еді, «бір жеріне» таяқ тиіп еді» дегеннің кері сияқты, онсыз да біздің қисын-қағидаларымызға пейілсіз кейбір діндарлардың өз білгенін жасауына, биліктің бишігін ұстаған әкімсымақтарымыздың заңсыздықтарға жол беруіне жағдай жасады. Мұны жасыратыны жоқ, әсіресе, басқа келімсек кірме діндерді уағыздаушылар өз мүдделеріне мейлінше ұтымды пайдаланды.

Әрине, жетістіктеріміз өз орнымен. Дегенмен, алдағы уақытта кейбір кемшіліктерімізге көңіл бөлген абзал болар еді. Осы ретте игілікті шараларды, жақсы жайттарды айта отырып, оқырманмен мынадай мәселелерде ой бөліскенді орынды санаймыз. Біздің мемлекетіміз тәуелсіздік алғалы бері жиырма жылдан астам уақытта еліміздің «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктері туралы» алғашқы заңы жетілдіріліп, толықтырылып қызмет етіп келді. Өткен жылдан бастап, мүлде жаңаша бағыттағы заң қабылданып, қолданысқа енді. Ол жоғарыда аталғандай Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы деген жаңа атауға ие болды. Рас, бұл заңнамалық құжаттың жетістіктері мол. Алайда, өмір үнемі даму үстінде болатындықтан, заманның өскелең

талаптарына қарай бұл заңға да алдағы уақытта өзгерістер, толықтырулар енгізілетіні сөзсіз. Қолданысқа енген жаңа заңды жасауда еуропалық елдердің (американдық, ағылшындық, француздық т.т.) үлгілері назарға алынғаны байқалып тұр. Өйткені, мұнда баяғы әдетпен берілетін кеңестік кезеңдердегі қисын-қағидаттардан, одан кейінгі Ресей заңнамаларынан кейбір мәселелердегі айырмашылықтар, алшақтықтар бірден көзге түседі. Айталық, миссионерлік қызмет орыстардың заңында арнайы аталмайды да. Ал біздің заңымызда бұл мәселеге 7 тармақтан тұратын арнайы (8-ші) бап жеке берілген. Бұл бапта «Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар миссионерлік қызметті тіркеуден кейін жүзеге асырады», – деп арнайы бекітілген. Мұның өзі елді алағайдай бүлдіруге ашылған мүмкіндік демеске еш әддің жоқ. Ондай «жарылқағыш» қызметтің біздің елімізге, ұлтымызға қаншалықты қажеттілігін мен өз басым түсіне алмаймын. Бұл, негізінен, қазақтардың көпінді ұлтқа айналуына жол ашады деген сөз. Қалай ойласаңыз, олай ойлаңыз, «көпінді ұлт», «көпінді мемлекет» деген атаулар мақтанатындай нәрсе емес. Миссионерлік қызметті ресейліктер өз заңдарында арнайы бап етіп бермеуінде үлкен мән жатқан сияқты. Кезінде Кеңес Одағы секілді алып мемлекеттің өзі миссионерлердің Америка, Азия, Африка халықтарын отарлауда, жаулап алуда, ашық және жасырын белсене ұйымдастырған үгіт-насихат, мәдени-ағарту, медициналық көмек жұмыстарын сынап отырып, «оны (миссионерлік қызметті – Б.С.) өз дінін басқа діндегілерге таратушы ретінде идеологиялық үстемдік етудің, басып алудың, отарға айналдырудың, әлсіз елге билік жүргізудің кеңінен тараған түрі», – деп қатты қауіптенді, оларды жолатпады. Бұл да ойланарлық жағдай.

Мәселен, қазір бізде бір үйде, бір отбасында бірнеше дін өкілін кездестіруге болады. Бір мысал. Мені-мен университетте араб тілін бірге оқыған курстас қыз бар еді. Сол Алматыда қолында тұратын, елдегі ағасының христиан-баптистердің дінін қабылдаған студент ұлын «ислам дініне қайтарамын» деп үгіт-насихат жасап, арпалысып жүріп өзі керемет діндар, нағыз намазхан болып кетті. Ал әлгі студент бауыры тауық басып шығарған үйректің балапаны секілді жат діннің «айдынында» жүзіп, сол бойы қалды.

Екінші мысал. Қыздар университетінде тарих-филология факультетінің деканы қызметінде жүргенім-де, біздің факультетте үздік оқитын студент қыз болды. Өзі зиялы отбасынан-ақ шыққан. Әкесі қазақтың қаламгер-журналісі. Солар бүкіл отбасымен христиандық діннің бір тармағына өтіп кеткен болып шықты. Діндар-студент райынан еш қайтпай қойды. Өйткені, отбасы түгел сол дінде.

Дәл осылайша қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында үздік оқитын 3 курс студенті болды. Ақын, сазгер, әнші, әдеби-мәдени кештерді тамаша жүргізуші (конферансье) жанып тұрған талантты жастын. 3-4 студент құрбыларын үгіттеп, елуліктер (христиандық) дініне өтіп кеткен. Үгіт-насихат, тәрбие жұмысының арқасында оның жанындағы өзге студенттер кері қайтты. Ал оларды ұйымдастырып жүрген әлгі үздік студентіміз алған бетінен қайтпай қойды. Бұл екі жайттан да байқайтынымыз – жат дінді насихат-таушы миссионерлерге керегі біздің жақсыларымыз, үздіктеріміз, маңдайалды ұл-қыздарымыз, онан соң олардың болашақ қазақ тілі мен әдебиеті маманы екендігі болды.

Иманы саламат болғыр, журналист-педагог, марқұм Мұхтар Әбділдабеков деген аға-досым тірі болса биыл 70 жасқа толар еді. Нағыз патриот – ана тілінің, ата дініміздің жалынды жанашыры болатын. Сол кісі бірде сол кездегі «Саяхат» автобекеті маңайындағы Раскова көшесіндегі 42-ші үйде орналасқан Қазақ христиандарының шіркеуіне барып, 9 қандасымыздың шоқындырылғанын «Ана тілі» газетіне (Жарылқап Бейсенбайдың бас сарашылығы тұсында) жазды. Осылайша, қой аузынан шөп алмайтын момын халқы-мыздың арасынан қазақ кришнаидтері, қазақ христиан-баптистері, қазақ иегово куәгерлері, қазақ пресви-териандары... тағы қандай келімсек дінінің бар, бәріне мольнан орын берілді. Бұл жөнінде «Экспресс К» газеті кезінде (15.12.95) орынды мәселе көтеріп, дабыл қақты да. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Сондықтан бұл – ойланатын жағдай. Екінші бір назар аударатын жайт. **Ресейдің «Ар-ождан бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы бойынша Ресейде он бес жыл заңды тұлға ретінде тіркеліп жұмыс істеген діни ұйымдарды ғана қайта тіркеуден өткізіп, олардың діни қызмет етуіне рұқсат береді. Мұндай талап біздің заңнамада жоқ.** Заңнамамызда мұндай талаптың жоқтығы, сөз жоқ, мемлекеттік қауіпсіздікке орны толмас нұқсан келтіретіні айдан анық. Мұндай аса маңызды мәселеге дереу назар аудармасак болмайды.

Сосын, Ресей аумағында кемінде елу жылдан астам заңды негізде қызмет еткен діни ұйымдарға ғана мемлекеттік тіркеу кезінде «Ресей», «Ресейлік», «Орыс» деген секілді сөздерді анықтауыш ретінде қосуға (жазуға) рұқсат етіледі (8 бап, 5 тармақ). Ал бізде кезінде «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ахмадия мұсылмандары жамағаты», «Қазақтың Ұлттық христиандық хоры» т.т. секілді атауларды қалағанынша оңды-солды тіркеп, пайдалана беруге мүмкіндік берілді. Бұл да, әрине, түбірлей дұрыс емес. Біздің тәптіштеп айтып отырғанымызды атам қазақ баяғыда-ақ «Төріңе

шығарсаң да, төбеңе шығарма» деп төрт-ақ сөзбен түйіп кеткен. Сондықтан мұндай мәселелер біз үшін жазылмайтын заң, айтылмайтын сыр ретінде елжандылық сезіммен, патриоттық көңілмен орындалса керек-ті. «Ойланбаған опық жейтінін» ескеру қажет.

Кез келген ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты екені аян. Адамы азған қоғам тез тозады, тұңғыққа кетеді. Қандай да бір ұлт өз алдына дербес өмір сүруден қаларда, ең алдымен, тілінен, ділінен, дінінен, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен, соның салдарынан бітім-болмысынан, жүріс-тұрысынан, тіпті жейтін тамағынан, ішкен сусынынан, әнінен, жырынан, аңыз-әңгімелерінен, күйінен, биінен, ұлттық музыкалық аспабынан жерігендей нышан танытады. Қазақ жұрты осының біразын қысыммен, біразын еліктеу арқылы, біразын жеңіл ойлылықпен, әсіре науқаншылдықпен ұмыта бастағанын көріп келе жатырмыз. Бір кездері батырларымызды, хандарымызды, билерімізді ашық айтқызбады. Тарихтың тағы бір бұрылысында Алаштың аймандай азаматтарының аты өшті. Одан кейінгі жерде олармен алысқандардың өзі де өмірден озды. Әліпбиіміздің өзі үш рет ауыстырылды. Бұдан, жасыратыны жоқ, ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан рухани құндылықтардың тіні – арқауы сөгіледі. Бұл – ащы да болса шындық.

Бүгінде жағдай өзгерді. Данышпан Абайдың бұдан бір жарым ғасыр бұрын: «...Жылдар ма, көп жылдар ма, оны болжау өз басыма оңай емес. Менен артық білгендер, алысты көретіндер, орыс қауымы-ның шын жақсы дана адамдары бәлкі жыл мөлшерін де айтар еді. Әйтеуір бір болжайтынымыз бар! Неғылса осы өздерің біліп, көріп тұрған дүние асты-үстіне келіп, астан-кестен бір өзгереді де жаңғырады. Одан арғы заман, сендердің ата-бабаң, арғы-бергі әруағың аңдап, болжап білмеген бір өзгеше заман болады!» (М.Әуезов «Абай жолы») – деп көрегендікпен болжағандай кезең туды. Кеңестік қызыл империя тарап, басқа елдер қатарлы біздің мемлекетіміз де дербестікке, тәуелсіздікке ие болды. Еліміз егемендігін алғалы бері қарыштап ілгері қарай дамып келеді. Етек-жеңімізді жинап жатырмыз. Жан-жағымызға қарайтын болдық.

Халқымыз қашанда бала тәрбиесіне өте-мөте көп көңіл бөлген. «Не ексең, соны орасың», немесе, «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген секілді даналықтар соны меңзейді.

Қазіргі кезеңде мұхиттан соққан дауылдай жағалауды дамылсыз ұрғылап, жер-жаһанға жылжып келе жатқан жаһандану дәуірі біздің елімізді де шарпымай өтуі мүмкін емес. Ол – әлем халықтарын ұлттық салт-дәстүрлерінен, мәдениетінен, тілінен, ділінен, жалпы, ұлттық ерекшеліктерінен, халықтық рухания-тынан айыратын, олардың ұлт ретінде өмір сүруін тежейтін, тіпті жойылып кетуіне бастайтын ғаламдық қауіп. Жаһандану үрдісіне өзінің ұлттық менталитетін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, тілін, дінін, ділін сақтай білген халық қана төтеп бере алады. «Сақтансаң сақтаймын» дегендей, бүкіл ел болып, халық болып сақтансақ қана жаһанданудың дәуірі күшінен аман қалатынымыз айдай ақиқатқа айналып отыр. Ар-ұяттан, адамгершілік асыл қасиеттерден жұрдай тәні жалаңаш, тек ақша мен табыс табуға негізделген батыстың «озық мәдениетіне» бой алдырмау үшін біз әуелі жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға, мәдени-етке, ата-бабамыздың көнеден келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарына, адамгершілік қасиеттеріне, ұлтын сүйетін ұлтжандылыққа, елі мен жері үшін күресетін патриотизмге тәрбиелеуіміз керек. Бұл айтыл-ғанның бәрі – ұлттық тәрбиенің құрамдас бөлімдері. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың ұлттық тәрбиені өрістету жөніндегі ой-пікірлері мен ұсыныстары осыдан туындап отырғаны айтпаса да түсінікті. «Ел боламын десең, бесігінді түзе», – дейді ұлы суреткер М.Әуезов. Олай болса, жаһанданудың дәуірі толқын-дарына жұтылып кетпей қазақ болып қаламыз десек, тілімізді, дінімізді, ұлттық болмысымызды сақтап қалуымыз керек. «Дін – тәрбие дінгеі» демекші, бұл арада төл дініміздің баға жетпес рухани құндылық-тарын орнымен пайдаланғанымыз абзал. «Маскүнем мұжықтан шоқынған қазақ қауіпті» деген афоризм-нің терең мәніне үңілгеніміз жөн. Өйткені, қазіргі таңда шоқынып, басқа дінге еніп жатқан қандастары-мыз бізді алаңдатпай қоймайды. Азын-аулақ ақшаға алданып, бөтен діни ағымдарға ілесіп жүрген азамат-тар «ұлттық қалпын сақтап қалады, Отаның, елін сүйеді» дегенге сену қиын. Жастарымыз жаппай әртүрлі діни ағымның шылауында кете берсе, түбі ұлт болып қалуымыз да екіталай болады.

Олай болса жастар арасында ұлттық тәрбиені өрістету үшін, діни тәрбиені жолға қоюымыз жөн. Бүгін-де біздің дін саласының бұқара арасында діни тәрбиені өрістетуде дәрменсіздік танытып отырғаны – ащы да болса шындық. Мәселе халықты жаппай жүз пайыз намазға жығуда емес, әңгіме төл дініміз – Ислам-ның ізгілікті қағидаттарын бұқараның санасына сіңіріп, тазалыққа, адамгершілікке, имандылыққа, мейірімділікке баулу, күндердің күнінде ғайыптан тайып келіп мемлекет ішінде әр қилы бөгде ықпалдар салдарынан алауыздық тумауын алдын ала ойлау болып табылады. Осы арада Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев-тың: «Ислам – дүниежүзілік дін. Екі миллиардқа жақын халық мұсылман дініне бағынады. Сондықтан халық осындай нағыз таза мұсылманның, Құранның жолымен жүретін болса, ол елге жақсылық әкеледі, әр адамның өзіне де жақсылық әкеледі»

деген ұлағатты сөзі қаперімізде жүргені абзал. Шын мәнінде бүгінде бізде нақтылы діни наным-сенім әлі толық қалыптаспай отыр. Ал тұрақты **сенім** жоқ жерде істің бәрі зая кетеді. Сонымен бірге қазіргі таңда үлкеннің де, кішінің де діни білімі жетіспей жатыр. Мұның өзі нағыз дін мен жасанды діни ағымдардың ара жігін ажырата алмай көптеген адамдардың адасуына әкеліп соқтыруда. «Біз бұқара санасындағы діншілдіктің артуына әзір болуымыз керек, – дейді Елбасы, – Жалпы, дін өздігінен өнегелі ақиқаттан бөтен ештеңе үйретпейді. Жалғыз-ақ бізге қауіп төндіретіні діни біліміміздің онша жоғары болмай отырғаны...» Орынды айтылған сөз.

Ал енді діни білім әуелі отбасында, мектеп қабырғасында, сонан соң жоғары оқу орындарында «Дінтану» курсына тиісінше оқыту арқылы қалыптасады. Сондықтан әр буынға лайық сауатты да сапалы «Дінтану» оқулықтарын көптеп шығарып, бұдан дәріс беретін мамандардың сапасын жақсартуымыз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейді.

Әр ұлттың ғасырлар бойы жинақталған өмір сүру салты, тарихи тұрғыда қалыптасқан өзіндік мораль-дық құндылықтары болатыны белгілі. Сол рухани байлық қоғамның құқықтық құжаттарында, діни сенім-нанымдарында, әдеби-мәдени мұраларында көрініс тауып, мемлекеттік мүддеге қызмет атқарады... Егер де ұлт тәрбиесінде имандылық иірімдеріне көңіл бөлсек, онда өскелең өмір ауаны бүгінгі біздің алдымыз-ға қойып отырған интеллектуалды ұлт, жастардың қазақстандық патриотизм сезімдерін қалыптастыру міндеттерін жүзеге асыру қиынға соқпайды. Өйткені, имандылық қасиеттер – интеллектуалды ұлт тәрбие-леудің, елжандылық қасиеттерді меңгертудің бірден-бір негізгі жолы.

Сондықтан **ана тіліміз, ата дініміз, ұлттық тәрбие – ұлттық мүддеге, мемлекеттік игі мұраттарға, байтақ еліміздің ең үлкен байлығы саналатын көпұлтты халқына**, олардың береке-бірлігіне, ырысты ынтымағына қызмет ететін рухани құндылықтар. Олай болса, осындай маңызды мәселелерге көңіл төрінен орын берген жөн.

1. ҚР Заңы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы», 15 қазан, 2011 ж.
2. Нуртазина Н. «Борьба с исламом. Религиозная политика Советской власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века» - Алматы, 2008, - 18 б.
3. «Егемен Қазақстан», 6 қыркүйек, 2011 ж.
4. Сабри Хизметли. Орта Азия Түрік Республикаларындағы зиянды ағымдар және миссионерлік - Алматы, 2006, - 250 б.

Түйін

Мақалада қазіргі қоғамдағы діннің алатын орнының, қызмет ауқымының ұлғая түсуі, сол арқылы оның мерей-мәртебесінің өсе түсуі, діндарлар мен діни ұйымдардың санының артуы, діни сенімге байланысты әр түрлі жағдай-лардың ел назарын аударуы ауқымында қарастырылады.

ДЛЯ ЗАМЕТОК
